

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚАСЫ

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ  
Әділбек ҚАБА

БАС РЕДАКТОР  
Ерден ҚАЖЫБЕК

БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ  
Бижомарт ҚАПАЛБЕК

РЕДАКЦИЈА АЛҚАСЫ  
Смағұл ЕЛУБАЙ

Ауыт МҰҚИБЕК

Ғабит АБЗАЛБЕК

Қанағат ОРАЗОВА

Серік ЕРҒАЛИ

Бабақұмар ХИНАЯТ *(Венгрия)*

Асай РӨМІШ *(Моңғолия)*

Сәуле СОВХОЗҚЫЗЫ *(Ресей, Орынбор)*

Кадыйша АБДЫБЕКОВА *(Қырғызстан)*

Роза БАҚБЕРГЕНОВА *(Түркия)*

Клара САДЫРБАЕВА *(Өзбекстан)*

Әділет АХМЕТҰЛЫ *(Қытай)*

ЖАУАПТЫ ХАТШЫ  
Асан АМАНГЕЛЬДИЕВ

---

МЕНШІК ИЕСІ:  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің  
Тіл саясаты комитеті

Альманах Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің  
Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп,  
2007 жылғы 23 шілдеде № 8514-А кәуәлігі берілген.

## МАЗМҰНЫ

### ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Дихан Қамзабекұлы. «Әдебиет танытқыш» - әлемдік құндылық.....	4
Dihan Qamzabekūly. «Äebiet tanytqyş» - älemdik qūndylyq.....	12
Бижомарт Қапалбек. Ахмет Байтұрсынұлы халық мұрасын түгендеуші.....	19
Bijomart Qapalbek. Ahmet Baitürsynūly halyq mūrasyn tügendeuşi.....	22
Айман Абасилова. Ұлт ұстазының Қызылорда кезеңі.....	24
Aiman Abasilova. Ūlt ūstazynyñ qyzylorda kezeñi.....	29

### ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ТЫНЫСЫ

Ташкентте «Орталық азия елдерінде ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету» атты халықаралық конференциясы өтті.....	33
Қазақ көшінің Түркияға қоныстанғанына – 70 жыл.....	34
Шетелден келген қазақ өнерпаздары Тараз жұртын өз өнерлерімен тәнті етті.....	37
Şetelden kelgen qazaq önerpazdary taraz jūrtyн өз önerlerimen tänti etti.....	39
شەتەلدىن كەلگەن قازاق ونەرپازدارى تاراز جۇرتىن өз ونەرلىرىمەن تانتىتتى.....	41

### ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ

Әбутәліп Орынғазы. Амал атауларындағы лингвомәдени танымдар.....	43
Äbutälip Oryngazy. Amal ataularyndağy lingvomädeni tanymdar.....	47
Полатова Айнұр. Оғыз тобы тілдері бойынша (түрік, әзірбайжан, түрікмен) фразеология саласындағы зерттеулер ерекшелігі.....	51

### ТҮБІ БІР ТҮРКІ

Сабыр Мұрат. Түркітану ғылымында қазақ тілі тарихын арғы дәуірлерден бүгінге дейін зерттеу мәселесі.....	58
Түрколог Бақытгүл Құлжановамен СҰХБАТ.....	65

### ШЕТЕЛ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Көбен (Көпжасар) Асқарұлы. Халыққа жасалған алғашқы қастандық немесе атышулы «Маулиев делосы».....	70
Halyqqa jasalğan alğaşqy qastandyq nemese atyşuly «Mauliev delosy».....	75
ӨЛЕҢДЕР Байыт Қабанұлы.....	79
Ерлан Нұрдықанұлы.....	83
Құдыс Дәуітұлы Шолпан. Түркиядағы қазақтардың әлеуметтік жағдайына қысқаша шолу.....	87

### ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ

Қазақтың ұлттық спорт түрлері.....	95
Сөзжұмбақ.....	98
Sözjūmbaq.....	99

## АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі оқырман! Сіздерге «Туған тіл» альманахының төртінші санын ұсынып отырмыз. Онда мынадай айдарлар қамтылған: «Ұлт ұстазы», «Лингвомәдениеттану», «Түбі бір түркі», «Шетел қазақтарының тынысы», «Шетел қазақтарының шығармашылығы» және «Қазақтың ұлттық спорт түрлері».

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Ұлт ұстазы» айдарында әдеттегідей ғалымдарымыздың Ұлт ұстазының өмір жолы мен шығармашылығы қатысты ғылыми мақалаларымен таныса аласыздар. Айдарда ҚР ҰҒА академигі Дихан Қамзабекұлының ««Әдебиет танытқыш» - әлемдік құндылық» және филология ғылымдарының кандидаты Бижомарт Қапалбектің «Ахмет Байтұрсынұлы халық мұрасын түгендеуші» сынды мақалары берілген.

«Шетел қазақтарының тынысы» айдарында Өзбекстанда өткен «Орталық Азия елдерінде ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету» атты халықаралық конференциясына шолу, Шетел қазақтарына арналған Тараздағы өнер сайысының қалай өткендегі, сондай-ақ Қазақ көшінің Түркияға Қоныстанғанына 70 жыл толуына орай өткізілген Түркия еліндегі мереке жайлы жаңалықтармен таныса аласыздар.

«Түбі бір түркі» айдарында әдеттегідей түркология саласына қатысты зерттеу еңбектері мен жаңалықтармен таныса отырып, түрколог ғалым Бақытгүл Құлжанованың журналымызға берген сұхбатын оқи аласыздар.

Альманахтың «Лингвомәдениеттану» атты айдарларда филология ғылымдарының кандидаты Орынғазы Әбутәліптің «Амал атауларындағы лингвомәдени танымдар» атты ғылыми мақаласы және жас зерттеуші Полатова Айнұрдың Оғыз тобы тілдері бойынша фразеология саласындағы зерттеулер ерекшеліктеріне арналған зерттеу мақаласы берілген.

Журналдың «Шетел қазақтарының шығармашылығы» айдарында қазақ ақын ұл-қыздарының әңгімелері мен өлеңдері ұсынылып отыр. Сонымен қатар, бұл номерде қазақтың ұлттық спорт түрлерімен кеңірек танысып, ұлттық өнерге қатысты мағлұмат ала аласыздар.

Альманах Қазақстан оқырмандарына емес, негізінен шетелдегі қазақ диаспораларына арналғандықтан, бірқатар мақалаларды латын әліпбиімен және төте жазумен беріледі.

Редакция алқасы





## ДИХАН ҚАМЗАБЕКҰЛЫ

*Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университетінің  
проректоры, ҚР ҰҒА академигі*

# «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» - ӘЛЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚ

1926 жылы сол кездегі астана Қызылордада беттеліп (әрине, цензурадан да өтіп), Ташкентте басылған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» зерттеуі немесе оқу құралы - XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы деңгейін көрсететін іргелі де ізашар еңбек.

Бұл маңызды кітап неге Ташкентте жарияланды?

Біріншіден, әрине, типография мәселесіне байланысты. Түркістан автономиясы (мұхтарияттан кейінгі) тұсында осы қалада төтеше қаріппен қазақша бірнеше газет-журнал жарияланып, баспахана толыққанды жұмыс істеп тұрды.

Екіншіден, осы қалада «Кирипрос» (сол кездегі атауы) негізінде 1926 жылы Қазақ университеті (жалпылама ныспысы - «КазПедВуз») ашылып, 1928 жылы Алматыға көшірілді. Бұл – Ташкенттегі осы оқу орнына қазақ ғылыми-ағартушылық әлеуеті топтасты деген сөз.

Үшіншіден, 1921 жылы А.Байтұрсынұлы Орынборда ашқан Академиялық орталық сынды құрылым және «Талап» мәдениетті көркейттушілер қауымы Ташкентте жұмыс істеп тұрды. Оның басы-қасында Х.Досмұхамедұлы, М.Тынышбайұлы, М.Жұмабай, М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы т.б. жүрді.

Біз «Әдебиет танытқыш» зерттеуінің немесе оқу құралының жазылуы 1921-1922 жылдан басталды деп санаймыз. Себебі, А.Байтұрсынұлы 1920-1921 жылдары Халық ағарту комиссары (министр) қызметінде жүріп салалық оқулықтар мен оқу құралдарының жазылуына мұрындық болды. ҰҚК және басқа да архив деректерінде Ақаңның «мойнындағы тапсырмалар» тізімінде «Теория словесности» (кейде «Теория литературы») кітабы көрсетілген.

Енді еңбектің атауына келейік. Неге ол Ақаңның басқа кітаптарындағыдай «Көркем сөз қисыны» немесе «Әдебиет-құрал» емес? Бұл атау (әдебиет та-

нытқыш) А.Байтұрсынұлының негізгі миссиясынан туындайды. Яки «қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту» дегенге саяды.

Бұл тұста мына мәселені де айқындап алайық. Бүгінде біз үшін ұлт өнер тануы мен мәдениет тануының басы болып ұғынылатын «Әдебиет танытқыш» тақыр жерге шыққан жоқ. Оны өмір жүзіне әкелген – адамзаттың ақыл ойы. А.Байтұрсынұлы заманынан озық туған білікті, парасатты тұлға ретінде көркем өнер туралы адамзат ғылымы қисын-ережесімен қазақтың телегей-теңіз рухани мұрасын талдап бере алды. Ұлт әдебиеті ерекшелігін, сипатын, өрісін көрсете білді. Сол себепті бұл зерттеу – әлемдік құндылық.

Ізденгіш, сұңғыла А.Байтұрсынұлы Аристотель, әл-Фараби, ибн Сина, Ломоносов, Лессинг, Гёте, Гегель т.б. тұлғалардың өнер, көркем сөз туралы ой-пайымдарымен, өзіне дейінгі Эжен-Мельхиор де Воюэ («Le roman russe» / «Русский роман», 1886), Александр Потебня («Из записок по теории словесности», 1905), Александр Веселовский («Поэтика», «Поэтика сюжетов», 1913), Флориан Знанецкий («Cultural Reality» / «Реальность культуры», 1919) еңбектерімен, «Әдебиет танытқыш» жазылып жатқан тұста газет-журналдарда, түрлі басылымдарда үзіндісі басылған Борис Томашевский («Теория литературы. Поэтика», 1925), Виктор Жирмунский («Вопросы теории литературы», 1928), Григорий Винокур («Критика поэтического текста», 1927) зерттеулерімен біршама танысқан деуге негіз бар. Түркі дүниесінен XX ғасырдың бас ширегіндегі өзі қоян-қолтық байланыста болған татар әдебиеттануы көшбасшылары Жамал Уәлиди, Ғалымжан Ибрагимов, Ғабдрахман Сағди, Ғалымжан Ниғматти, Ғазиз Ғұбайдуллин, Ғали Рахим т.б. пікірін шолғаны да байқалады.

Әлбетте, А.Байтұрсынұлы әдебиеттанушылық айналасы орыс, татар немесе аударылған әлем классиктері еңбектерімен ғана өлшенбесе керек. Мұны осы «Әдебиет танытқыштың» өзіндегі мына жолдар айқын аңғартады: «Екінші тілдерде екпін буыны сөздің бәрінде бірыңғай бір орыннан табылады. Мәселен, пырансоз, шеқ\* тілдерінде екпін буыны аяғына келеді... Екпін буыны аяғына келетін сөздерімен қазақ тілі пырансоз тіліне ұқсас, екпін буыны аяққа таяу келетін сөздерімен поляк\* тіліне ұқсас» (\*1926 жылғы кітап нұсқасында осылай). Сонда Ақаң француз, чех, поляк тілі, көркем өнері ерекшелігін білген болып шықпай ма?

Біз Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» мазмұн жағынан ұлттың көркем өнер бітімін толық аша алғанын айтуға мүдделіміз. Ақаң осы еңбек хатқа түсіп жатқан кезеңде ел ақын-жазушыларының басын қосуды жоспарлағанын, бірақ ол объективті-субъективті жағдайға байланысты өтпей қалғанын түсіндіріп «Қалам қайраткерлері жайынан» атты мақала жазды (*Еңбекшіл қазақ» газеті, 08.07.1922 жыл*). Осында қаламгер: «Қазақ мәдениеті жәуіт, неміс, орыс, қатта ноғай мәдениетіндей болса, «қазақ», «қазақ» деп қайыра сөйлеп, ауыз ауыртып әуре болмай-ақ «көшпен бірдей көрер» деп қояр едік. Қазақ айрықша сөз болатыны – халі айрықша болатындықтан», - деп жазады.

«Әдебиет танытқыш» - көркем өнердің болмысы мен құрылымын, қазақ әдебиетінің ерекшелігі мен сипатын, әдеби үдерістің мәнін, жанрлар қалыпта-





суының қоғам тағдыры мен талғамына қатысын, сөздің - өнерге, өнердің – пән ғылымына айналу жолын, сөз жүйесі мен ой жүйесінің мәйегін, өлең мен қара сөздің пішіндік, мазмұндық құрылысын, ауыз әдебиет пен жазу әдебиеттің дара соқпағын, басты жанрлар мен оның ішкі бөліністері қағидаттарын, әдебиет пен дәуір, әдебиет пен сана, әдебиет пен діл, әдебиет пен ой, әдебиет пен мүдде қарым-қатынасы жайын жік-жігімен түсіндіріп беретін ұлттық білім, таным, ғылым, әдістеме, әдіснама кешені.

Мұндағы әдебиеттану мен дүниетанымға байланысты 350-де аса термин (пән сөзі) мен атаудың бәрі де ұлт ұғымына суарылған, халық түсінігіне жақындатылған. Ақаң фольклор мен авторлық әдебиетті алаш парасатының, дүниені тануының кілті ретінде қарағанын және соған сай көркем өнер мазмұнындағы рәміз, белгі, түспал т.б. айқын көргенін аңғарамыз.

А.Байтұрсынұлы: «Көркем сөз – көңіл тілі, жалаң сөз - зейін тілі. Жалаң сөз - зейін байлығына қарайтын нәрсе, көркем сөз - қиял байлығына қарайтын нәрсе. Жалаң сөз дүниені тұрған қалпында алып айтады. Көркем сөз дүниені көңілдің түйген, қиялдың меңзеген әліпіне түсіріп айтады. Жалаң сөз айтқанын ақыл табуынша дәлелдеп, мәністеп, хақиқат түрінде айтады. Көркем сөз айтқанын қиял меңзеуінше бейнелеп, әліпттеп, көбінесе ұйғару түрінде айтады, жалаң сөз дүниеде шын болған, шын бар нәрселерді әңгіме қылады», - дей отырып, сөз бен сана, сөз бен бейне байланысынан туындайтын ерекшелікті тұжырымдап жеткізеді.

Бүгінгі ғылым тіл білімі және әдебиеттану деп жіктеген филология нысанын Ақаң қарапайым тілмен, сала мамандарына да, жалпы көпшілікке де ұғынықты сөзбен былайша байыптатады: «Шығарманың екі жағы бар: 1) тысқы тіл жағы; 2) ішкі пікір жағы. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы екіге бөлінеді: 1) шығарманың тілінің ғылымы; 2) шығарманың түрінің ғылымы. Тілінің ғылымы дыбыстардың, сөздердің, сөйлемдердің заңынан шығатын тіл өңінің жүйелерін танытады. Түрінің ғылымы сөз өнерінен шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүйелерін танытады. Сондықтан сөз өнерінің ғылымы шығарманың тіл өңі жағынан - тіл я лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан - қара сөз жүйесі, дарынды сөз жүйесі болып бөлінеді». Мұны «тіл-әдебиет әліппесінің әліпті ережесі» деуге де болады.

Әдебиеттану көшбасшысының: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау; қиял ісі – меңзеу яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі – түйю, талғау», - деп әдебиеттің мәні мен арқауын нақты жеткізуін де әрі шеберлік, әрі тапқырлық дер едік. Аз сөзге көп мағына сыйдыру осындай-ақ болар.

Сөз өнерін ғылым ретінде қарай келе, Ақаң: «Сөз өнерінде жұмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы – тіл деп аталады. Сөз өнеріне жұмсалған сөз шумағы да – тіл я лұғат деп аталады. Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі; 2) әншейін тіл. Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз. Әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз» деп түйіндейді. Осы анықтамадағы «зат» деген

ұғым тіл мен өнердің мән-мазмұнын, көркемдігін ашатын жанды тетікке айналғанда, түсінік пен таным ауқымы кеңейе түседі.

«Әдебиет танытқыш» - бүгінгі әдебиеттануға жол ашқан жанрлық жіктеудің яки бөлудің басында тұрған еңбек. Мұнда фольклор («ауыз әдебиет») жанрлары, «діндар дәуір» әдебиеті жанрлары, «сындар дәуір» әдебиеті жанрлары айқындалып, іштей сараланған. Осы жіктеуді - ұлт ғалымына, тіпті Түркі дүниесі әдебиеттануына А.Байтұрсынұлы енгізген жаңалық деп ауыз толтырып айта аламыз.

«Қазаққа жазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде молдалық қылып, дін үйретушілер - бала оқытушы қожалар, ноғай молдалар болған себепті жазба сөзді шығарушылар да - бастапқы уақытта солар», - деген Ақаңның астарсыз сөзі қазақ әдебиеттануы атеистік заманда айта алмаған ақиқатты дөп белгілейді. Мұны ағартушы тілге де қатыстырып орайлы жеткізе алды. Қазақ жазуы мен тілінің реформаторы, ағартушы-жәдитшіл Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге ауыстырам деу құр әурешілік. Қазақты діннен айыруға болмаса, жазуынан да айыруға болмайтын жұмыс», - деп тұжырымдады (*Бастауыш мектеп // «Қазақ» газеті, 09.05.1914 жыл*). Ағартушы айқындаған әдебиетіміздегі «Діндар дәуірі» - ұлттың көркем өнер, парасат, дүниетаным бағдарындағы ізденіс, инсани келдікке ұмтылу айнасы. Санаткердің міндеті – барға немесе болғанға анық баға беру.

Бұдан шығатын қорытынды: Ақаң «Әдебиет танытқыш» арқылы ұлт әдебиетінің (тілінің де) табиғи қалыптасып-даму үдерісіндегі тұтас дәуірді, оның пішіні мен мазмұнын сипаттайтын ерекшелікті бағамдап берді. Зерттеуші-ағартушы анықтаған осы діндар дәуірінің қисса, хикаят, насихат, мінәжат, мақтау, даттау, айтыс, толғау, намыс яки соғыс толғауы, марқайыс толғауы, терме сынды ішкі түрлерін замана аясында түсіндірудің де, кейінгі әдебиеттанудың даму кезеңінде «бөлек отау алып шыққан» жүйесін байыптаудың да жөні бар. Бізге бағалысы – Ақаңның танымы мен түсінігі және оған негіз болған алғышарттар.

Біз қазір роман, повесть, поэма, новелла деп жүрген жанрларды А.Байтұрсынұлы «сындар дәуірінің» ертегі жыр, ұлы әңгіме яки роман, әуезе жыр, тарихи жыр, ұзақ әңгіме, аңыз өлең, әңгіме, көңілді сөз, мысал сынды әуезе түрлері ретінде ажыратады. Сондай-ақ бүгінгі әдебиеттануда поэма жанрына енетін шығарма түрлерін әдебиеттанушы ертегі жыр, тарихи жыр, әуезе жыр, аңыз өлең деп бағамдайды. Бұл да – жанрды анықтау мен жіктеудің табиғи талғамы, көркемдік тұжырымға ұлттық мазмұн беру деуге келеді. Ақаңның осы ұстанымы толғау түрлерін сап толғау, марқайыс толғауы, налыс, намыстаныс, сұқтаныс, ойламалдау, сөгіс толғау, күліс деп бөлуінде де айқын аңғарылады.

Саланың пән сөздері айқындалып, ішкі мазмұн мен атау бірлігі үйлесімге түсіп жатқанда «айтыс-тартысты» (еуропаша «драма») сындар әдебиетінің елеулі түрі ретінде белгілеп, ол (жанр ерекшелігі) «ішкі ғалам мен тысқы ғаламның түйіскенінен» шығатынын дәлелдеуі де ұлт зерделік танымына сәйкес



шыққан. Ал сол жолдағы ұстасуды – байланыс, шиеленіс, шешіліс, ұстастыруды – әлектеніс, азаптаныс, әуреленіс деп жіктеуі халық дүниетанымының ішкі қуатын дөп басады.

А.Байтұрсынұлы өз тұсындағы әдебиет немесе әдебиеттанудың түрлі алаңдарындағы ой-пікірлерді де қаперінен тыс қалдырмайды. Еңбегінің бір жерінде: «Ауыз шығарманы (анайы әдебиетті) ауыз сөз деп қана атап, жазба шығарманы (сыпайы әдебиетті) ғана танушылар бар. Бірақ қалай да асыл сөздің бәрі де тілдегі әдебиет есебінде жүріледі» деп, ала-құла таным үдерісінен хабар берсе, тағы бір жерде экспериментшіл футуристерді (1910-1920 жылдардағы «жаңашыл» өнер түрі) «жорғаға келмегендерді жорға деуге болмайды» дей отырып: «Бұл заңнан тысқары бағытпен жол саламыз дейтін «пұтыршылар» деген бар, бірақ олардікі - әлі жол санына кірмеген жоспар сияқты нәрсе» деп, түйреп өтеді.

Енді бірауыз сөз «Әдебиет танытқыш» текстологиясы мен кітапта А.Байтұрсынұлы пайдаланған мәтіндер мен олардың авторлары туралы.

**Осы тұста ахметтанушыларға әлем тәжірибесінде бар мынандай ой тастағымыз келеді:** қазір негізгі қолданыста жүрген нұсқаны «түпнұсқа» деп атамай, «Әдебиет танытқыштың» Қызылорда-Ташкент нұсқасы» деу қисынды. Өйткені, түпнұсқа болатындай Ақаңның өз қолжазбасы әзірше табылған жоқ. Ал, «Қызылорда-Ташкент нұсқасының» түпнұсқа бола алмайтыны – мәтінінде біршама техникалық қате кездеседі яғни теруде, көшіруде, басуда кеткен объективті факторлар бар. Оны ақылдаса отырып түзету – уақыт талабы.

Бұған үш-төрт мысал келтірсек, қарапайым оқырманның өзіне де түсінікті болады.

1) Ақаң түйдектей сөйлеуге мынандай мысал келтіреді: «Бақ – ерікте, ерік – ерлік пен бірлікте, ерік – ұранымыз, бірлік – құранымыз болсын (Шырша)». Осында біз бөлектеген (курсив) екінші «ерік» - «ерлік» болып жазылуы тиіс екені бесенеден белгілі. «1926 жылғы нұсқанының» 71-бетін қарасақ, онда да техникалық қателікпен қайталана «ерік» болып қатталыпты.

2) «Сарындаманың» салт сөзі – ділмар сөзіне Мырзан би тапқырлығы мысалға алынған. Соның астына дерек көзі ретінде «Ыбырайұлы Тұрман жинағынан» деп көрсетілсе («1926 жылғы нұсқа» бойынша 193-бет), бір мысалдан кейін-ақ сол дерек берушінің ныспысы «Шорман» болып кетеді («Ыбырайұлы Шорман жинағынан» 194-бет). Бұл да – техникалық қате.

3) «Тақпаққа» 4-мысал ретінде берілген «құрастырылып қосылған мақалдарды» қарайық («1926 жылғы нұсқа» бойынша 197-бет):

«Дауыл болмай жауын болмас,  
Жауын болмай қауын болмас,  
Ит баласы сауын болмас.  
Екі дау адағы ауыл болмас,  
Ауыл болса да тәуір болмас...».

Осындағы курсивпен жазылған жолдан не түсіндіңіздер? Қазіргі «Әдебиет танытқыш» нұсқа-басылымдарының бірінен-біріне көшіп жүрген «екі дау



адақ» жұмбағының шешуі халықтың қаймағы бұзылмаған қара өлеңі мен мақалында тұр («Екі жалқау ауыл болмас, Ауыл болса да тәуір болмас»). Яғни 1926 жылы басылуда техникалық қате кеткен. Енді сондай қателікті қайта жариялай бергеннен май шықпасы анық. Ең бастысы, ол Ақаң өсиетіне – ұлт сауаттылығына қиғаш.

4) «Ғұрып сөзіне» мысал ретінде «Кете Шернияз ақынның Баймағамбет пырабийтылдың қызы Ақыл Қаныкейдің тойын бастаған» өлеңі ұсынылған. Осындағы мына үзіндідегі жол кейінгі жинақтарда әр қилы жазылып жүр:

«Құдайым қуат бергей таңдайма,

Әр түрлі өлең келді жағдайыма.

Тойында Байекеңнің сөз сөйлейін,

Бітпесе есек қылы маңдайыма...» (1926 жылғы нұсқада 201-бет).

Осындағы «есек қылы» не? Ақаңның 1989 жылы қайта басылған жинағында да осындай (251-бет). Ал, 2003 жылғы жинағында (304-бет) – «өсек қылы». Ал, Шернияз Жарылғасұлы өлеңдері енген мұрада (*Алматы: «Нұрлы Press» баспасы, 2014.- 214-бет*) – «есек желі». Көрдiңiздер ме, ойланатын-ақ мәтiндiк мәселе. Сұрақ туады: бәлкiм бұл да «1926 жылғы нұсқада» кеткен техникалық қате ме екен? Шернияз арнауының сатиралық реңкi басым. Сондықтан әлгi «есек қылы», «өсек қылы», «есек желi» болып құбылған тiркестiң түпнұсқасы – «есек жемi»-ау деп ойлаймыз. Себебi, терi ауруының бiр түрiн – «есекжемi» (орысша «крапивница») деп атайды. Өлеңнiң логикасына қарасаңыз, жара екенi шамаланады. Қыл бiтпейдi, жабысады немесе түседi...

Ақыры текстология деп қалдық, онда ең басты мәселені де айтуға пейілдіміз. Бұл - жалпы алаштанушыларға (өзіміз де бармыз), соның ішінде нақты ахметтанушыларға қарата айтылған сын. А.Байтұрсынұлының «ақталғанына» 34 жылдай уақыт өтті, неге осы тұлғамыздың басты кітабының бірі – «Әдебиет танытқышты» әлі толық және ғылыми түсініктерімен жариялай алмай жүрміз? М.Дулатұлының «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы № 6 (21) санына қосымша ретінде шығарылған «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. 2-бөлім» атты мұраны шолсақ (*Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы*), 1926 жылдың қаңтарынан 1927 жылдың маусымына дейін шыққан еңбектер ішінде «Байтұрсынұлы Ақымет. «Әдебиет танытқыш». Қызылорда – Ташкент. 284 бет. Бағасы 1 сом 35 тиын» деген дерек шығады. Енді қолымыздағы «Әдебиет танытқыштың» 1926 жылғы нұсқасының ксеро-көшірмесіне қараймыз. Мұнда (бас-аяғы яки титулдық беті мен мазмұны жоқ) - 282 бет. Тағы сұрақ кескестейді: екі бет - «Сөз бастары» («Мазмұны») ма, жоқ соңындағы бірер беттей материал табылмай тұр ма? Мұны бір деңіз.

Екінші, біз кейінгі нұсқаларда көп нүкте қойылып кеткен жерлерге (мысал арасында) таңғалатынбыз. «1926 жылғы нұсқаны» қарап, сол көп нүктелерді тағы көрдік. Жұлдызшамен («келесі мәтін» деген сөз) бөлгеннің өзінде 4 жолдан 8 жолға дейінгі шумақтарға нүкте қойып кете берген. Барлық жазбасына мұқият Ақаң бұл жердегі мысалдарды ұмытып кетуі мүмкін бе? Біздіңше, мүмкін емес. Баспаның әр қарпі, әр беті қаржыға тірелетін заманда «бұл не де-



ген батпан құйрық»? Сондықтан біз бұл «көп нүктелердің» бәрін «цензорлар жұлып тастаған мәтін» деген тоқтамға келдік. Әлем баспасөзі тарихындағы «ақтаңдақ» деген – осы.

А.Байтұрсынұлының әдебиеттануға қатысты кітабында мысал алынған мұралар, авторлар (ақын-жазушылар) шығармалары өте көп.

«Қобыланды батыр», «Шора батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар» эпостарынан, «Зарқұм», «Сал-сал», «Сейфұл-Мәлік» киссаларынан, тарихи «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» жырларынан, «Кеншімбаи мен Ақсұлу», «Жанақ пен бала», «Есентай мен Балық», «Жарылқасын мен Айқын» айтыстарынан, Мөңке би, Шортанбай, Мұрат, Жүсіпбек қожа, Әбубәкір, Сүгір, Шернияз, Нысанбай, Мәделі, Байтоқ, Досқожа, Орынбай, Шоқан Уәлихан, Ыбырай Алтынсары, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Ақан сері Қорамсаұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамеджан Серәліұлы, Нұржан Наушабайұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабай, Мұхтар Әуез, Смағұл Садуақасұлы, Бейімбет Майлыұлы, Сәкен Сейфоллаұлы, Қубала, Жүсіпбек Басығараұлы, молда Мұса, Алтыбас Ақмолда, Бұдабай, Жақып, Жорабай, Айқын, Жарылғасын, Сейдахмет т.б., шет жұрттан - Эзоп, Федр, Лафонтен, Крылов, Пушкин, Толстой, Ядринцев, Потанин т.б. шығармасынан үзінді, есімдеріне сілтеме үзінді, дәйек беріледі. Осы тізімнен тыс біршама бүркеншік есімдер мен жинақтардың құпиясын ашу да – ғылым шарты. Бұл – иен рухани байлық. Тіпті бұл мысалдар – теңіздің тамшысы ғана. Мұратанушылардың бәрі іздеп жүрген, Ақаң осы еңбегінде сілтемесін көрсетіп қоятын «Нұсқалыққа» (хрестоматия) десте-дестесімен енгенін шамалауға болады.

«Әдебиет танытқыштың» 1989 жылдан бергі басылымдарында (нұсқаларында) есім-сойы «Ыбырай Алтынсарин» деп көрсетілген тұлғамыз «1926 жылғы нұсқада» - Ыбырай Алтынсары (58-бет). Мұны техникалық қате деп ойламаймыз. Ақаң қазақ тілі заңдылығымен Лафонтенді – «Лабунтен», Крыловты – «Қырилоб» дейді (сол нұсқа, 262-бет). Бірақ сол бетте бір техникалық қате кеткен. Ол – Лафонтеннің туған-қайтқан жылы. «1926 жылғы нұсқада» 1763-1844 деп көрсетілген. Әлбетте, кітап сөресінде *Брокгауз бен Ефрон энциклопедиясы тұратын* Ақаңа француз мысалшысының 1621 жылы туып, 1695 жылы қайтқаны белгілі еді (Немесе: Лафонтеннен кейін бір автордың аты-жөні түсіп қалған, мынау соның туған-қайтқан жылы).

Мәтінтануда ұсақ-түйек деген болмайды. Тіпті қайбір таңба-дәйектердің де тарихи, рәміздік орны бар. «1926 жылғы нұсқада» ұғымдарды бөлектеп көрсету, жіктеу белгісі ретінде Ақаңның өзі түзген әліпби реті (бүгінгіден мүлдем басқа), рим цифры пайдаланылған. Өкінішке қарай, «Әдебиет танытқыштың» 1989 жылдан басталатын кейінгі нұсқаларында соның көбісі дерлік жоқ. Сондай-ақ құрастырушылар неге олай жасағанына түсінік те бермеген.

Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» - әр буын қайта оралып рухани нәр алатын, ұлт өнерін дәстүрлі таныммен, білікке суарылған

парасатпен байытатын еңбек. Мұны тек әдебиетші ғана емес, әлеуметтік ғылымдардың барша саласы өкілдері оқып, зерделей алады.

Махатма Гандиден қалған керемет бір сөз бар: «Егер әлемнің, айналамыздың өзгеруін қаласақ, біз сол өзгерістің өзі болуымыз керек!». Алаш тұлғаларында, соның ішінде А.Байтұрсынұлында да ұлтты серпілтуге жұмылған мұндай ой-пікірлер аз емес. Соның бір парасы «Әдебиет танытқышта» тұнып тұр.

«Халық басына қайғылы күндер туған заманда қайрат көрсетпеген азамат – азамат емес» (1989 жылғы нұсқа, 180-бет), «Жағатын опа сияқты тек көрік үшін ғана керек нәрсе шындықтың жүзін күнгейлейді» (210-бет), «Балалықтан шыққан адамға қайтадан балалық күйге түсуге мүмкін емес болса, анайылық күйден шыққан халықтарға анайылықтан туған нәрсеге ден қойып, иман келтіру мүмкін емес» (228-бет), «Молдалардан шыққан жазу әдебиет дінге қызмет қылса да, тілге қызмет қылмаған» (262-бет), «Күн сайын істеліп жатқан ұсақ істің ұлы іске ұласарлығы да, ұласпастығы да бар» (281-бет), «Бағындырған патшадан басын босатып алу – жұртқа соғыспен бірдей дәрежелі қиын іс» (288-бет) т.б. Үзінділер автор ой астарының кеңдігі мен тереңдігінен хабар береді. Әрбірінен біздің тарихымыз, бұралаң жолымыз көрінеді. Қазақстан ғылымы Ақаң мұрасынан мұндай мәнді сөздер мен пікірлерді мың-мыңдап тауып, қазіргі және болашақ ұрпақ үшін құнттап байыптаса, тек ұтады.

Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» кітабы арқылы мынандай нәтижеге қол жеткізді:

**Біріншіден**, қоғамның әлеуметтік-мәдени түсінігін, талғамын жетілдіріп, әдеби үдеріс, рухани мұра халық парасатымен, ішкі мүмкіндігімен, сарқымайтын қазынасымен өзектесетінін нақты мысалдармен дәлелдеді.

**Екіншіден**, бай дәстүрі бар, шығыс пен батыс құндылықтарын мейлінше игерген қазақ әдебиетіне ғылым нысанасымен қарады, тұңғыш рет әдіснамалық, теориялық қағидаттарды қалыптастырып, ішкі түзілісі мен мазмұндық-пішіндік ерекшелігіне баға берді.

**Үшіншіден**, өнертанудың, әдебиеттанудың қызметін айқындап, өнер мен әдебиеттің қоғамдағы мақсат-міндетін, орнын дәйектеді.

**Төртіншіден**, өнер мен әдебиетке қатысты ана тілімізде жаңа да орайлы пән сөздерін тауып, әлемдік аяда қазақ тілінің ғылым тілі ретінде мүмкіндігіне жол ашты.

**Бесіншіден**, әдеби үдерісті, жеке тұлғалардың шығармашылығын, рухани мұраның әдебиет тарихындағы рөлін түрлі ғылымдар (тіл білімі, философия, психология, әдебиеттану, жаратылыстану т.б.) ықпалдастығымен зерттеуді бастап, таптаурындыққа бармауды аманаттады.

**Алтыншыдан**, әлемдік ғылымдағы жүйелілік, сабақтастық, шынайылық қағидатын ұстанып, қазақ әдебиеті мен фольклорына тұтас құбылыс ретінде қарай алды.

**Жетіншіден**, салыстырмалы талдау әдісіне иек артып, ұлт тағдырының айнасы саналатын өнері мен әдебиетінің асыл арқауын, негізгі ерекшелігі мен сипатын бағамдады.



## «ӘДЕБИЕТ ТАНЫТҚЫШ» - ӘЛЕМДІК ҚҰНДЫЛЫҚ

1926-жылы сол кездегі астана Қызылордада беттеліп (әріне, сензурадан да өтіп), Ташкентте басылған Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» зерттеуі немесе оқу құралы - XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы деңгейін көрсететін іргелі де ызақар еңбек.

Бұл маңызды кітап неге Ташкентте жарияланды?

Біріншіден, әріне, типografia мәселесіне байланысты. Түркістан автонومیасы (мұхтарияттан кейінгі) тұсында осы қалда төтеşe қарыппен қазақша бірнеше газет-журнал жарияланып, баспахана толыққанды жұмыс істеп тұрды.

Екіншіден, осы қалда «Киринпрос» (сол кездегі атауы) негізінде 1926-жылы Қазақ университеті (жалпылама ныспысы - «КазПедВуз») ашылып, 1928-жылы Алматыға көшірілді. Бұл – Ташкенттегі осы оқу орнына қазақ ғылыми-ағартушылық әлеуеті топтасты деген сөз.

Үшіншіден, 1921-жылы А.Байтұрсынұлы Орынборда ашқан Академиялық орталық сынды құрылым және «Талап» мәдениетті көркейтушілер қауымы Ташкентте жұмыс істеп тұрды. Оның басы-қасында Н.Досмұхамедұлы, М.Тынышбайұлы, М.Жұмабай, М.Әуезов, Қ.Кемеңгерұлы т.б. жүрді.

Біз «Әдебиет танытқыш» зерттеуінің немесе оқу құралының жазылуы 1921-1922 жылдан басталды деп санаймыз. Себебі, А.Байтұрсынұлы 1920-1921 жылдары халық ағарту комиссары (министр) қызметінде жүріп салалық оқулықтар мен оқу құралдарының жазылуына мұрындық болды. ҰҚК және басқа да архив деректерінде Ақаңның «моиньдағы тасырмалар» тизимінде «Теория словесности» (кейде «Теория литературы») кітабы көрсетілген.

Енді еңбектің атауына кеілік. Неге ол Ақаңның басқа кітаптарындағыдай «Көркем сөз қисыны» немесе «Әдебиет-құрал» емес? Бұл атау (әдебиет танытқыш) А.Байтұрсынұлының негізгі мисиясын туындайды. Іаки «қазақта бай әдебиет бар, соның асыл мақсұтын таныту» дегенге сайады.

Бұл тұста мына мәселені де айқындап алайық. Бүгінде біз ұшын ұлт өнер тану мен мәдениет тануының басы болып ұғынылатын «Әдебиет танытқыш» тақыр жерге шыққан жоқ. Оны өмір жүзіне әкелген – адамзаттың ақыл ойы. А.Байтұрсынұлы заманынан озық туған білікті, парасатты тұлға ретінде көркем өнер туралы адамзат ғылымы қисын-ережесімен қазақтың телегей-теңіз рухани мұрасын талдап бере алды. Ұлт әдебиеті ерекшелігін, сипатын, өрісін көрсете білді. Сол себепті бұл зерттеу – әлемдік құндылық.

Издениш, сұңғыла А.Байтұрсынұлы Аристотел, әл-Фараби, ибн Сина, Ломоносов, Lessing, Гете, Гегел т.б. тұлғалардың өнер, көркем сөз туралы ой-піаймдарымен, өзине деінгі Ежен-Мелхиор де Vogіue («Le roman russe» / «Русский роман», 1886), Александр Потевния («Из записок по теории словесности», 1905), Александр Веселовский («Поэтика», «Поэтика сюжетов», 1913), Florian Znaneskii («Cultural Reality» / «Реальность культуры», 1919) еңбектерімен, «Әдебиет танытқыш» жазылып жатқан тұста газет-журналдарда, түрлі басылымдарда ұзіндісі басылған Борис Томашевский («Теория литературы. Поэтика», 1925), Виктор Жирмунский («Вопросы теории литературы», 1928), Grigorii Vinokur («Критика поэти-





ческого текста», 1927) zertteulerimen birşama tanysqan deuge negiz bar. Türkü dünüesinen XX ğasyrdyñ bas şiregindegi özi qoian-qoltyq bailanysta bolğan tatar ädebiattanuy köşbassylary Jamal Uälidi, Ğalymjan İbragimov, Ğabdrahman Sağdi, Ğalymjan Niğmati, Ğaziz Ğübaidullin, Ğali Rahim t.b. pikiryn şolğany da baiqalady.

Älbette, A.Baitürsynüly ädebiattanuşylyq ainalasy orys, tatar nemese audarylğan älem klassikeri eñbekterimen ğana ölşenbese kerek. Mūny osy «Ädebiat tanytqyştyñ» özindegi myna joldar aiqyn aňğartady: «Ekinşi tilderde ekpin buyny sözdñ bärinde biryñğai bir orynnab tabylady. Mäselen, pyransoz, şeq\* tilderinde ekpin buyny aiağyna keledü... Ekpin buyny aiağyna keletin sözderimen qazaq tılı pyransoz tiline ũqsas, ekpin buyny aiaqqa taiau keletin sözderimen polak\* tiline ũqsas» (\*1926-jylğy kitap nūsqasynda osylai). Sonda Aqañ fransuz, şeh, polak tılı, körkem öneri erekşeligin bilgen bolyp şyqpai ma?

Bız Ahmet Baitürsynülynyñ «Ädebiat tanytqyşy» mazmūn jağynan ũlttyñ körkem öner bitimin tolyq aša alğany aitua müddelimiz. Aqañ osy eñbek hatqa tüsip jatqan kezeñde el aqyn-jazuşylarynyñ basyn qosudy josparlağany, biraq ol obektivti-subektivti jağdaığa bailanysty ötpei qalğany tūsındırıp «Qalam qairatkerleri jaiynan» atty maqala jazdy (*Eñbekşil qazaq» gazeti, 08.07.1922 jyl*). Osynda qalamger: «Qazaq mädenietü jäuit, nemis, orys, qatta noğai mädenietindei bolsa, «qazaq», «qazaq» dep qaiyra söylep, auyz auyrtyp äure bolmai-aq «köppen birdei körer» dep qoiar edik. Qazaq airyqşa söz bolatyny – halı airyqşa bolatyndyqtan», - dep jazady.

«Ädebiat tanytqyş» - körkem önerdñ bolmysy men qūrylymyn, qazaq ädebiatınıñ erekşeligi men sipatyn, ädebi üderistñ mänin, janlar qalyptasuynyñ qoğam tağdyry men talğamyna qatysyn, sözdñ - önerge, önerdñ – pän ğylymyna ainalu jolyn, söz jüiesi men oi jüiesiniñ mäiegin, öleñ men qara sözdñ pışındık, mazmūndyq qūrylysyn, auyz ädebiat pen jazu ädebiatınıñ dara soqpağyn, basty janlar men onyñ ışkı bölünisteri qağidattaryn, ädebiat pen däuir, ädebiat pen sana, ädebiat pen dil, ädebiat pen oi, ädebiat pen müdde qarym-qatynasy jaiyn jık-jıgımen tūsındırıp beretin ũlttyq bilim, tanym, ğylym, ädisteme, ädisnama keşeni.

Mūndağy ädebiatanu men dūnietanymğa bailanysty 350-de asa termin (pän sözi) men atadyñ bari de ũlt ũğymyna suarylğan, halyq tūsınıgine jaqyndatylğan. Aqañ folklor men avtorlyq ädebiatı alaş parasatynyñ, dūnienu tanuynyñ kılı retinde qarağany jäne soğan sai körkem öner mazmūnyndağy rämız, belgi, tūspal t.b. aiqyn körgenin aňğaramyz.

A.Baitürsynüly: «Körkem söz – köñil tılı, jalañ söz - zeim tılı. Jalañ söz - zeim bailyğyna qaraityn narse, körkem söz - qial bailyğyna qaraityn narse. Jalañ söz dūnienu türğan qalpynda alyp aitady. Körkem söz dūnienu köñildñ tüigen, qialdyñ meñzegen älipine tūsırıp aitady. Jalañ söz aitqany aqyl tabuynşa дәleldep, mänıstep, haqiqat türinde aitady. Körkem söz aitqany qial meñzeumşe beinelep, äliptep, köbinese ũğaru türinde aitady, jalañ söz dūniede şyn bolğan, şyn bar narselerdi aňğıme qylady», - dei otyryp, söz ben sana, söz ben beine bailanysynan tuyndaityn erekşeliktü tūjyrymdap jetkizedi.

Būingı ğylym tıl bilimü jäne ädebiatanu dep jiktegen filologia nysanasyn Aqañ qarapaiym tilmen, sala mamandaryna da, jalpy köpşilikke de ũğynyqty sözben bylaişa baiyptatady: «Şyğarmanyñ eki jağy bar: 1) tysqy tıl jağy; 2) ışkı pikir jağy. Sondyqtan söz öneriniñ ğylymy ekige bölinedi: 1) şyğarmanyñ tiliniñ ğylymy; 2) şyğarmanyñ türiniñ ğylymy. Tiliniñ ğylymy dybystardyñ, sözderdñ, söylemderdñ zañynan şyğatyn tıl öñimñ jüielerin tanytady. Türiniñ



ғылыми сөз önerinen шыққан нәрселердің мазмұн жағының жүіелерін танытады. Сондықтан сөз önerінің ғылыми шығарманың тұл өңі жағынан - тұл іа лұғат қисыны болып, мазмұн жағынан - қара сөз жүіесі, дарынды сөз жүіесі болып бөлінеді». Мұны «тұл-әдебиет әліппесінің әліпті ережесі» деуге де болыады.

Әдебиеттану көшбасшысының: «Сөз önerі адам санасының үш негізіне тіреледі: 1) ақылға, 2) қиялға, 3) көңілге. Ақыл ісі – аңдау іағни нәрселердің іайын ұғу, тану, ақылға салып оілау; қиял ісі – меңзеу іағни оідағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату, бернеілеу, суреттеп оілау; көңіл ісі – түіу, талғау», - деп әдебиеттің мәні мен арқауын нақты іеткізуін де әрі шеберлік, әрі тапқырлық дер едік. Аз сөзге көп мағына сідіру осындай-ақ болар.

Сөз önerінің ғылым ретінде қарай келе, Ақаң: «Сөз önerінде жүмсалатын зат – сөз. Сөз шумағы – тұл деп аталады. Сөз önerіне жүмсалған сөз шумағы да – тұл іа лұғат деп аталады. Шығарма тұл екі түрлі болыады: 1) ақын тұл; 2) аңсемі тұл. Ақын тұл – айрықша өң беріліп айтылған сөз. Аңсемі тұл – ондай өң беріімеі, іаі айтылған сөз» деп түііндеіді. Осы анықтамадағы «зат» деген ұғым тұл мен önerдің мән-мазмұнын, көркемдігін ашатын іанды тетікке айналғанда, түсінік пен таным ауқымы кеңіеіе түседі.

«Әдебиет танытқыш» - бүгінгі әдебиеттануға іол ашқан іанрлық ііктеудің іаікі бөліудің басында тұрған еңбек. Мұнда фольклор («ауыз әдебиет») іанрлары, «діндар дәуір» әдебиеті іанрлары, «сіндар дәуір» әдебиеті іанрлары айқындалып, іштей сараланған. Осы ііктеуді - ұлт ғалымна, тіпті Түркі дүніесі әдебиеттануна А.Байтүрсынұлы енгізген іаңалық деп ауыз тоқтырып айта аламыз.

«Қазаққа іазу дінмен бірге келген. Қазақ ішінде мольдалық қылып, дін үіретушілер - бала оқытушы қожалар, ноғай мольдалар болған себепті іазба сөзді шығарушылар да - бастапқы уақытта солар», - деген Ақаңның астарсыз сөзі қазақ әдебиеттануы атеістік заманда айта алмаған ақиқатты дөп белгілейді. Мұны ағартушы тілге де қатыстырып орайлы іеткізе алды. Қазақ іазуы мен тілінің реформаторы, ағартушы-іадітшіл Аһмет Байтүрсынұлы: «Қазақ дінде нағар күіден өткен, енді қазақты басқа дінде ауыстырам деу құр әурешілік. Қазақты діннен айруға болмаса, іазуын да айруға болмайтын жүмыс», - деп түіжырымдады (Бастауыш мектеп // «Қазақ» газеті, 09.05.1914 іыл). Ағартушы айқындаған әдебиетіміздегі «Діндар дәуір» - ұлттың көркем öner, парасат, дүніетаным бағдарындағы ізденіс, іансаны келдікке ұмтылу айнасы. Санаткердің міндеті – барға немесе болғанға анық баға беру.

Бұдан шығатын қорытынды: Ақаң «Әдебиет танытқыш» арқылы ұлт әдебиетінің (тілінің де) табігі қалыптасып-іаму үдерісіндегі тұтас дәуірді, оның пішіні мен мазмұнын сипаттайтын ерекшелікті бағамдап берді. Зерттеуші-ағартушы анықтаған осы діндар дәуірінің қісса, іікаіат, насілат, мінәіат, мақтау, даттау, айтс, толғау, намыс іаікі соғыс толғауы, марқайыс толғауы, терме сінды ішкі түрлерін замана аіасында түсіндірудің де, кейінгі әдебиеттанудың іаму кезеңінде «бөлек отау алып шыққан» жүіесін байыптаудың да іөні бар. Бізге бағалысы – Ақаңның таным мен түсінігі іәне оған негіз болған алғышарттар.

Біз қазір роман, повесть, поэма, новелла деп жүрген іанрларды А. Байтүрсынұлы «сіндар дәуірінің» ертегі іыр, ұлы аңгіме іаікі роман, әуеіе іыр, таріі іыр, ұзақ аңгіме, аңыз өлең, аңгіме, көңілді сөз, мысал сінды әуеіе түрлері ретінде айыратыады. Сондай-ақ бүгінгі әдебиеттануда поэма іанрына енетін шығарма түрлерін әдебиеттанушы ертегі іыр, таріі іыр, әуеіе іыр, аңыз өлең деп бағамдайды. Бұл да – іанрды анықтау мен ііктеудің табігі талғамы, көркемдік түіжырымға ұлттық мазмұн беру деуге келеді. Ақаңның осы ұстанымы толғау



türlerin sap tolğau, marqaiys tolğauy, nalys, namystanys, sūqtanys, oilamaldau, sögis tolğau, külis dep bölünde de aiqyn añğarylady.

Salanyñ pän sözderi aiqyndalyp, ışkı mazmūn men atau birligi üilesimge tüsip jatqanda «aitys-tartysty» (europaşa «drama») syndar ädebietinñ eleuli türı retinde belgilep, ol (janr erekşeligi) «ışkı ğalam men tysqy ğalamnyñ tüiskeninen» шығатынын дәлелдеу де ұлт зерделік танымна сәікес шыққан. Al sol joldaғы ұstasudy – bailanys, şielenis, şeşılıs, ұstastyrudy – älektenis, azaptanys, äurelenis dep jikteui halyq dūnietanymnyñ ışkı quatyn döp basady.

A.Baitürsynūly öz tūsyndaғы ädebiat nemese ädebiattanudyñ türli alañdaryndaғы oipikirlerdı de qaperinen tys qaldyrmaidy. Eñbeginñ bir jerinde: «Auyz шығарmany (anaıy ädebietti) auyz söz dep qana atap, jazba шығарmany (sypaiy ädebietti) ğana tanuşylar bar. Bıraq qalai da asyl sözdinñ bari de tildegi ädebiat esebinde jüriledı» dep, ala-qūla tanym üderisinen habar berse, taғы bir jerde eksperimentşıl futuristerdı (1910-1920 jyldardaғы «jañaşyl» öner türı) «jorğağa kelmegenderdı jorğa deuge bolmaidy» dei otyryp: «Bül zañnan tysqary baғыtpen jol salamyz deitin «pütürşylar» degen bar, bıraq olardıkı - äli jol sanyna kirmegen jospar siaqty narse» dep, tüirep ötedi.

Endı bırauyz söz «Ädebiat tanytqyş» tekstologiasy men kıapta A.Baitürsynūly paidalanğan mätinder men olardyñ avtorlary turaly.

**Osy tūsta ahmettanuşylarğa älem täjribesinde bar mynandai oi tastağymyz keledi:** qazır negizgi qoldanysta jürgen nūsqany «tüpnūsqa» dep atamai, «Ädebiat tanytqyştyñ» Qyzylorda-Taşkent nūsqasy» deu qısyndy. Öitkeni, tüpnūsqa bolatyndai Aqañnyñ öz qoljazbasy äzirşe tabylğan joq. Al, «Qyzylorda-Taşkent nūsqasynyñ» tüpnūsqa bola almaityny – mätininde birşama tehnikalyq qate kezdesedi iağni terude, köşırude, basuda ketken obektivti faktorlar bar. Ony aqyldasa otyryp tüzetu – uaqyt talaby.

Būğan üş-tört mysal keltirsek, qarapaiym oqyrmannyñ özine de tūsiniktı bolady.

1) Aqañ tüidektei söileuge mynandai mysal keltiredi: «Baq – erikte, erik – erlik pen birlikte, *erik* – ūranymyz, birlik – qūranymyz bolsyn (Şyrşa)». Osynda bız bölektegen (kursiv) ekinşi «erik» - «erlik» bolyp jazyluy tiis ekeni beseneden belgili. «1926-jylğy nūsqаныñ» 71-betin qarasaq, onda da tehnikalyq qatelikpen qaitalana «erik» bolyp qattalypty.

2) «Saryndamanyñ» salt sözi – dilmar sözine Myrzan bi tapqyrlyғы mysalğa alyñğan. Sonyñ astyna derek közi retinde «Ybyraiūly Tūrman jinağynan» dep körsetilse («1926 -jylğy nūsqa» boıñşa 193-bet), bir mysaldan keiın-aq sol derek beruşinñ nyspysy «Şorman» bolyp ketedi («Ybyraiūly Şorman jinağynan» 194-bet). Bül da – tehnikalyq qate.

3) «Taqpаqqa» 4-mysal retinde berilgen «qūrastyrylyp qosylğan maqaldardy» qaraiyq («1926 jylğy nūsqa» boıñşa 197-bet):

«Dauyl bolmai jauyn bolmas,

Jauyn bolmai qauyn bolmas,

It balasy sauyn bolmas.

*Eki dau adaғы ауыл болмас,*

Auyl bolsa da täuir bolmas...».

Osyndaғы kursivpen jazylğan joldan ne tūsinidinızder? Qazırgı «Ädebiat tanytqyş» nūsqa-basylymdarynyñ birinen-birine köşip jürgen «eki dau adaq» jūмбағыnyñ şeşui halyqtyñ qaimaғы būzylmağan qara öleñi men maqalynda tür («Eki jalqau ауыл болмас, Ауыл bolsa da





täur bolmas»). Іағни 1926-жылы басылуда техникалық қате кеткен. Endi сондай қателікті қайта жариялаи бергеннен май шықпасы анық. Eñ bastысы, ол Ақаң өсіетіне – ұлт сауаттылығына қиғаш.

4) «Гүрып сөзіне» мысал ретінде «Кете Шеріаз ақынның Баймағамбет пырабытылдыñ қызы Ақыл Қаныкейдің тойын бастаған» өлеңі ұсынылған. Осындағы мына үзіндідегі жол кейінгі жинақтарда әр қилы жазылып жүр:

«Құдайым қуат бергеі таңдайма,

Әр түрлі өлең келді жағдайма.

Тойында Байекеңнің сөз сөйлейм,

Бітпесе есек қылы маңдайыма...» (1926-жылғы нұсқада 201-бет).

Осындағы «есек қылы» не? Ақаңның 1989-жылы қайта басылған жинағында да осындай (251-бет). Ал, 2003-жылғы жинағында (304-бет) – «өсек қылы». Ал, Шеріаз Жарылғасұлы өлеңдері енген мұрада (*Алматы: «Nürly Press» баспасы, 2014.- 214-бет*) – «есек желі». Көрдіңіздер ме, ойланып-ақ мәтіндік мәселе. Сұрақ туады: бәлкім бұл да «1926-жылғы нұсқада» кеткен техникалық қате ме екен? Шеріаз арнауының сатиралық реңкі басым. Сондықтан әлгі «есек қылы», «өсек қылы», «есек желі» болып құбылған тіркестің түпнұсқасы – «есек жемі»-ау деп ойлаймыз. Себебі, тері ауруының бір түрін – «есекжемі» (орысша «krapivnisa») деп атайды. Өлеңнің логикасына қарасаңыз, жара екені шамаланады. Қыл бітпейді, жабьсaды немесе түседі...

Ақыры текстология деп қалдық, онда ең басты мәселені де айтпаға пейілдіміз. Бұл - жалпы алаштанушыларға (өзіміз де бармыз), соның ішінде нақты ахметтанушыларға қарата айтылған сын. А.Байтұрсынұлының «ақталғанына» 34 жылдай уақыт өтті, неге осы тұлғамыздың басты кітабының бірі – «Әдебиет танытқысты» әлі толық және ғылыми түсініктерімен жариялаи алмай жүрміз? М.Дулатұлының «Жаңа мектеп» журналының 1927-жылғы № 6 (21) санына қосымша ретінде шығарылған «Қазақ тілінде басылған кітаптардың көрсеткіші. 2-бөлім» атты мұраны шолсақ (*Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы*), 1926 жылдың қаңтарынан 1927-жылдың маусымына дейін шыққан еңбектер ішінде «Байтұрсынұлы Ақмет. «Әдебиет танытқыс». Қызылорда – Ташкент. 284 бет. Бағасы 1 сом 35 тиын» деген дерек шығады. Endi қолымыздағы «Әдебиет танытқыстың» 1926-жылғы нұсқасының ксеро-көшірмесіне қараймыз. Мұнда (бас-аяғы іаки титулдық беті мен мазмұны жоқ) - 282 бет. Тағы сұрақ кескестейді: екі бет - «Сөз бастары» («Мазмұны») ма, жоқ соңындағы бірер беттеі материал табылмай тұр ма? Мұны бір деңіз.

Екінші, біз кейінгі нұсқаларда көп нүкте қойылып кеткен жерлерге (мысал арасында) таңғалатынбыз. «1926-жылғы нұсқаны» қарап, сол көп нүктелерді тағы көрдік. Жүлдызшамең («келесі мәтін» деген сөз) бөлгеннің өзінде 4 жолдан 8 жолға дейінгі шумақтарға нүкте қойып кете берген. Барлық жазбасына мұқият Ақаң бұл жердегі мысалдарды ұмытып кетуі мүмкін бе? Біздіңше, мүмкін емес. Баспаның әр қарпі, әр беті қаржыға тірелетін заманда «бұл не деген батпан құйрық»? Сондықтан біз бұл «көп нүктелердің» бәрін «сензорлар жүлып тастаған мәтін» деген тоқтамға келдік. Әлем баспасөзі тарихындағы «ақтаңдақ» деген – осы.

А.Байтұрсынұлының әдебиеттануға қатысты кітабында мысал алынған мұралар, авторылар (ақын-жазушылар) шығармалары өте көп.

«Қобыланды батыр», «Шора батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Едіге», «Қамбар» епостарынан, «Зарқұм», «Сал-сал», «Сеіфул-Мәлік» қиссаларынан, тарихи «Орақ-Мамай», «Абылай», «Кенесары-Наурызбай», «Ерназар», «Бекет» жылдарынан, «Кеншімбай мен Ақсұлу», «Жанақ пен бала», «Есентай мен Балық», «Жарылқасын мен Аиқын» айтустарынан,





Möñke bi, Şortanbai, Mūrat, Jūsıpbek qoja, Äbubäkır, Sügır, Şerniaz, Nysanbai, Mädeli, Baitoq, Dosqoja, Orynbai, Şoqan Uälihan, Ybyrai Altynsary, Abai Qūnanbaiūly, Şäkärım Qūdaiberdiūly, Aqan serı Qoramsaūly, Ahmet Baitürsynūly, Mūhamedjan Seräliūly, Nūrjan Nauşabaiūly, Sūltanmahmūt Toraiğyrūly, Mırjaqyp Dulatūly, Mağjan Jūmabai, Mūhtar Äuez, Smağūl Saduaqasūly, Beiımbet Mailyūly, Säken Seifollaūly, Qubala, Jūsıpbek Basyğaraūly, molda Mūsa, Altybas Aqmolda, Būdabai, Jaqyp, Jorabai, Aiqyn, Jarylğasyn, Seidahmet t.b., şet jūrıtтан - Ezop, Fedr, Lafonten, Krylov, Puşkin, Tolstoi, İadrınsev, Potanin t.b. şyğarmasynan üzındı, esımderne sıtme üzındı, däiek beriledı. Osy tızımnen tys bırşama bürkenşık esımden men jınaqtardyñ qūpiasyn aşu da – ğylym şarty. Bül – ien ruhani bailyq. Tıptı bül mysaldar – teñızdiñ tamşysy ğana. Mūratanuşylardyñ barı ızdep jürgen, Aqañ osy eñbeginde sıtmesın körsetip qoiatyn «Nūsqalyqqa» (Hrestomatia) deste-destesimen engenın şamalaūğa bolady.

«Ädebiet tanytqyştyñ» 1989-jyldan bergı basylymdarynda (nūsqalarynda) esim-soiy «Ybyrai Altynsarin» dep körsetilgen tülğamyz «1926-jylğy nūsqada» - Ybyrai Altynsary (58-bet). Mūny tehnikalyq qate dep oilaimyz. Aqañ qazaq tılı zañdylyğymen Lafontendi – «Labūnten», Krylovty – «Qyrilob» deidi (sol nūsqa, 262-bet). Biraq sol bette bır tehnikalyq qate ketken. Ol – Lafontenniñ tuğan-qaitqan jyly. «1926-jylğy nūsqada» 1763-1844 dep körsetilgen. Älbette, kitap söresinde *Brokgauz* ben *Efron ensiklopediasy tūratyn* Aqaña fransuz mysalşysynyñ 1621-jylytuyp, 1695-jyly qaitqany belgili edi (Nemese: Lafontennen keiın bır avtorıdyñ aty-jömi tūsıp qalğan, mynau sonyñ tuğan-qaitqan jyly).

Mätıntanuda ūsaq-tüiek degen bolmaidy. Tıptı qaibir tañba-däiekterdiñ de tarihi, rämızdık orny bar. «1926-jylğy nūsqada» ūğymdardy bölektep körsetu, jikteu belgısı retinde Aqañnyñ özi tüzgen älipbi retı (bügingiden müldem basqa), rim sifry paidalanylğan. Ökımşke qarai, «Ädebiet tanytqyştyñ» 1989-jyldan bastalatyn keiingi nūsqalarynda sonyñ köbısı derlik joq. Sondai-aq qūrastyrusylar nege olai jasağanyna tūsınık te bermegen.

Sonymen, Ahmet Baitürsynūlynyñ «Ädebiet tanytqyşy» - är buyn qaita oralyp ruhani nār alatyn, ūlt önerin дәstürlı tanymmen, bilikke suarylğan parasatpen baiytatyn eñbek. Mūny tek ädebietşı ğana emes, äleumettik ğylymdardyñ barşa salasy ökilderi oqyp, zerdelei alady.

Mahatma Gandiden qalğan keremet bır söz bar: «Eger älemniñ, ainalamyzdyñ özgeruin qalasaq, bız sol özgeristiñ özi boluymyz kerek!». Alaş tülğalarynda, sonyñ ışinde A.Baitürsynūlynda da ūltty serpiltuge jūmylğan mūndai oi-pıkırlar az emes. Sonyñ bır parasy «Ädebiet tanytqyşta» tūnyp tūr.

«Halyq basyna qaiğyly күnder tuğan zamanda qairat körsetpegen azamat – azamat emes» (1989-jylğy nūsqa, 180-bet), «Jağatyn opa siaqty tek körik ūşın ğana kerek nārse şyndyqtyñ jüzin күngeileidi» (210-bet), «Balalyqtan şyqqan adamğa qaitadan balalyq küige tūsuge мүmkın emes bolsa, anaiylyq күiden şyqqan halyqtarğa anaiylyqtan tuğan nārsege den qoiyp, iman keltiru мүmkın emes» (228-bet), «Moldalardan şyqqan jazu ädebiet dınge qyzmet qylsa da, tilge qyzmet qylmağan» (262-bet), «Kün saiyn istelip jatqan ūsaq ıstiñ ūly iske ūlasarlyğy da, ūlaspastyğy da bar» (281-bet), «Bağyndyrğan patşadan basyn bosatyp alu – jūrıtqa soğyspen birdei дәrejeli qiyn ıs» (288-bet) t.b. Ūzındiler avtor oi astarynyñ keñdigi men tereñdiginen habar beredi. Ärbirinen bızdiñ tarihimyz, buralañ jolyмыz körinedi. Qazaqstan ğylymy Aqañ mūrasynan mūndai мәнді sözder men pıkırlerdı myñ-myñdap tauyp, qazırgı jäne bolaşaq ūrpaq ūşın qūnttap baiyptasa, tek ūtady.



Ahmet Baitursynuly «Ädebiyet tanytqys» kitabı arqyly mynandai nätiजेге qol jetkızdı:

**Bırınşıden,** qoғamnyñ äleumettık-mädeni tüsinıgın, talğamyn jetıldırıp, ädebi üderıs, ruhani mūra halyq parasatymen, ışkı mümkindıgımen, sarqylmaıtyn qazynasymen özektesetının naqty mysaldarmen дәleldeı.

**Ekınşıden,** bai дәstürı bar, şyğys pen batys qūndylyqtaryn meılınşe ıgergen qazaq ädebietine ğylym nysanasymen qarady, tūñğys ret ädısnamalyq, teorialyq qağıdattardy qalyptastyryp, ışkı tüzılısı men mazmūndyq-pışındık erekşelıgıne baға berdı.

**Üşınşıden,** öner tanudyñ, ädebiattanudyñ qyzmetın aiqyndap, öner men ädebiettñ qoғamdağy maqsat-mındetın, ornyn дәiekteı.

**Törtınşıden,** öner men ädebietke qatysty ana tılıımızde jaña da oraily pān sözderın tauyp, älemdık aiada qazaq tılıñ ğylym tılı retinde mümkindıgıne jol aştı.

**Besınşıden,** ädebi üderıstı, jeke tūlğalardyñ şyğarmaşylyğyn, ruhani mūranyñ ädebiет tarihyndağy rölın türlü ğylymdar (tıl bılımı, filosofia, psihologia, ädebiеттану, jaratylystanu t.b.) yqpaldastyğymen zertteudı bastap, taptauryndyqqa barmaudy amanattady.

**Altynşydan,** älemdık ğylymdağy jüielilik, sabaqtastyq, şynaiylyq qağıdatyn ūstanyp, qazaq ädebiетi men folkloryna tūtas qūbylys retinde qarai aldy.

**Jetınşıden,** salystyrmaly taldaу ädısıne iek artp, ūlt tağdyrynyñ ainasy sanalatyn öneri men ädebiетinñ asyl arqauyn, negızgı erekşelıgı men sipatyn baғamdady.



## ҚАПАЛБЕК БИЖОМАРТ

*филология ғылымдарының кандидаты,  
Мемлекеттік тілді дамыту  
институтының атқарушы директоры*



# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ХАЛЫҚ МҰРАСЫН ТҮГЕНДЕУШІ

Ахмет Байтұрсынұлы – сегіз қырлы емес, сексен қырлы тұлға.

- ❖ Өнер адамы (ақын, аудармашы, күйші, әнші)
  - ❖ Салауатты өмір салтын ұстанған жан
  - ❖ Қазақтың білім беру жүйесін құрған ақылман
  - ❖ Білім мазмұнын қалыптастырушы әдіскер
  - ❖ Қазақ ғылымының (тіл білімі, әдебиеттану) негізін салған реформатор
- ҒАЛЫМ
- ❖ Мемлекет қайраткері (Халық ағарту комиссары, Академиялық орталықты құрушы)
  - ❖ Мәдениеттанушы («Мәдениет тарихы» деген зерттеу кітабының авторы)
  - ❖ Сыншы (әдебиет және өнер туындыларына баға беріп, пікір жазған)
  - ❖ Баспа ісін ұйымдастырушы («Қазақ» газетін құрып, таралымын 8 мың данаға жеткізген)
  - ❖ Көсемсөзші (журналист) (Алғашқы ұлттық газеттің бас редакторы)
  - ❖ Халық мұрасын жинақтаушы («Ерсайын» жыры, «23 жоқтау», қазақтың әні мен күйін жинап бастырған)
  - ❖ Алашорда үкіметін құрушы (Алаш партиясының бағдарламасын жазған)
  - ❖ Қазақ радиосын құрушы және т.б.

Осының ішінде біз бұл мақалада халық мұрасын түгендеудегі еңбегіне тоқталамыз.

Халық мұрасын жинаудың алғашқы тәжірибелері сонау XVIII, XIX ғасырлардан бастау алған. Оған Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ә.Диваев, М.Ж.Көпеев т.б. еңбектері дәлел бола алады.

Ақаң еңбек жолын ұстаздық қызметтен бастағаны белгілі. 1895 жылы Ақтө-

бе уезі Бестамақ болысындағы Арынғазиев мектебінде ұстаздық қызмет атқарған жүрген А.Байтұрсынұлының «Тургайская газетаның» №39 санында 1896 жылы «Киргизские приметы и пословицы» атты тырнақалды туындысы жарық көреді.

Ахаңның «Қазақтардың ырымдары мен мақал-мәтел-дері» атты тырнақалды туындысын тауып, оны дәстүрлі және электронды басылымдар арқылы жұршылыққа жария еткен Алмасбек Әбсадық.

Ақаңның халық мұрасын жинаушы, жариялаушы және зерттеуші қыры қазақ әдебиеті, фольклортану саласында арнайы зерттеуді қажет етеді. Өзінің мың сан жұмысымен қоса осы жұмысты үнемі қатар алып жүрген. Ақаң өзінің «Қазақ» газетіне «Алдымен қазақтың бата тілектері мен билердің сөзі, қиссалар болса жіберіңдер, басамыз» деген хабарландыру берген. Одан кейін 1914 жылы мынадай хабарлама берген:

«Қазақ» басқармасы бұрынғы-соңғы шыққан қазақ тіліндегі я қазақ жайынан жазылған басқа тілдегі кітаптардың бәрін (әр қайсысынан бір данадан) жинап, кітапхана құрамақшы. Соның үшін ардақты азаматтардан өтінеміз, кімде-кімнің өзі шығарған, бастырған кітабы болса, бұрын-ақ басылып, осы кезде көзге көп шалынбай жүрген сирек кітаптар болса, «Қазақ» басқармасына бір-бірден жіберіп тұрса, тәңірі жарылқасын айтылып, қабыл етер едік. Бұл кітапханамыз келешекте қазақ әдебиеті тарихы үшін қымбат материал болып қалар еді, басқа пайдасы аз болмас еді. Кітаптардың жақсы-жаман, үлкен-кіші, ескі-жаңа болуы шарт емес, не де болса қазақша яки қазақ жайынан жазылған болуы шарт.

«Қазақ» газеті жабылған 1918 жылға дейін осы хабарландырудан кейін мол рухани қор жинақталған. Оған Міржақыптың мына сөзі дәлел: «А.Байтұрсынұлының шебер басшылығы мен жанқиярлық еңбегінің арқасында жоқтан бар жасалды... патшалық-полицейлік режимнің ауыр жағдайларында тіршілік еткен газеттің жабылар алдында өз баспаханасы, қағаздың үлкен қоры, ШАҒЫН КІТАПХАНАСЫ болды, таралымы 8000-нан асты».

Осының бәрін газет редакциясына басып кіріп, жиналған бар дүниені большевиктер іске алғысыз еткен ғой. Өйтпегенде жиналған кітапхана қоры күні бүгінге дейін жетіп, рухани мұрамыздды толықтыратын еді.

Ақаң халық мұрасын жинақтаушыларды қатты құрметтеген 1915 жылы Григорий Потанин 80-ге келгенде Атақты Сібір ұлы қарт Потанинге «Ер сүйсе, сендей сүйсін Ер Отанын» деп арнау өлең жазып құттықтайды. «Қазақ» газетінде Әбубәкір ақсақал Диваевтың да жұмысын мақтаған мақалалар жариялайды. Жалпы Алаш арыстары ондай адамдарды көтермелеп отырған. Потанин туралы Міржақыптың да айтқаны бар. Диваев туралы Мағжанның да жазғаны бар.

Александр Викторович Затаевич қазақ халқының 1000 әні мен 500 күйін жинап бастыруына Ақымет Байтұрсынұлының тікелей қатысы бар.

А.В.Затаевич 1920 жылы Орынборға келіп, алғашында есеп кеңсесінде жұмыс істейді. *Синемитографта* (кинофильм жазу аппараты) *тапер* (би кештерін-



*де ойнайтын пианист*) болып қосымша ақша тауып жүреді. Ал бос уақытында қазақ музыкасын жинаумен айналысады. Ол қазақ әнін кез келген жерден жинады. Көшеден, базардан, жатақтардан. Ахаң о кезде еліміздің халық ағарту комиссары, қазіргіше білім министрі еді. Ақаң Затаевичтің жұмысы туралы біліп қалып, оны Наркомпростың ғылым бөліміне **аккомпаниатор** (*сүйемелдеуші музыкант*) етіп қызметке алады.

Гүлнар апай Дулатованың естелігінде Затаевичтің Ахаңдардың үйінде де Міржақовтардың үйінде болып ән жазғаны баяндалады...

Ақаң тек ән орындап беруді ғана емес, ән-күй жинауда оны жүйелеуде Затаевичке ақыл –кеңес беріп отырған. Композитор кітабында: *«қазақ тарихы мен тұрмыс этнографиясы саласы бойынша өзінің беделді нұсқау, кеңестері және түсіндірулерімен менің көптеп жинаған материалдарыма бағдар жасауыма көп көмегі тиді, осы көмегі үшін оған ерекше алғысымды айтудан еш жалықпаймын»*, - деп зор алғыс білдірген.

Ақаңның ел арасында беделі сұмдық зор болған. «Қазақ» газетіне айыппұл салып, оның редакторын қамаймыз дегенде қазақ байлары кепіл ақша құйып, босатып алған. Ақаңды бүкіл қазақ даласы танитын болған.

Л.Ф.Енисеева-Варшавская деген жураналистің деректі фильміндегі бір кейіпкердің айтуынша бірде ауылдарына бір орыс келіп, балаларды мектепке жинап ән айтып беріңдер мен жазып аламын. Маған ән жазуға көмектесуді сендерге Ақаң тапсырды депті. Оның айтып тұрғаны ардақты Ақымет Байтұрсынұлы екендігін білгенде со жердегі балалардың бәрі ән айтып беруге құлшына кіріскен екен.

Ақаңның халық мұрасын түгендеушілік еңбегі Мәскеудің «Күншығыс» баспасынан 1923 жылы халық жыры «Ер Сайынды», 1926 жылы «23 жоқтауды» кітап қылып бастыруымен жалғасты.

Биыл Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толып отыр. Ақталғанына отыз жылдан асса да біз оның мұрасын толық жинай алмай отырмыз. Алда әлі жұмыс көп. Ең бастысы біз Ақаң еңбектеріне бүгінгі ғылымның даму биігінен баға беретін академиялық басылымын шығаруымыз керек. Сондай-ақ жоғарыда айтылған сан қырын тереңірек зерттеп, ұрпаққа үлгі ете білуіміз керек.



## АХМЕТ БАЙТҮРСЫНҮЛЫ HALYQ MҮRASYN TҮGENDEUШI

Ahmet Baitursynuly – segiz qyrly emes, seksen qyrly tұлға.

- ❖ Öner adamy (aqyn, audarmaşy, küişi, әnşi)
- ❖ Salauatty ömir saltyn ұstanған jan
- ❖ Qazaqtyñ bilim beru júiesin qúrған aqylman
- ❖ Bilim mazmұnyñ qalyptastyruşy әdisker
- ❖ Qazaq ғыlymynyñ (til bilimy, әdebiattanu) negizyn salған reformator ғalym
- ❖ Memleket qairatkeri (halyq aғartu komisary, Akademialyq ortalyqty qúruşy)
- ❖ Mәdeniattanuşy («Mәdeniet tarihy» degen zertteu kitabynyñ avtory)
- ❖ Synşy (әdebiat jáne öner tuyndylaryna baға berip, pikir jazған)
- ❖ Baspa isin úiymdastyruşy («Qazaq» gazetyn qúryp, taralymyn 8 myñ danaға jetkizgen)
- ❖ Kösemsözşy (jurnalist) (Alğaşqy ұltyq gazettiñ bas redactory)
- ❖ Halyq mұrasyn jinaqtauşy («Ersaiyn» jyry, «23 joqtau», qazaqtyñ әni men küim jinap bastyrған)
- ❖ Alaşorda úkimetyn qúruşy (Alaş partiasynyñ baғdarlamasyn jazған)
- ❖ Qazaq radiosyn qúruşy jáne t.b.

Osynyñ isinde biz bұл maqalada halyq mұrasyn tügendeudegi eñbegine toqtalamyz.

Halyq mұrasyn jinaudyñ alğaşqy tájiribeleri sonau XVIII, XIX ғasyrlardan bastau alған. Oған Ş.Uәlihanov, Y.Altynsarin, A.Qūnanbaev, V.Radlov, G.N.Potantin, Ä.Divaev, M.J.Köpeev t.b. eñbekteri дәlel bola alady.

Aqañ eñbek jolyn ұstazdyq qyzmetten bastaғany belgili. 1895-jyly Aqtöbe uezi Bestamaq bolysyndaғы Arynғaziev mektebinde ұstazdyq qyzmet atqaryp júrgen A.Baitursynulynyñ «Turgaiskaia gazetanyñ» №39 sanynda 1896-jyly «Kirgizskie primety i poslovisy» atty tyrnaqaldy tuyndysy jaryq köredi.

Ahañnyñ «Qazaqtardyñ yrymdary men maqal-mätelderi» atty tyrnaqaldy tuyndysyn tauyp, ony дәstürlü jáne elektrondy basylymdar arqyly júrsylyqqa jaria etken Almasbek Äbsadyq.

Aqañnyñ halyq mұrasyn jinauşy, jarialauşy jáne zertteuşy qyry qazaq әdebiety, folklorlanu salasynda arнай zertteudi qajet etedi. Öziniñ myñ san jümysymen qosa osy jümysty ünemi qatar alyp júrgen. Aqañ öziniñ «Qazaq» gazetine «Aldymen qazaqtyñ bata tilekteri men bilerdiñ sözi, qissalar bolsa jiberiñder, basamyz» degen habarlandyru bergen. Odan keim 1914-jyly mynadai habarlama bergen:

**«Qazaq» basqarmasy бүрынғы-соңғы шыққан қазақ тіліндегі ia қазақ жaiннан жазылған басқа тілдегі кітаптardyñ бәрin (әр қaisysynan бір danadan) jinap, кітапhana құramaqşy. Sonyñ ұşın ardaqty azamattardan ötinemiz, kimde-kimniñ özi шығарған, bastyrған кітабы bolsa, бүрынрақ басылып, osy kezde көзге көп шalynbai júrgen sirek кітаптар bolsa, «Qazaq» basqarmasyna бір-бірден jiberip тұrsa, täñiri jarylqasyn aitylyp, qabyl eter edik. Bұл кітаphanamyз keleşekte qazaq әdebiety tarihy ұşın qymbat material bolyp qalar edi, басқа paidasy az bolmas edi. Kітаптardyñ jaqsy-jaman, ұlken-kіші, eski-jaña boluy şart emes, ne de bolsa qazaqşa iaki qazaq jaiнnan жазылған болuy şart.**

«Qazaq» gazetі jabyлǵan 1918-jylǵa deın osy habarlandyrudan keın mol ruhani qor jınaqtalǵan. Oǵan Mırjaqpytyń myna sızı dálel: «**A. Baitürsynovtyń шеber bassylyǵy men janqıarlyq eńbegıniń arqasynda joqtan bar jasaldy... patşalyq-poliseılık rejimniń auyr jaǵdailarynda tırshılık etken gazettiń jabyлар aldynda öz baspahanasy, qaǵazdyń úlken qory, ŞAǒYN KITAPHANASY boldy, taralymy 8000-nan asty**».

Osynyń bärin gazet redaksiasyna basyp kırıp, jinalǵan bar dünüeni bolшевиктер iske alǵysyz etken ğoi. Öitpegende jinalǵan kıtaphana qory küni бүginge deın jetip, ruhani müramyзldy tolyqtyratyn edi.

Aqań halyq mürasyn jınaқтаушыларdy qatty qürmettegen 1915-jyly Grigorii Potanin 80-ge kelgende Ataqty Sıbir üly qart Potaninge «Er süise, sendei süisin Er Otanyn» dep arnau öleń jazyp qıttyqtaidy. «Qazaq» gazetinde Äbubäkır aqsaqal Divaevtyń da jümьsyn maқтаған мақалалар жарıalaidy. Jalpy Alaş arystary ondai adamdardy kötermelep otyrǵan. Potanin turaly Mırjaqpytyń da aitqany bar. Divaev turaly Maǵjannyń da jazǵany bar.

Aleksandr Viktoroviş Zataeviş qazaq halqynyń 1000 äni men 500 küim jinap bastyruyna Aqymet Baitürsynülynyń tikelei qatysy bar.

A.V.Zataeviş 1920-jyly Orynborǵa kelip, alǵaşynda esep keńsesinde jümьs isteidi. *Sinemitografıa* (kinofilm jazu apparaty) *taper* (bi keşterinde oınaityn pianist) bolyp qosymşa aqşa тауып жүреди. Al bos uaqytynda qazaq muzykasyn jinaumen ainalysady. Ol qazaq änin kez kelgen jerden jinady. Köşeden, bazardan, jataqtardan. Ahań o kezde elimizdiń halyq aǵartu komisary, qazırǵıse bilim ministri edi. Aqań Zataeviştıń jümьsy turaly bilip qalyp, ony Narkomprostyń ğylym bölimine *akkompaniator* (süiemeldeuşi muzykant) etip qyzmetke alady.

Gülнар apai Dulatovanyń esteliginde Zataeviştıń Ahańdardyń üinde de Mırjaqovtardyń üinde bolyp än jazǵany baiandalady...

Aqań tek än oryndap berudi ğana emes, än-küi jinauda ony жүieleude Zataeviшке aqyl – keñes berip otyrǵan. Kompozitor kitabynda: «qazaq tarihy men türmys etnografiyası salasy boıynsha öziniń bedeldi nūsqau, keñesteri және түсіндірулерімен meniń көптеп jinaған materialдарыма баǵdar jasauyma көp kömegi tidı, osy kömegi üşin oǵan erekше alǵysymdy aitudan eş jalyqpaimyn», - dep zor alǵys bildirgen.

Aqańnyń el arasynda bedeli sümьdyq zor bolǵan. «Qazaq» gazetіne aiypıl salyp, onyń redaktoryn qamaimyz degende qazaq bailary kepil aqşa qüiyp, bosatyp alǵan. Aqańdy бүkil qazaq dalasy tanityn bolǵan.

L.F.Eniseeva-Varşavskaiа degen juranalistiń derekti filmіндеǵı bır кейіпкерdiń aituyınша birde ауылдарына бір орыс келіп, балаларды мектепке jinap äн айтүп беріңдер мен jazyp alamyn. Маған äн jazuǵa көмектесуді senderge Aqań tapsырды depti. Onyń айтүп түрǵаны ардақты Aqymet Baitürsynüly екендiгін білгенде so jerдеǵı балалардыń бәрі äн айтүп беруге қүлшyna kırискен екен.

Aqańnyń halyq mürasyn түgendeушілік eńbegi Mäskeudiń «Künşyǵys» baspasynan 1923-jyly halyq jyry «Er Saiyndy», 1926-jyly «23 joқтаudy» kıtap qylyp bastyruymen jalǵasty.

Biyl Ahmet Baitürsynülynyń tuǵanyна 150 жыл толып отыр. Aqtalǵанына otyz жылдан assa da бız onyń mürasyn толық jinai almaı otyрмыз. Alda äli jümьs көp. Eñ bastysy бız Aqań eńбектеріне бүgingi ğylymnyń damu biğinen baǵa беретін академиялық basylymyn шыǵаруымыз керек. Sondai-aq joǵарыда айтүлған сан қырын тереңірек зерттеп, ұрпаққа үлгі ete bilimиз керек.



**А.Ж.АБАСИЛОВА**

*А.Байтұрсынұлы атындағы  
№211 орта мектеп*

## ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА КЕЗЕҢІ

А.Байтұрсынұлының уикипедиялық, энциклопедиялық, ғылыми-танымдық анықтамалықтарда берілген өмір мен шығармашылық жолына назар аударсақ, оны туған жері Торғайдан бастап, білім алған қаласы Орынбор, алғашқы еңбек жолы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралыда басталғаны, одан Семейде түрмеде болғаны, одан қайта Орынборда газет шығаруы, Ташкентте, Алматыда институтта сабақ беруімен жалғастырып хронология жасайды. Бір қызығы А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған мұнан да басқа шағын мақалалардан бастап үлкен көлемді зерттеулерге дейін оның Қызылордада өмір сүрген жылдары туралы айтылмайды. Ол кезеңді үнемі аттап өтеді не ұмыт қалдырады. Бұл біздіңше, А.Байтұрсынұлының өмір жолы мен шығармашылық жұмыстарын зерттеудің әлі де бір ізге түспегенін, жүйеленіп болмағанын, көптеген өмір белестерінің белгісіз жақтарының көп болуымен түсіндіріледі. Соның ішінде, әсіресе, біз нысана етіп отырған А.Байтұрсынұлының Қызылордалық кезеңі мүлде қарастырылмаған деп айтуға да негіз бар. Сондықтан бұл кезең ғалымдар тарапынан әр қырынан зерттелуі тиіс.

А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты мектеп оқылықтарында, әртүрлі анықтамалықтар мен энциклопедияларда, көлемді монографиялық зерттеулерде т.б. берілген мәліметтерді жинақтай, топтай айтсақ, оны үшке бөлуге болады:

**1-кезең.** 1895-1909 жылдары 13-14 жыл бойы бала оқытты (Торғай, Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы кезеңі).

**2-кезең.** 1913-1929 жылдары газет-журнал беттерінде, мәслихат-жиындарда қазақ даласындағы оқу-ағарту жайын кеңінен сөз етті, ұсыныстар жасады (Орынбор және Қызылода, Ташкент, Алматы кезеңі).



**3-кезең.** 1929 жылғы шілдеден 1931 жылдың қаңтарына дейін Мәскеудің бутыркасында отырады да, содан соң Архангельск облысына жер аударылады. Бұдан ол мерзімінен бұрын босап, 1934 жылы қайтып оралады. Бірақ бұл бостандық та қысқа болды. Небәрі үш жылға жетер-жетпес уақыттан кейін 1937 жыл 8 қазанда қайтадан қамауға алынып, ақыры атылады (Алматы кезеңі).

Сонда А.Байтұрсынұлының қазақ қоғамы мен ғылымына еңбек етіп, тер төккен кезеңі бірінші және екінші кезеңде болса, екінші кезең ішіндегі 1925-1928 жылдары Қазақ елінің астанасы болған Қызылорда қаласында тұрып, ұлт жұмысының көшбасында болған уақыты екенін көруге болады. Сондықтан оны болашақта арнайы зерттеудің маңызы байқалады.

А.Байтұрсынұлы шығармашылығының Қызылорда кезеңіндегі Қазақ халық білім беру институтындағы оқытушылық қызметінен бөлек, өзінің үзбей айналысқан ғылыми шығармашылығының шыңы ретінде танылатын «Тіл-құрал» атты оқулық кітабы бірнеше рет толықтырылып, өңделіп қайта басылып отырған. Жалпы бұл еңбек алғаш 1914 жылы Орынборда жарық көрген. Көлемі 53 бет. Кейін ол әр жылдарда толықтырылып жазылып отырған. Мысалы, 1915 жылы (Орынборда, көлемі 120 бет), 1918 жылы (Ташкентте, көлемі 32 бет), 1920 жылы (Ташкентте, көлемі 96 бет), 1920 жылы (Қазанда, көлемі 104 бет), 1922 жылы (Ташкентте, көлемі 90 бет), 1922 жылы (Ташкентте, көлемі 96 бет), 1923 жылы (Орынборда, көлемі 128 бет), 1923 жылы (Орынборда, көлемі 46 бет), 1923 жылы (Орынборда, көлемі 68 бет), 1924 жылы (Орынборда, көлемі 48 бет), 1924 жылы (Орынборда, көлемі 128 бет), 1924 жылы (Орынборда, көлемі 67 бет), 1925 жылы (Қызылордада, көлемі 39 бет), 1925 жылы (Қызылордада, көлемі 122 бет), 1925 жылы (Қызылордада, көлемі 73 бет), 1926 жылы (Қызылордада, көлемі 39 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 39 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 122 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 73 бет), 1927 жылы (Қызылордада, көлемі 73 бет), 1928 жылы (Ташкент-Қызылордада, көлемі 72 бет) [1]. Осы мәліметтен көріп отырғанымыздай «Тіл-құрал» Қызылорда қаласында 1925 жылы 3 рет, 1926 жылы 1 рет, 1927 жылы 4 рет және 1928 жылы 1 рет, барлығы 9 рет жарық көрген.

Сондай-ақ «Әдебиет танытқыш» еңбегі де осы Қызылорда қаласында жазылып, жарық көрген. Осылармен қоса А.Байтұрсынұлының «Тіл жұмсар» бастауыш мектепке арналған оқулық кітабы да 1928 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақстан баспасынан жарық көрген. Сонымен бірге А.Байтұрсынұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған Оқу құралы хрестоматиясы Қызылорда қаласында 1926-1927 жылдары екі рет басылып шыққан. «Әліпби, жаңа құрал» оқулық кітабы Қызылорда баспаханасынан 1926 жылы жарық көрген. А.Байтұрсынұлының қазақ халқының басында болған қайғылы оқиғаларды сипаттайтын өзгеше бір жыр өрнегі 23 жоқтаудың басын құрастырып, «Жоқтау» деген жинағы да Қызылорда кезеңінде жазылып, басылуы үлкен маңызы бар тарихи факт.



А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми-ағартушылық қызметінің Қызылорда кезеңіне қатысты мәліметтер өте аз және оны арнайы зерттеу де әлі жолға қойылып жүйеленбеген. Біз осы ғылыми жоба жұмысымызда қолылымызда бар екі нақты мәліметке сүйендік. Оның бірі – Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың «Алаштың сөнбес жұлдыздары» және «Шындық шырағы» атты екі естелігі. Екіншісі – Қазақстан Республикасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві. 184 қор. 1-тізімдеме, 17-ісі.

Алдымен Гүлнар Міржақыпқызының «Алаштың сөнбес жұлдыздары» еңбегіндегі А.Байтұрсынұлының Қызылорда қаласына қалай келгені, қайда орналасқаны, қызметі туралы көрген-білген естелігінен үзінділер келтірейік:

*1925 жылдың басынан бастап Орынбордан Қызылордаға қоныстану жағды шұғыл жүріп жатты. Барлық мекемелер, оқу орындарын (біз оқыған тәжірибе мектебінен басқаларын), емханаларды көшірер алдында дайын ғимараттар, орнықты мекенжайларды іздестіру үшін Қызылордаға арнайы уәкілдерді жіберген көрінеді. Көші-қон оңалықпен бірден орнына келе қойсын ба? Кәдеге асатындай үйлер тез табыла қоя ма? Өйткені шағын қалада ыңғайлы ғимараттар бармақпен санап алғандай аз. Сондықтан үкімет жедел шешім шығарып, үйлер салғыза бастады. Алдымен үкімет басшыларына Мальков көшесінде жеке-жеке коттеждер салынды. Әр мекеменің қызметкерлері қала тұрғындарының жекеменшік үйлерін жалға алып, біртіндеп орналаса бастады.*

*Папам Қостанайға кеткенінде Ахмет атекем Орынборда болатын. Қызылордаға барып орналау үшін алдымен тұрғын үй керек. Сол себепті, үй қарастыруға Бадрисафа әжекемді Қызылордаға жіберген екен, бұл туралы Әлиханға жазған хатынан белгілі болып отыр.*

*Бадрисафа әжекем шаруға икемді, пәтер таңдауға келгенде тәжірибесі мол кісі. Қызылордаға келісімен жатпай-тұрмай тұрғын үй іздестіре бастаған. Қала тұрғындарының талай үйлерін көріп, қолайлы тұрақ таппа алмай біраз әуреленіпті. Ахаңның бәйбішесімен жолығып, танысқан кісілер көмектерін бере бастаса керек. Басты рөл атқарған, жәрдемдескен Қармақшыда туып-өскен, Ташкенттің мұғалімдер семинариясын тамамдаған, отыз жылдан астам ағарту саласында еңбектенген, мектептерде мұғалімдік қызмет атқарған, құрметті зенеткерлікке шыққан – Ибрагим Қасымов төре. Ол кісі Бадрисафа ханымды ертіп, өзінің туған ағасы Ергали төренің үйін көрсеткен екен. Үй қаланың орталығында. Қақпадан кіргенде кең ауланың сол жақ тұсында ұзынша созылған, үй сыртынан қарағанда тұтас болғанымен, ішкі қабырғасымен екі жаққа бөлініпті. Екі бөлігінде екі-екіден бөлмелері мен ас үйі бар екен, кіріп-шығар есіктері де бөлек. Бұл үй екі отбасы тұруына арналғандай. Бір жақсысы әр пәтерге жекеленген ат қора, сарайлары бар. Қораның түкпірінде бау-бақшасы мен өсірген бірнеше түп раушан (роза) гүлдерінің исі аңқиды, одан сәл берірек құдық бар, ернеуінде шынжырмен байланған шелегі тұр.*

*Бадрисафа ханым үйді асықпай теіс қарап шыққан соң, Ибрагим төреге қарап: «Үйіңіз мен көріп жүрген қаланың үйлерінен тәуірлеу екен, маған осы мекенжай ұнап тұр. Бірақ Төремнің (Ахаңды осылай атайтын) өзі көрмейін-*



ше, бұл мәселені ақылдасып алмай, жеке шеше алмаймын. Сондықтан жеделхатпен бүгін шақыртамын. Орынбордан келгенше үйіңізді басқаларға ұсынбай күте тұруыңызды өтінемін», - деп сөзін сыпайы қайырған екен. Күйеуіне салған жеделхатында: «үй табылды. Садовая 9. Шыққаныңызды хабарлаңыз. Бадрисафа» делінген. Шілденің орта шенінде Ахаң Орынбордан Қызылордаға жетті. Үйді көрген соң Ахаңбәйбішесіне риза болып: «Мына мекенжайға қай жағынан сынай қарасаң да, тұруымызға әбден қолайлы екен, басқа үйді таңдамай-ақ қояйық» десе керек, хаңның қолайлы деуі де тегін емес, ойында үйдің екінші жағында өзінің Міржақыбы жас сәбилі болған Гаясымен бір үйде тұруды көздегені [2, 76-77].

Қызылордаға келісімен орналасқан үйіміз Ерғали Қасымов төренің үйі болатын, Садовая, 7. Кейін Селиверстова, 17 Байтұрсыновтың семьясына қарайтын да, ал екінші бөлігінде біздер – Дулатовтың семьясы тұратынбыз... Осы үйде біз 1925 жылдан 1929 жылға дейін әкем қамалғанша А.Байтұрсыновтармен бірге тұрғанбыз.

Астана 1928 жылдың жазында Алматыға ауыса бастағанда А.Байтұрсынов өзінің жұмыс істеп жүрген оқу орымен бірге кешкен-ді. Босаған үйдің орнына Ерғалидің інісі Ибрагим Елікейұлы Қасымовтың семьясы көшіп келген-ді [3, 127].

Гүлнар Міржақыпқызы естелігінде мынадай бір қызық мәліметті Міржақыппен Ақымет арасындағы диалогта береді:

**Міржақып:** - Оу, Ағасы, осынша кешігіп келуіңізге қарағанда, төтеннен қырсық-кедергі болған жоқ па?

**Ақымет:** - Ештеңе де бола қойған жоқ. Өзің білесің ғой, Торғай мен Қызылорданың аралығы шалғай, алыстығынан кешігіңкіреп келуіме тура келді. Оқасы жоқ, әйтеуір жеттік қой. Егер Қостанайдан поезбен шықсам, тез жетер едім, бірақ оның ыңғайы келмеді. Өйткені ауылда өзімнің сақтаулы пәуескем (фаэтон) бартұғын, соны Қызылордаға жеткізу үшін көлікпен шықтым емес пе! Келешекте қолымда ат арбам болуы қажеттігін ойладым, қызметіме жаяу бармай, фаэтоныма мініп жүргенге не жетсін! Оны жүргізуге атқосшыны да ала келдім. Бұл жігіт оқымаған, әке-шешесінен жастай жетім қалып, кім көрінгенге жалданып, күнін көріп жүргенін естіген соң, өзіме жәрдемі тиер, атымды бағып, жүргізер әрі оқытайын деп ала келгенім ғой.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы Қызылорда қаласында 1925-1928 жылдар арасында тұрып, студенттерге сабақ беріп, ғылыми және әдістемелік жұмыстармен айналысқан. Оның Қызылордада сабақ берген оқу орны Қазақ халық ағарту институты деп аталды. Бұл институт алғашқыда арнаулы орта оқу орны ретінде 1919 жылы Орынборда ашылған. Мұнда қазақ мектептеріне мұғалімдар даярланды. Институт оқытушылары мен студенттері елде сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты. Оқу орны 1925 жылы Қызылорда қаласына көшірілді. 1925-1928 жылдары институтта С.Сейфуллин сабақ берген, кейін ректоры болды. 1925-1929 жылдары А.Байтұрсынұлы осы институтта дәріс оқыды.





А.Байтұрсынұлының осы институтта сабақ берген уақытында денсаулығына байланысты 1 рет және басқа да себептерге орай 4 рет студенттерге дәріс бере алмаған. Бұл 1927 жылдың 16-23 қыркүйегінде Қазақ халық ағарту институтының мемлекеттік қаржы тексеру бөлімінің жүргізген актісінде көрсетілген. (Қараңыз: *Қазақстан Республикасы Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві. 184 қор. 1-тізімдеме, 17-іс.*). Онда жұмыс орнында белгілі-белгісіз себептермен болмаған жағдайларына орай, актінің 8-тармағында көрсетілген денсаулығына байланысты жұмыс орнында болмағанына орай бұрын төленген 2 сом ақшаны, актінің 9-тармағында көрсетілген іссапарда болған күндеріне төленген 254 сом 17 тиын ақшаны және осы актінің 7-тармағында кезекті еңбек демалысына төленген 165 сом 98 тиын ақшаны Ахмет Байтұрсынұлының институттың кассасына қайтаруы керек екені айтылған. Бұл дерек 1927 жылдың 29 қарашасы күні мемлекеттік қаржы тексеру бөлімінің инспекторы Зарихиннің қолы қойылған актіде көрсетілген. Осыған А.Байтұрсынұлы түсінік беріп, тексеру комиссиясының ақпараты жеткіліксіз толық емес екенін айтады [4, 127].

Ұлт ұстазы Ақымет Байтұрсынұлы туралы сөз соңын Әбіш Кекілбаевтың мына сөзімен қорытындылауға болады: *«Иә, Ахмет Байтұрсынов – ұлттық дамудың талай жыл әбден тот басып қараусыз қалған, тіпті қараң қала жаздаған тегершегін бір өзі айналдырып көріп, мігірсіз қозғалысқа қосып берген, ертегінің ерлеріндей ерен тұлға. Туған халқының рухани жаңғыруның сырын тап ондай біліп, сол жолда қалтықсыз еңбек етіп, мәңгі ескірмейтін ағыл-тегіл мол үлес қоса алған қайраткер қазақ топырағында оған дейін де, одан кейін де болған емес».*

### Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия /бас ред. Ж.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. -744 бет.].
2. Дулатова Г.Ж. Алаштың сөнбес жұлдыздары. –Алматы: Мектеп, 2010. –355 бет.
3. Дулатова Г.Ж. Шындық шырағы.–Алматы: Мектеп, 2013. –405 бет.
4. Махамбет А. Ахмет Байтұрсынұлы: біз білмейтін деректер// Ана тілі 05 мамыр, 2022





## ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ QYZYLORDA KEZEҢИ

A.Baitursynulynyñ uikipedialyq, ensiklopedialyq, ğylymi-tanymdyq anyqtamalyqtarda berilgen ömir men шығармашыlyq jolyna nazar audarsaq, ony tuğan jeri Torǵaidan bastap, bilim alǵan qalasy Orynbor, alǵashqy eñbek joly Aqtöbe, Qostanai, Qarqaralyda bastalǵany, odan Semeide türmede bolǵany, odan qaita Orynboarda gazet шыǵaruy, Taşkentte, Almatyda institutta sabaq beruimen jalǵastyryp hronologia jasaidy. Bir qyzyǵy A.Baitursynulynyñ ömiri men шығармашыlyǵyna arnalǵan münan da basqa shaǵyn maqalalardan bastap ülken kölemdi zertteulerge deim onyñ Qyzylordada ömir sürgen jyldary turaly aitylmaidy. Ol kezeñdi ünemı attap ötedi ne ümyt qaldyrady. Bül bızdñşe, A.Baitursynulynyñ ömir joly men шығармашыlyq jümystaryn zertteudiñ äli de bir izge tüspegenin, jüielenip bolmaǵanyn, köptegen ömir belesteriniñ belgisiz jaqtarynyñ köp boluymen tüsindiriledi. Sonyñ içinde, äsirese, bız nysana etip otyrǵan A.Baitursynulynyñ Qyzylordalyq kezeñi müldre qarastyryлмаǵan dep aituǵa da negiz bar. Sondyqtan bül kezeñ ğalymdar tarapyнан әr qyrynan zerttelui tiis.

A.Baitursynulynyñ ömiri men шығармашыlyǵyna qatysty mektep oqylyqtarynda, әrtürli anyqtamalyqtar men ensiklopedialarda, kölemdi monografialyq zertteulerde t.b. berilgen мәліметтерdi jinaqtai, toptai aitsaq, ony үшке böluge bolady:

**1-kezeñ.** 1895-1909-jyldary 13-14 jyl boiy bala oqytty (Torǵai, Aqtöbe, Qostanai, Qarqaraly kezeñi).

**2-kezeñ.** 1913-1929-jyldary gazet-jurnal betterinde, мәслиhat-jiyndarda qazaq dalasyndaǵy oqu-aǵartu jaiyn keñinen söz etti, üsynystar jasady (Orynbor және Qyzylorda, Taşkent, Almaty kezeñi).

**3-kezeñ.** 1929-jylǵy şıldeden 1931 jyldyñ qañтарына deim Mäskeudiñ butyrkasynda otyrady da, sodan soñ Arhangel'sk oblysyna jer audarylady. Būdan ol merziminen bürin bosap, 1934-jyly qaityp oralady. Biraq bül bostandyq ta qysqa boldy. Nebäri üş jylǵa jeter-jetpes uaqyttan keim 1937-jyl 8 qazanda qaitadan qamauǵa alynyp, aqyry atylady (Almaty kezeñi).

Sonda A.Baitursynulynyñ qazaq qoǵamy men ğylymyна eñbek etip, ter tökken kezeñi birinşi және екінші kezeñde bolsa, екінші kezeñ içindegi 1925-1928-jyldary Qazaq eliniñ astanasy bolǵan Qyzylorda qalasynda türyp, ült jümьsynyñ köşbasynda bolǵan uaqyty ekenin körüge bolady. Sondyqtan ony bolaşaqta arнай zertteudiñ маңызы baiqalady.

A.Baitursynuly шығармашыlyǵynyñ Qyzylorda kezeñindegi Qazaq halыq bilim beru institutyndaǵy oqytusylyq qyzmetinen bölek, öziniñ üzbei ainalysqan ğylymi шығармашыlyǵynyñ шыñy retinde tanylatyn «Tıl-qūral» atty oqulyq kıtaby birneşe ret tolyqtyrylyp, öñdelip qaita basylyp otyrǵan. Jalpy bül eñbek alǵaş 1914-jyly Orynboarda jaryq körgen. Kölemi 53 bet. Keim ol әr jyldarda tolyqtyrylyp jazylyp otyrǵan. Mysaly, 1915-jyly (Orynboarda, kölemi 120 bet), 1918-jyly (Taşkentte, kölemi 32 bet), 1920-jyly (Taşkentte, kölemi 96 bet), 1920-jyly (Qazanda, kölemi 104 bet), 1922-jyly (Taşkentte,



көлемі 90 бет), 1922-жылы (Ташкентте, көлемі 96 бет), 1923-жылы (Орынборда, көлемі 128 бет), 1923-жылы (Орынборда, көлемі 46 бет), 1923-жылы (Орынборда, көлемі 68 бет), 1924-жылы (Орынборда, көлемі 48 бет), 1924-жылы (Орынборда, көлемі 128 бет), 1924-жылы (Орынборда, көлемі 67 бет), 1925-жылы (Qyzylordada, көлемі 39 бет), 1925-жылы (Qyzylordada, көлемі 122 бет), 1925-жылы (Qyzylordada, көлемі 73 бет), 1926-жылы (Qyzylordada, көлемі 39 бет), 1927-жылы (Qyzylordada, көлемі 39 бет), 1927-жылы (Qyzylordada, көлемі 122 бет), 1927-жылы (Qyzylordada, көлемі 73 бет), 1927-жылы (Qyzylordada, көлемі 73 бет), 1928-жылы (Ташкент-Qyzylordada, көлемі 72 бет) [1]. Осы мәліметтен көріп отырғанымыздай «Тіл-құрал» Qyzylorda қаласында 1925-жылы 3 рет, 1926-жылы 1 рет, 1927-жылы 4 рет және 1928-жылы 1 рет, барлығы 9 рет жарық көрген.

Sondai-aq «Ädebiет tanytqys» еңbegi de оsy Qyzylorda қаласында жазылып, жарық көрген. Осылармен қоса А.Байтүрсінұлының «Тіл жүмсар» бастауыш мектепке арналған оқулық кітабы да 1928-жылы Qyzylorda қаласындағы Qazaqstan баспасынан жарық көрген. Сонымен бірге А.Байтүрсінұлының Т.Шонанұлымен бірге жазған Оқу құралы hrestomatiasy Qyzylorda қаласында 1926-1927-жылдары екі рет басылып шыққан. «Алыпби, жаңа құрал» оқулық кітабы Qyzylorda баспаханасынан 1926-жылы жарық көрген. А.Байтүрсінұлының қазақ халқының басында болған қайғылы оқиғаларды сипаттайтын өзгеше бір жыр өrneгі 23 жоқтаудың басын құрастырып, «Жоқтау» деген жинағы да Qyzylorda kezeңinde жазылып, басылуы үлкен маңызы бар тарихи факт.

А.Байтүрсінұлының қоғамдық-саяси қызметі мен ғылыми-ағартушылық қызметінің Qyzylorda kezeңine қатысты мәліметтер өте аз және оны арнайы зерттеу де әлі жолға қойылып жүііленбеген. Біз осы ғылыми joba жүmysymызда қолылымызда бар екі нақты мәліметке сүйендік. Оның бірі – Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың «Алаштың сөнbes жүлдыздары» және «Шындық шырағы» атты екі естелігі. Екіншісі – Qazaqstan Respublikasy Qyzylorda oblystyq мемлекеттік архиві. 184 қор. 1-тізімдемe, 17-ісі.

Aldymen Гүлнар Міржақыпқызының «Алаштың сөнbes жүлдыздары» еңbegіндегі А.Байтүрсінұлының Qyzylorda қаласына қалай kelgeni, qaida орналасқаны, қызметі туралы көрген-білген естелігінен үзінділер келтірейік:

*1925-жылдың басынан бастап Орынбордан Qyzylordaға қоныстану жағы шүғыл жүріп жатты. Барлық мекемелер, оқу орындарын (біз оқыған тәжірибе мектебінен басқаларын), емханаларды көшірер алдында дайын ғимараттар, орнықты мекенжайларды ізdestіру үшін Qyzylordaға арнайы уәкілдерді жіберген көрinedі. Көші-қон оңалықпен бірден орнына kele қоисын ба? Кәдеге асатындай үілер тез табыла қоia ма? Öіткені шағын қалada yңғaily ғимараттар бармақпен санap алғандай аз. Сондықтан үкімет jedel шешім шығарып, үілер салғыза бастады. Aldymen үкімет басшыларына Malkov көшесінде жеке-жеке kottejder салынды. Әр мекemenің қызметкерлері қала түрғындарының jekemenшік үілерін жалға алып, бirtіндеп орналаса бастады.*

*Papam Qostanaйға ketkenінде Ahmet atekem Orynborда болатын. Qyzylordaға барып орналау үшін алдымен түрғын үі керек. Sol sebepti, үі qarастыруға Badrisafa әjekemді Qyzylordaға жіберген eken, бұл туралы Әлиханға жазған hatynan белгілі болып отыр.*

*Badrisafa әjekem шаруға ikemді, пәтер таңдауға kelgende тәжіribesі mol kısı. Qyzylordaға kelіsimen jatpai-türmai түрғын үі ізdestіre бастаған. Qala түрғындарының talai үілерін көріп, қолailы тұрақ tabba almai biraz әurelenipti. Ahañның бәібішесімен jolyғып, tanysқан kısıлер көмектерін bere бастаса керек. Basty рөл атқарған, jәrdemdesken Qarmaqшыда туып-өскен,*



*Taşkenttiñ mūǵalimder seminariasyn tamamdaǵan, otyz jyldan astam aǵartu salasynda eñbektengen, mektepterde mūǵalimdik qyzmet atqarǵan, qūrmetti zenetkerlikke shyqqan – İbragim Qasymov töre. Ol kısı Badrisafa hanymdy ertip, öziñ tuǵan aǵasy Erǵali töreniñ üiin körsetken eken. Üi qalanyñ ortalyǵynda. Qaqpadan kırgende keñ aulanyñ sol jaq tüsynda üzynsha sozylǵan, üi syrtynan qaraǵanda tütas bolǵanymen, ıshkı qabyrǵasymen eki jaqqa bölınıptı. Eki böliginde eki-ekiden bölmeleri men as üii bar eken, kırıp-şyǵar esikteri de bölek. Bül üi eki otbasy tūruyna arnalǵandai. Bir jaqsysy är päterge jekelengen at qora, sarailary bar. Qoranyñ tükpırinde bau-baqşasy men ösirgen birneşe tüp rauşan (roza) gülderiniñ isi añıdy, odan säl berirek qūdyq bar, erneunde şynjyrmen bailanǵan şelegi tūr.*

*Badrisafa hanym üidi asyqpai teis qarap shyqqan soñ, İbragim törege qarap: «Üiñiz men körıp jürgen qalanyñ üilerinen taurıleu eken, maǵan osy mekenjai unap tūr. Biraq Töremniñ (Ahañdy osylai ataıtyñ) özi körmeiünşe, bül мәселeni aqyldasyp almaı, jeke şeşe almaimyn. Sondyqtan jedelhatpen bügin shaqyrtamyn. Orynboardan kelgenşe üiñizdi basqalarǵa üsynbai küte tūruyñyzdy ötinemin», - dep sözın sypaiy qaiyrǵan eken. Küieune salǵan jedelhatynda: «üi tabylıdy. Sadovaia 9. Şyqqanyñyzdy habarlañyz. Badrisafa» delingen. Şildeniñ orta şeninde Ahañ Orynboardan Qyzylordaǵa jetti. Üidi körgen soñ Ahañbäibişesine riza bolyp: «Myna mekenjaiǵa qai jaǵynan synai qarasañ da, tūruymyzǵa äbden qolaily eken, basqa üidi tañdamai-aq qoiıyq» dese kerek, hañnyñ qolaily deu de tegin emes, oiynı üidiñ ekinşı jaǵynda öziñiñ Mirjaqyby jas säbili bolǵan Gaiasymen bir üide tūrudy közdegeni [2, 76-77].*

*Qyzylordaǵa kelisimen ornalasqan üimız Erǵali Qasymov töreniñ üii bolatyn, Sadovaia, 7. Kein Seliverstova, 17 Baitürsynovtyñ semiasyna qaraityn da, al ekinşı böliginde bizder – Dulatovtyñ semiasy tūratynbyz... Osy üide biz 1925-jyldan 1929-jylǵa deiin äkem qamalǵanşa A. Baitürsynovtarmen birge tūrǵanbyz.*

*Astana 1928-jyldyñ jazynda Almatyǵa auysa bastaǵanda A. Baitürsynov öziñiñ jūmys istep jürgen oqu orymen birge keşken-di. Bosaǵan üidiñ ornyna Erǵalidiñ inısı İbragim Elikeiüly Qasymovtyñ semiasy köşip kelgen-di [3, 127].*

Gülнар Mirjaqypqyzy esteliginde mynadai bir qyzyq мәlimetti Mirjaqyp pen Aqymet arasyndaǵy dialogta beredi:

**Mırjaqyp:** - *Ou, Aǵasy, osynsha keşigip keluñizge qaraǵanda, tötennen qyrsyq-kedergi bolǵan joq pa?*

**Aqymet:** - *Ešteñe de bola qoiǵan joq. Öziñ bilesiñ ğoi, Torǵai men Qyzylordanyñ aralyǵy şalǵai, alystyǵynan keşigiñkirep keluime tura keldi. Oqasy joq, äiteur jettik qoi. Eger Qostanaidan poezben şyqsam, tez jeter edim, biraq onyñ yñǵaiy kelmedi. Öitkeni auylıda özimniñ saqtauly päueskem (faeton) bartūǵyn, sony Qyzylordaǵa jetkizu üşin kölikpen şyqtym emes pe! Keleşekte qolynda at arbam boluy qajettigin oiladym, qyzmetime jaiau barmai, faetonyma minip jürgenge ne jetsin! Ony jürgizuge atqosşyny da ala keldim. Bül jigit oqymaǵan, äke-şesinesin jastai jetim qalyp, kim köringenge jaldanyp, küñin körıp jürgenin estigen soñ, özime jardıemı tier, atymdy baǵyp, jürgizer äri oqytaiyn dep ala kelgenim ğoi.*

Ült üstazy A. Baitürsynüly Qyzylorda qalasynda 1925-1928-jyldar arasynda tūryp, studentterge sabaq berip, ğylymi jäne ädistemelik jūmystarmen ainalysqan. Onyñ Qyzylordada sabaq bergen oqu orny Qazaq halyq aǵartu instituty dep ataldy. Bül institut alǵaşqyda arnauy orta oqu orny retinde 1919-jyly Orynboarda aşylǵan. Mūnda qazaq mektepterine mūǵalimdar daiarlandy. Institut oqytuşylary men studentteri elde sauatsyzdyqty joıu isine





belsene aralasty. Oqu orny 1925-jyly Qyzylorda qalasyна көшірілді. 1925-1928-jyldary institutta S.Seifullin sabaq bergen, keim rektory boldy. 1925-1929-jyldary A.Baitürsynuly osy institutta дәris oqydy.

A.Baitürsynulynyñ osy institutta sabaq bergen uaqytynda densaulyǵyna bailanysty 1 ret jáne basqa da sebepterge orai 4 ret studentterge дәris bere almaǵan. Bül 1927-jyldyñ 16-23 qyrküieginde Qazaq halyq aǵartu institutynyñ memlekettik qarjy tekseru böliminiñ жүrgizgen aktisinde көrsetilgen. (*Qarañyz: Qazaqstan Respublikasy Qyzylorda oblystyq memlekettik arhivi. 184 qor. 1-tızımdeme, 17-ıs.*). Onda jümys ornynda belgili-belgisiz sebeptermen bolmaǵan jaǵdailaryna orai, aktiniñ 8-tarmaǵynda көrsetilgen densaulyǵyna bailanysty jümys ornynda bolmaǵanyна orai бүryn төlengen 2 som aqşany, aktiniñ 9-tarmaǵynda көrsetilgen ıssaparda bolǵan күnderine төlengen 254 som 17 tiyn aqşany jáne osy aktiniñ 7-tarmaǵynda kezektі eñbek demalysyna төlengen 165 som 98 tiyn aqşany Ahmet Baitürsynulynyñ instituttyñ kassasyna qaitaruy kerek ekeni aitylǵan. Bül derek 1927 jyldyñ 29 qaraşasy күni memlekettik qarjy tekseru böliminiñ inspektory Zarihinniñ qoly qoiylǵan aktide көrsetilgen. Osyǵan A.Baitürsynuly түsinik berip, tekseru komisiyasynyñ aqqaraty jetkiliksiz tolyq emes ekenin aitady [4, 127].

Ұлт ұстазы Ақымет Бәйтүрсынұлы туралы сөз соңын Әбіш Кекілбаевтың мына сөзімен қорытындылауға болady: «*Іә, Ahmet Baitürsynov – ұлттық дамудың талай жыл әбден tot basyp qarausyz qalǵan, tıptı qarañ qala jazdaǵan tegerşegin bir özi ainaldyryp көrip, mıǵırsız qozǵalysqa qosyp bergen, erteginiñ erlerindei eren tұлǵa. Tuǵan halqynyñ ruhani jañǵyrunyñ syryn tap ondai bilip, sol jolda qaltyqsyz eñbek etip, мәңgi eskirmeitin aǵyl-tegil mol üles qosa alǵan qairatker qazaq topyraǵynda oǵan dein de, odan keiin de bolǵan emes*».

### Әдебиеттер

1. Ahmet Baitürsynuly. Ensiklopedia /bas red. J.Toibaeva. –Almaty: Qazaq ensiklopediasy, 2017. -744 bet.].
2. Dulatova G.J. Alaştyñ sönbes jұлдыzdary. –Almaty: Mektep, 2010. –355 bet.
3. Dulatova G.J. Шындyқ шыраǵы.–Almaty: Mektep, 2013. –405 bet.
4. Mahambet A. Ahmet Baitürsynuly: bız bilmeitin derekter// Ana tılı 05 мамыр, 2022.





## ТАШКЕНТТЕ «ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ» АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ӨТТІ

2022 жылғы 5 тамызда Ташкентте (Өзбекстан) «Орталық Азия елдерінде ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету» халықаралық конференциясы салтанатты түрде ашылды. Аталған конференция БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының резолюциясы (2011 жыл 27 сәуір) және Өзбекстан Республикасы заңымен (2021 жыл 30 шілде) - 30 шілде Халықаралық достық күні деп жариялану аясында өтті.

Өзбекстанның Халықаралық қатынастар және шет елдермен достық қарым-қатынас комитетінің ұйымдастыруымен өтіп жатқан конференцияға Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі, Сыртқы істер министрі, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан елдерінен келген қонақтар, Елшіліктер, қоғамдық, ұлттық-мәдени ұйымдар өкілдері қатысты.

Шарада «Отандастар Қоры» КеАҚ (Қазақстан) президенті Абзал Сапарбекұлы сөз сөйлеп, Қауымдастықтың қазақ диаспорасымен байланысы жөніндегі іс-тәжірибесімен бөлісті.



Сонымен қатар ол жақында Қырғызстанда өткен Орталық Азия мемлекет басшыларының Консультативтік кеңесінде Орталық Азия елдерінде ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету, халықтарымыздың ортақ мерекелерін, тарихи оқиғаларды қамтыған мәдени-гуманитарлық шараларды бірге өткізу керек деген бастама аясында биыл күзде Өзбекстанда әлемге әйгілі, қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтың 125 жылдығын атап өту жөнінде ұсыныс енгізді.

## ҚАЗАҚ КӨШІНІҢ ТҮРКИЯҒА ҚОНЫСТАНҒАНЫНА – 70 ЖЫЛ

Қазақ көшінің Түркияға қоныстанғанына биыл – 70 жыл. Осыған орай Кемербургаз Киразлыбент Пікнік алаңында арнайы іс-шара өтті.

Ғасырлар бойы Шығыс Түркістанды мекендеген қазақтар 1930 жылдардың аяғында Қытайдың коммунистік қуғын-сүргініне байланысты қоныс аударуға мәжбүр болған еді. Талай қиындықты бастан кешкен олар Такламакан шөлі, Тибет Гималайы, Үндістан мен Пәкістанды мекендеді. Араб теңізі арқылы



Иракқа, одан әрі Түркияға жетті.

Министрлер Кеңесінің 1952 жылғы 13 наурыздағы шешімімен қазақтар Түркияның Ыстанбұл қаласындағы қонақүйлерге орналасты. Қандастарымыз айналысатын кәсібіне, қолөнеріне байланысты Ақсарай Сұлтанханы, Кайсеридің Яхьялы, Йешилхисар және Девели аудандарындағы Кония Исмил және Конья Эрегли Зенген ауылына, Маниса Салихлиге және Нигде Удуқышла Алтай ауылына қоныстанды.

Көші-қонды бастаған қазақтардың саны 25 мыңға жуық екені хабарланды. 1 892 адам Екінші дүниежүзілік соғыстың көлеңкесінде қалған үлкен трагедияны бастан кешіріп, Түркияға жете алды. Олардың ішінде ата-анасынан айрылған балалар, баласынан айрылған ата-аналар бар еді. Олар бір-біріне қамқор болып, үлкен отбасыға айналды.

Қазақтардың Түркияға көшіне 70 жыл толуына орай ұйымдастырылған іс-шарада алдымен Аднан Мендерес мазарында гүл шоқтары қойылып, дұға бағышталып, хаттамалық баяндамалар жасалды. Ауа райының ыстық болғанына әрі жол ұзақтығына қарамастан 1 500-ге жуық қазақ Ыстанбұлдағы Кемербургаз Киразлыбент демалыс аймағына барды. Мұнда Қазақстаннан келген «Атамекен» музыкалық тобы қатысушыларға жақсы көңіл күй сыйлады.





Жиын барысында сөз алған Қазақкент Алтай қауымдастығының президенті Ерхан Йылдыз, Бағжылар қаласының мәрі Абдулла Өздемир және Қазақстан Республикасының Ыстанбұлдағы Бас консулы Әлім Байел бұл күннің мән-маңызына тоқталды. Одан кейін Қазақстандағы шетел қазақтарына жауапты «Отандастар қорының» президенті Абзал Сапарбекұлының құттықтау хаты оқылды.

Жиынға қатысқан қандастарымыз түрік халқына алғыс білдірді. Шығыс







Түркістаннан көшкен кезде шейіт болғандарға арнап Құран хатым оқылды, «Елдің тұтастығы мен бірлігі сақталсын» деп дұға жасалды.

Жиында жастар жағы белсенділік танытты. Қожа Ахмет Ясауи қоры, Нигде Алтай ауылы, Маниса Салихли, Конья Исмил, Кельн, Вена, Париж, Берлин, Мюнхен, Амстердам, Швеция, Норвегия және Англия бірлестіктері және Қазақент Алтай қауымдастығы ұйымдастырған іс-шараға еліміздегі бірлестіктер қолдау көрсетті.



Істанбұл провинциясындағы Үлкі Осаклагі президенті Алпарслан Доған, АК Parti партиясының МКҮК мүшесі Решиде Йүксел, Зейтинбурну әкімінің орынбасары Сафет Өз, Нигде қауымдастығы федерациясы төрағасының орынбасары Үмүтхан Гүлерюз және үкіметтік емес ұйым өкілдері салтанатты іс-шараның қонағы болды.

(Ақпарат дереккөзі <https://turkystan.kz/> сайты)



## ШЕТЕЛДЕН КЕЛГЕН ҚАЗАҚ ӨНЕРПАЗДАРЫ ТАРАЗ ЖҰРТЫН ӨЗ ӨНЕРЛЕРІМЕН ТӘНТІ ЕТТІ

2022 жылғы 11-12-тамыз күндері Тараз қаласындағы «Баласағұн» атындағы мәдениет сарайында «Қасиетті қазақ елі» халықаралық өнер фестивалі (бұдан әрі – Фестиваль) өтті. Фестивальға шетелдегі 8 елден келген өнерпаз қандастарымыз қатысты.

Фестиваль 11 тамызда жұмысын бастады. Бұл күні қолөнершілер бұйымдарын көрмеге орналастырды, одан бөлек барлық қатысушылар көне Тараз қаласының мәдени-тарихи жерлерімен танысып, Жамбыл облысының әкімінің қабылдауында болды.

12 тамызда қатысушылардың барлығы әр аталым бойынша күні бойы өнер көрсетті. Атап айтқанда, фестиваль аясында вокал-дәстүрлі ән айту, жыр мүшәйрасы, терме мен күй сайысы және қолөнер номинациялары бойынша 35 үміткер бақ сынасты. Айта кету керек бұл фестивальге қатысуға барлығы 140 үміткер тіркелді. Өнер фестиваліне Түркия, Иран, Монғолия, Қытай, Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты мемлекеттерден өнерпаздар іріктелді.



Халықаралық өнер сайысының бас жүлдесін Ресейден келген қолөнерші Айнагүл Барамбаева (500 000 теңге және телевизор) иеленді.

Байқау жеңімпаздары:

**I) Жамбыл атындағы “Терме мен Күй” номинациясы бойынша**

I орынды (300 000 теңге) - термеші Жаңғар Мамбетназаров (Өзбекстан);

II орын (200 000 теңге) - термеші Нұрсалиев Жанайдар (Ресей)

III орын (100 000 теңге) - күйші Байзуллаев Арман (Ресей)

**II) Роза Бағланова атындағы “Вокал, Дәстүрлі ән салу” аталымы бойынша**

I орын (300 000 теңге)- Нұршат Зейіпхан, (Қытай)

II орын (200 000 теңге)- Қдырова Инеш, (Украина)

III орын (100 000 теңге)- Рустам Русланов, (Қырғызстан)

**III) Абай атындағы “Мүшәйра” аталымы бойынша**

I орын (300 000 теңге) - Тілектес Ақылбекұлы, (Моңғолия)

II орын (200 000 теңге)- Мырзатхан Танжира, (Моңғолия)

III орын (100 000 теңге) - Абдіқалиев Мейрамбек, (Өзбекстан)

**IV) “Қолөнер” аталымы бойынша**  
I орын (300 000 теңге) - Шалақ Қадифен, (Иран)

II орын (200 000 теңге)- Ырыстанұлы Базар, (Түркия)

III орын (100 000 теңге) - Ханжарбай Сетерхан, (Моңғолия)



Одан бөлек Шерхан Мұртаза атындағы көрермен көзайымы онлайн дауыс беру бойынша термеші Дәурен Құралбек (Қытай елінен) сыйлыққа (400 000 теңге) ие болды. Осымен 5-ші рет өтіп отырған дәстүрлі фестиваль, «Отандастар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен өткізіліп отыр.

Гала-концертке облыс әкімі Нұржігітов Нұржан мырза мен облыс пен қала ресми өкілдері қатысты. Сондай-ақ фестивальдің бас демеушісі: Тараздағы “Qazaq Soda” компаниясы өкілі Мехмет Латиф Чайхан мырза, “Шерхан Мұртаза” атындағы қайырымдылық қорының өкілі Мадина Карымбаева,

“Абай-Жидебай” қорының өкілі Қосыбаев Мирас қатысты. ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының сыйлығы Қазақстанның Стамбұлдағы Бас консулы Әлім Бәйел табыс етті.

Халықаралық фестивальге қатысушы қандастарымыз атажұрт Қазақстанға деген ең шынайы ризашылықтарын білдіріп, ақ жүрек тілектерін жеткізді. Қазақ ұлттық өнерін шет елде дәріптеп, сақтап жүрген өнер адамдары үшін осындай іс-шаралар баға жетпес мүмкіндік екенін атап өтті.

## ШЕТЕЛДЕН KELGEN QAZAQ ÖNERPAZDARY TARAZ JÜRТYN ÖZ ÖNERLERIMEN TÄNTI ETTI

2022-jылғы 11-12-tamыз күндері Taraz қаласындағы «Balasağün» атындағы мәдениет сарайында «Qasietti qazaq elı» халықаралық өнер фестивалы (бүдан әрі – Festival) өтті. Festivalға шетелдегі 8 елден келген өнерпаз қандастарымыз қатысты.

Festival 11 тамызда жұмысын бастады. Бұл күні қолөнершілер бұйымдарын көрмеге орналастырды, одан бөлек барлық қатысушылар көне Taraz қаласының мәдени-тарихи жерлерімен танысып, Жамбыл облысының әкімінің қабылдауында болды.

12 тамызда қатысушылардың барлығы әр аталым бойынша күні бойы өнер көрсетті. Атап айтқанда, festival аясында вокал-дәстүрлі ән аиту, жыр мүшәірасы, терме мен күйі саясы және қолөнер номиналдары бойынша 35 үміткер бақ сынасты. Аита кету керек бұл фестивалге қатысуға барлығы 140 үміткер тіркелді. Өнер фестиваліне Түркия, Іран, Моңғолия, Қытай, Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан сияқты мемлекеттерден өнерпаздар іріктелді.

Халықаралық өнер саясының бас жүлдесін Ресейден келген қолөнерші Айнагүл Барамбаева (500 000 теңге және телевизор) иеленді.

Байқау жеңімпаздары:

I) Жамбыл атындағы “Терме мен Күйі” номинасаясы бойынша I орынды (300 000 теңге) - термеші Жаңғар Мамбетназаров (Өзбекстан); II орын (200 000 теңге) - термеші Нұрсалиев Жаңаидар (Ресей); III орын (100 000 теңге) - күйші Баизуллаев Арман (Ресей).

II) Роза Бағланова атындағы “Вокал, Дәстүрлі ән салу” аталымы бойынша I орын (300 000 теңге)- Нұршат Зеірхан, (Қытай); II орын (200 000 теңге)- Кдырова Інеш, (Украина); III орын (100 000 теңге)- Рустам Русланов, (Қырғызстан).

III) Абай атындағы “Мүшәіра” аталымы бойынша I орын (300 000 теңге) - Тілектес Ақылбекүлі, (Моңғолия); II орын (200 000 теңге)- Мырзатхан Танжира, (Моңғолия); III орын (100 000 теңге) - Абдіқалиев Меірамбек, (Өзбекстан)

IV) “Қолөнер” аталымы бойынша I орын (300 000 теңге) - Шалақ Қадифен, (Іран); II орын (200 000 теңге)- Ырстанұлы Базар, (Түркия); III орын (100 000 теңге) - Ханжарбай Сетерхан, (Моңғолия)

Одан бөлек Шерхан Мұртаза атындағы көрермен көзайымы онлайн дауыс беру бойынша термеші Дәурен Құралбек (Қытай елінен) сыйлыққа (400 000 теңге) ие болды.





Осымен 5-ші рет өтіп отырған дәстүрлі фестиваль, «Отандар қоры» коммерциялық емес акционерлік қоғамының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі мен Жамбыл облысы әкімдігінің қолдауымен өткізіліп отыр.

Гала-концертке облыс әкімі Нұржігітов Нұржан мырза мен облыс пен қала ресми өкілдері қатысты. Сондай-ақ фестивалдің бас демеушісі: Тараздағы “Қазақ Soda” компаниясы өкілі Mehmet Latif Şaihan мырза, “Şerhan Mұrtaza” атындағы қайырымдылық қорының өкілі Madina Karymbaeva,

“Абай-Жидебай” қорының өкілі Qosybaev Miras қатысты. ТҰРКСОІ Halyqаралық ұйымның сыйлығы Қазақстанның Стамбұлдағы Bas консулы Әлім Бәіел табыс етті.

Halyqаралық фестивалге қатысушы қандастарымыз атажұрт Қазақстанға деген ең шынайы ризашылықтарын білдіріп, ақ жүрек тілектерін жеткізді. Қазақ ұлттық өнерін шет елде дәріптеп, сақтап жүрген өнер адамдары үшін осындай іс-шаралар баға жетпес мүмкіндік екенін атап өтті.



## Шетелден келген қазاق өнерпаздары тараз жұрттан өоз өнерлерімен өтантс өтс

2022-жылғы 11-12-тамыз күндері тараз қаласындағы «Баласағұн» атындағы мәдениет сарайында «қасиетті қазак өлі» халықаралық өнер фестивалы (бұдан өары - фестивал) өотті. фестивальға шетелдегі 8 өлден келген өнерпаз қандастарымыз қатысты.

Фестивал 11-тамызда жұмысын бастады. бұл күні қолөнершілер бұйымдарын көрмеге орналастырды, өдан бөлек барлық қатысушылар көне тараз қаласының мәдени-тарихи жерлерімен танысып, жамбыл өблисының ақимінің қабілдауында болды.

12-тамызда қатысушылардың барлығы өар аталым бөйінша күні бөйі өнер көрсетті. атап айтқанда, фестиваль аясында өөкөл-өдастурлы өан айтұ, жер өмұшайрасы, терме мен күй сайысы және қолөнер нөмінатсиялары бөйінша 35 өүмтіккер бақ сынасты. айтә көтө көрөк бұл фестивальға қатысуға барлығы 140 өүмтіккер теркөлды. өнер фестивальына түркия, ыран, монғолия, қытай, ресей, ұкрайна, өзбекстан, қыргызстан сияқты өмөлекөттерден өнерпаздар теркөлды. халықаралық өнер сайысының бас жүлдесын ресейден келген қолөнерші айнагул барамбаөа (500000 теңге және төлеөйзөр) өелөندی.

Байқау жеңімпаздары:

- 1) жамбыл атындағы «терме мен күй» нөмінатсиясы бөйінша
  - 1-орынды (300000 теңге) - термөші жағар мамбөтанзаруө (өзбекстан);
  - 2-орын (200000 теңге) - термөші нурсалыөө жанаидар (ресей);
  - 3-орын (100000 теңге) - күйші байрұллаөө арман (ресей);

- 2) роза бағлануөа атындағы «өөкөл, өдастурлы өан салұ» аталымы бөйінша
  - 1-орын (300000 теңге) - нұршат зөйіпжан, (қытай);
  - 2-орын (200000 теңге) - кдөрүүа ынеш, (украйна);
  - 3-орын (100000 теңге) - рұстам рұслануөө, (қыргызстан);

- 3) абаи атындағы «өмұшайра» аталымы бөйінша
  - 1-орын (300000 теңге) - төлектөс ақылбек ұлы, (моңғолия);
  - 2-орын (200000 теңге) - мерзатхан танжира, (моңғолия);

3- ۆрын (100000 теңге) - ٰبدқалиеۆ меирамбеќ, (ۆзбеќстан)  
4) қолөнер аталмى бойнша

1- ۆрын (300000 теңге) - шалаќ қадыфен, (иран)

2- ۆрын (200000 теңге) - ырыстанўлы базар, (тўркия)

3- ۆрын (100000 теңге) - ханжарбай сећерхан, (моғғолия)

одан бөлек шећерхан мўртатара атындағы көремећ козаимы ынайн даўсы бөрў бойнша тећемеشى даўрен қўралбек (қтыай ьленен) сийлиќқа (400000 теңге) ье болды. ысмен 5- ьшы рет ьотып ьтырған ьдастыўлы феһстиўал, «ўтандастыр қоры» комертсийалыќ ьмес аќтсийонерлик қоғамының ўимдастырўимен қазақстан респўбликасы сиртыќы сyster министерлиќы мен жамбыл ьблисы аќмдығының қолдаўимен ьтызылып ьтыр.

ғала - конысертке ьблисы аќмы нўржықтыў нўржан сырза мен ьблисы пен қала ресми ькльдері қатысты. сондай - аќ феһстиўалдың бас демешысы: тарардағы "Qazaq soda" компаниясы ькльы мећмет латыф чайхан сырза, «шећерхан мўртатара» атындағы қайрымдылық қорының ькльы мадына карымбаеўа, «абай - жидебай» қорының ькльы қосыбаеўа мырас қатысты. тўрксои халықаралық ўимының сийлиғы қазақстаның стамбылдағы бас конысўлы ьльм байел тавыс ьты.

халықаралық феһстиўалге қатысўшы қандастарымыз атажўрт қазақстанға деген ьл шынайы ризашылықтарын ьблдирип, аќ жўрек тилектерин жеткзды. қазақ ўлттық ьнерин шет ьлде дариштеп, сақтап жўрген ьнер адамдары ьўшын ьсындай ьс - шаралар баға жетпес мўمكنдык ькенен атап ьотты.





**ӘБУТӘЛІП ОРЫНҒАЗЫ МҰРАТҰЛЫ**  
*филология ғылымдарының кандидаты,  
 Алматы Менеджмент Университетінің  
 доценті*



## АМАЛ АТАУЛАРЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ ТАНЫМДАР

Жазба күнтізбесі болмаса да, жыл он екі айды өзінше зерттеп, зердесіне түйген қазақ он екі ай ішіндегі әртүрлі амалдарды атадан балаға мирас қып, сабақтай білген. Жыл басы Наурызды ел асыға күткен. Қиыншылығы көп қыстан малды аман алып, шығамын ба деп, қардың тез кетерін, не кетпесін болжаған. Осы күнгі күнтізбесі бойынша 14-наурыз күні қыс бойы аттылы кісіні көтеріп кететін қар бетінде жатқан құмалақ өз салмағымен батса, жаз тез шығады дескен.

Әр жылдың он екі айындағы табиғат құбылыстары халықтық қағидаларға орай қалыптасқан болжамдармен атаулары әдеттегідей наурыз айынан басталады. Олар төмендегідей аталады:

**Өліара.** Екі айдың арасын «өліара» дейді. Осы арқылы айдағы айға болжам жасалады. Өліарада жауын-шашын болса, жаңа келесі айда солай болады дейді халық. Және болжам қатесіз келіп отырған. Е.Жанпейі-

совтің еңбегінде: «Өлі ара – ескі ай бітіп, жаңа ай басталар аралықта екі-үш күндей ай тумайды, көрінбейді. Осы кезді, міне, өлі ара дейді», - деп түсіндірілген.

**Амал.** Жыл он екі айда айналып соғып тұратын ыстық пен суықты, қармен жаңбырды, желмен боранды халық бір сөзбен «амал» деп атаған. Яғни жылдың әр мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарының өткінші тосын аз уақытта болып өтетін өзгерістерінің көрінісін және оның бірнеше түрлерін атаған. Ұлттық сандық ұғымда «жеті амал» бар. Олар: 1. Күннің тоқырауы, 2. қарашаның қайтуы. 3. Үркердің батуы. 4. Мұздың қатуы. 5. Киіктің матауы. 6. Қыс тоқсан. 7. Ай тоғамы.

**Құс қанаты.** Наурыз айының соңғы күндерінде жыл құстары ұшып келе бастайды. Олардың келуімен қар аралас жаңбырмен суық жел тұрады. Мұны ел «құс қанаты» деп атап, амалға жатқызған.

**Аласапыран.** Көктемде наурыз ай-

ында кейде сәуірде қар күрт еріп, жер лайсаң болып, шаруашылыққа қиын күндер туады. Осындай жайсыз қолайсыз мерзімді «аласапыран» дейді.

**Бес қонақ.** Ескіше Наурыз айының 17-21 күндері аралығында болатын жауын-шашынды күндер. Бұл – әр жылы соғып өтетін суық әрі лайсаң мезгіл. Жұрт осы «бесқонақтан» қатты сақтанып, күтініп отыратын болған.

**Самарқанның көк тасы жібитін күн.** Наурыз айының 22-і күні шығыс күнтізбесі бойынша жаңа жыл басталады. Бұл күні шығыста күн жылып, жер жібіп, ашық шуақты мезгілдер басталады. Самарқандағы Ұлықбек обсерваториясына байланысты қағидаға айналған бұл сөз «көктем, жаңа жыл басталады» деген ұғымды білдіреді.

**Отамалы.** Ішкі бөкейліктер: «Ертеде ақсақалдар «Отамалы — ойылған қыс, сәуір — санды қыс, зауза-саратан, сенен де қорқам», — деп мал баққан қазақты сақтандырған» деп айтатынды.

**Қызыр қамшысы.** Сәуір айының орта кезінен аса бере алғаш найзағай ойнайды, жаңбыр жауады, жер бусанады, оңтүстікте аздың жайлы күндері басталады. Осы сәттегі найзағайдың жарқылын халық: «Қызырдың қамшысы шартылдады, қыс кетті» деп есептейді.

**Құралайдың салқыны.** Мамыр айының аяғында соғатын суық желді «Құралайдың салқыны» деп атайды. Өйткені осы желге қарсы киік өз құралайларын аяқтандырып, жүгіртіп, өргізеді. Киік қанша көп болса да олар 2-3 күн ішінде түгелдей төлдеп болады.

**Үркердің батуы.** Кейде мұны «үркердің жерге түсуі» дейді. Маусым айының басында үркер мүлде көрін-

бей кетеді. «Үркердің батуы» деп осыны айтады. Содан кейін 40 күн шілде басталады. «Үркер жерге түспей жер қызбайды» деген сөз осыдан қалған. Шілденің аптап ыстығынан кейін саршада туатын Үркер бір-екі күндік жүріп өткен жаңбырымен тынысты бір кеңітіп тастап отырған, мұны ел *Үркер толғағы* деп атайды.

**Қырық күн шілде.** Маусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталады. Осы аптапты күндерге орай халық арасында «қырық күн шілде» деп аталатын халықтық календарлық атау пайда болған.

**Үркердің толғағы.** Осылай аталатын мал-жанға жайлы кезең шілде айының орта кезінде басталады. Бұл кезде үркер туады, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғая бастайды.

**Таразының тууы.** Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қою бұлт пайда болады. Алғашқы күз нысаны біліне бастайды. «Таразы туса – таң суыр» деген мәтел осындайдан шыққан.

**Мизам шуақ.** Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталады. Жаңбыр жауады, түнде шөп басына шық түседі. Осы кездерде күндізгі шуақты күндер де болады. Далада ұзыннан-ұзақ мизамдар шұбатылады. Мұндай жылы мезгілдерді *мизам шуақ* деп атайды.

Қазақ: «Қыркүйектің қызыл желі» – дейді. Бір жұма аумай, жел оңында түседі. Он екі айда желдің қисынын түзейді – деп, есеп айтқыштың бір тәжірибесі күні (Мәшһүр Жүсіп).

**Қарашаның қайтуы.** Қараша айында құс оңтүстікке қайта бастайды. Бұл кезде алғашқы қар түседі. Күн суиды. Ноябрьдың жиырма бесі – қыс

тоқсанының басы, Үркердің батқан күні болады. Қарақұйрық ұйығады: адал аңның алды (Мәшһүр Жүсіп).

**Бозқыраудың амалы.** Қазан айының 20-21-лері шамасында күн райы салқындай бастайды. Бұл құбылыс «бозқырау» деп те аталған. Бұл суықта алғаш рет көкті үсік шалып, су бетіне қаймақ мұз тұрады. Осы айдың 20-25-і шамасындағы қардың көрінуін «ұшқын» деп атаған. Қыс ұзаққа созылатын жылдары қарашаның 4-5-інде қар түсіп, жатып қалады. Осы айдың 17-19-ы шамасында қай жылы болмасын жылымық болып, кейде жаңбыр жауатынын есепшілер күні бұрын ел құлағына салып отырған.

**Қырбастың қызылы.** Қазақстанның солтүстігінде қыс ерте басталады. Желтоқсанның басында болатын алғашқы аязды жұрт «қырбастың қызылы» деп атайды. Бұл кездерде қатты аязды суықтар болады.

**Ақпан-дақпан.** Ақпан-дақпан амалы өткеннен кейінгі құт айындағы ауа райын түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз деп те атайды. Яғни күннің көзі шуақталып, ашық күндері түс қайта жіпсіленденіп тұратын жайын суреттегені.

Қыс айларында үскірік, бет қаратпас аяз, «тіну» десе түкірік жерге түспес суық сөздері айтылады. Қыстың боранды күндері ақ түтек, ат құлағы көрінбейтін боран, сырғыма, жаяу борасын, ақ байтал ала қаншық деп атап, бұрқасын дауылды сәттерді танытады. Күздегі суық «қара суық» жазғытұрғы желді «самал жел», көктемгі жылы желді «алтын күрек», күн шығып тұрған кездегі сіркіреген жауынды «соқыр жаңбыр», жаумайтын бұлтты «қысыр бұлт», наурыз айындағы ұзарған күн-

ді «ұзынсары» деп айтатын халықтың әдемі теңеулері де бар.

Сол сияқты халық тұжырымы бойынша ауа райы мен табиғат құбылыстарының да пірі мен киесі бар. Олар мынадай:

Жер иесі – Қызыр баба. Су иесі – Сүлеймен пайғамбар. Ай, Күн, Жұлдыз иесі – Дардайыл періште. Жел иесі – Мырқайдар. Табиғат иесі – Мекайыл періште. Қыс иесі – Зымыстан. Боран иесі – Ақпан-Тоқпан. Жаз иесі – Табыстан.

**Жыл мезгілдерімен байланысты айтылатын болжамдары\*.**

Жыл мезгілі қазіргі күнтізбе бойынша көктем, жаз, күз, қыс деп төрт мезгілге берілетіні белгілі. Бұл қазіргі күнтізбедегі топтастыру. Байырғы кездегі күнтізбе бойынша да жыл мезгілі төртке бөлінген. Бірақ әр мезгілдің атауы қазіргіден өзгеше болған: жылтоқсан (көктем), жазтоқсан (жаз), желтоқсан (күз), қыстоқсан (қыс). Жылтоқсанның бұлай деп аталуы жыл сөзінің мағынасына байланысты: л/ш/с дыбыстарының тарихи алмасуына сүйенсек, жыл/жас/жаи/жас+ыл өзара түбірлес, мағыналас сөз.

Жыл әуелде жылдың басы «көктем» дегенді білдірген, жыл құсы, жыл шықты, жыл келді деген тұрақты тіркестер осыны білдіреді.

**Жылтоқсан мезгіліне байланысты лексика-фразеологиялық бірліктер:** жаймашуақ, шуақ, май тоңғысыз – көктемде күннің жандана бастаған шағы; алтын күрек – қыстың соңғы қарын әкететін жел; ұзынсарының желі – наурыздың соңғы онкүндігінде соғатын жел; сәуірдің сарбауыр бұлты; еспе жел – желпінді екпек жел; заулама жел – іркілмей соғатын екпін-





ді жел; өкпек жел – көбіне көктемде соғатын ызғырық жел.

**Жазтоқсан мезгіліне байланысты лексика-фразеологиялық бірліктер:** *аспан айналып жерге түскендей, ми қайнататын ыстық.*

*Жайдақ жел* – жауынсыз, шаңсыз баяу соғатын жел; *жатаған жел* – төмен, жер бауырлап ескен жел; *желең жел, самал жел, мырза жел* – сәл-пәл соғатын жел; *желемік жел* – әлсіз жел. *Будақ бұлт* – шумақ-шумақ бұлт; *желең бұлт* – түтілген шудадай жеңіл бұлт; *қазбауыр бұлт* – ондаған шақырым биіктікте ұсақ мұз түйіршіктерінен пайда болған бұлт.

**Желтоқсан мезгіліне байланысты лексика-фразеологиялық бірліктер:** *шыбынсыз жаз; қара суық; қоңыр күз* – күздің басталған кезі; *қара күз* – күздің соңғы суық айы.

*Зілмәуір бұлт* – аспан күмбезін түгел жапқан ауыр бұлт.

*Қара жаңбыр* – күзгі қалың жаңбыр; *сылбыр жаңбыр* – желсіз күнгі жай жаңбыр; *қылау* – ауадағы су буынан немесе салқын тұман тамшыларынан түрлі зат бетіне, ағаш бұтақтарына қонатын мұз қабаты; *мұзақ* – жаңбыр тамшыларының жерге мұз болып түсуі.

*Өксік жел* – ышқынған қатты жел.

Ашық күндері ормандағы ақ тиін ұясынан шықпай қойса, күн райы бұзылады.

**Қыстоқсан мезгіліне байланысты лексика-фразеологиялық бірліктер:** *үскірік, бет қаратпас аяз, «тіпу» десе түкірік жерге түспес суық, ақ түтек, ат құлағы көрінбейтін боран, сырғыма, жаяу борасын, ақ байтал ала қаншық.*

*Ала қанат қар* – бір аумаққа жауып, бір аумаққа жаумай жерге ала түскен

*қар; жапалақ қар* – ірі түйіршікті жапырақтап жауған қар; *жылбысқа қар* – ери жауған қар; *күпсек қар* – қалың жауған ұлпа қар; *көбік қар* – жерге түскенде астыңғы қабаты ери беріп, беті көпіршіген жұмсақ қар; *қасат қар* – ұзақ жатқан қалың қар; *күртік қар* – беті қатқан, жаяу жүргенде ақсақ ойылатын қалың қар; *қиыршық қар* – жентектелген түйіршік қар; *қырбық қар* – жұқа жауған қар; *омбы қар* – ат бауырлайтын қалың қар; *үрме қар* – жел үрлеп, жиынтықтаған тығыз қар.

Сонымен халық күнтізбесі – есепшілердің көп деңгейлі білімдер жүйесі негізінде жасалған көп полифункционалды кешенді құрылым.

Қазақ есепшісі ақиқат дүниеден, табиғи ортадан әртүрлі ақпарат алады, оны өңдейді, өзінің іс-әрекетінде, қызметінде оны қолданады, дамытады. Байырғы заман есепшісі жер бетіндегі табиғат құбылыстарының алдымен қайталанып отыратын ерекшеліктеріне (циклдік сипатына) ерекше назар аударған: күн суытады, жер бетін қар басады, күн жылиды, қар ериді, көк шығады, жердің оты піседі, шөп басы толады, шөп сарғаяды, жердің оты кетеді, күн суытады, қар түседі. Бұл құбылыс қайталанып отырады. Ал байырғы қазақ есепшілері осы қайталама құбылыстарды мезгілге бөліп, оның қайталамалық сипатын аспан денелерінің қозғалысымен байланыстырып отырады. Оларды қатаң табиғаттың өзі осыған итермеледі. Табиғаттағы стандартты емес, тосын жағдайдан шығудың жолын жер бетіндегі циклден (көктем – жаз – күз – қыс) емес, айдың өзгерісі мен жұлдыздардың қозғалысынан іздеді. Сөйтіп, күнтізбе жүйесінің алғышарттарын жасады.



## AMAL ATAULARYNDAGY LINGVOMÄDENI TANYMDAR

Jazba küntızbesı bolmasa da, jyl on eki aidy özınşe zerttep, zerdesine tüigen qazaq on eki ai ışındegi ärtürlı amaldardy atadan balağa miras qyp, sabaqtaı bilgen. Jyl basy Nauryzdy el asyğa kütken. Qiynşylyğy köp qystan maldy aman alyp, şyğamyn ba dep, qardyñ tez keterin, ne ketpesin boljağan. Osy küngi küntızbesı boiynşa 14-nauryz küni qys boiy attyly kısını köterip ketetin qar betinde jatqan qımalaq öz salmağymen batsa, jaz tez şyğady desken.

Är jyldyñ on eki ayndağy tabiğat qūbylystary halyqtyq qağıdalarğa orai qalyptasqan boljamdar men ataulary ädettegıdei nauryz ainyan bastalady. Olar tömendegıdei atalady:

Ölıara. Eki aidyñ arasyn «ölıara» deidi. Osy arqyly aidağy aiğa boljam jasalady. Ölıarada jauyn-şaşyn bolsa, jaña kelesı aida solai bolady deidi halyq. Jäne boljam qatesiz kelip otyrğan. E.Janpeisovtıñ eñbeginde: «Ölı ara – eski ai bıtip, jaña ai bastalar aralyqta eki-üş kündeı ai tumaidy, körinbeidi. Osy kezdi, mine, ölı ara deidi», - dep túsındırılgen.

Amal. Jyl on eki aida ainalyp soğyp tūratyn ystyq pen suyqty, qar men jañbyrды, jel men borandy halyq bır sözben «amal» dep atağan. İağni jyldyñ är mezgilderindegi tabiğat qūbylystarynyñ ötkinşı tosyn az uaqytta bolyp ötetin özgeristeriniñ körinisin jāne onyñ birneşe türlerin atağan. Ūlttyq sandyq ūğymda «jeti amal» bar. Olar: 1. Künniñ toqyrauy, 2. qaraşanyñ qaituy. 3. Ūrkerdiñ batuy. 4. Müzdyñ qatuy. 5. Kikitiñ matauy. 6. Qys toqsan. 7. Ai toğamy.

Qūs qanaty. Nauryz ainynyñ soñğy künderinde jyl qūstary ūşyp kele bastaidy. Olardyñ keluimen qar aralas jañbyrmen suyq jel tūrady. Mūny el «qūs qanaty» dep atap, amalğa jatqyzğan.

Alasapyran. Köktemde nauryz aynda keide säuirde qar kürt erip, jer laisañ bolyp, şaruashylyqqa qiyn künder tuady. Osyndai jaisyz qolaisyz merzımdı «alasapyran» deidi.

Bes qonaq. Eskişe Nauryz ainynyñ 17-21 künderı aralyğynda bolatyn jauyn-şaşyndy künder. Bül – är-jylysoğyp ötetin suyq äri laisañ mezgıl. Jürt osy «besqonaqtan» qatty saqtanyp, kütinip otyratyn bolğan.

Samarqannyñ kök tasy jıbitin kün. Nauryz ainynyñ 22-ı küni şyğys küntızbesı boiynşa jaña jyl bastalady. Bül küni şyğysta kün jylyp, jer jıbıp, aşyq şuaqty mezgilder bastalady. Samarqandağy Ūlyqbek observatoriasyna bailanysty qağıdağa ainalğan bül söz «köktem, jaña jyl bastalady» degen ūğymdy bildiredi.

Otamaly. İşkı bökeilikter: «Erteде aqsaqaldar «Otamaly — oiylğan qys, säuir — sandy qys, zauza-saratan, senen de qorqam», — dep mal baqqan qazaqty saqtandyrgan» dep aitatyn-dy.

Qyzyr qamşysy. Säuir ainynyñ orta kezimen asa bere alğaş naizağai oinaidy, jañbyr jauady, jer busanady, oñtüstikte azdyñ jaily künderı bastalady. Osy sättegi naizağaidyñ jarqylyn halyq: «Qyzyrдыñ qamşysy şartyldady, qys ketti» dep esepteidi.

Tобылғы жарған. Säuirdiñ soñğy künderinde 2-3 күнге sozylatyn suyq jel soğady. Bül «tобылғы бүршік жарған» iağni ösimdikter tamyр jaidy, alğaşqy kök şyğa bastady degen söz.

Qyzyl jūmyrtqa. Mamyр ainynyñ alğaşqy onküdinginde dala qūstary balapanyn şyğara bstaidy. Halyq tilinde «qyzyl jūmyrtqa» dep atalatyn osy kezderde 1-2 күнге sozylatyn suyq bolady.

Qūralaidyñ salqyny. Mamyр ainynyñ

айағында соғатын суық желді «Құралайдың салқыны» деп атайды. Өйткені осы желге қарсы киік өз құралаларын аиақтандырып, жүгіртіп, өргізеді. Киік қанша көп болса да олар 2-3 күн ішінде түгелдей төлдеп болыды.

Үркердің батуй. Кеіде мұны «үркердің жерге түсуі» деіді. Мәусым айының басында үркер мүлде көрінбеі кетеді. «Үркердің батуй» деп осыны айтady. Содан кейін 40 күн шілде басталady. «Үркер жерге түспеі жер қызбаідy» деген сөз осыдан қалған. Шілденің аптап ыстығынан кейін саршадa tuатын Үркер бір-екі күндік жүріп өткен жаңбырмен тынысты бір кеңітіп тастап отырған, мұны ел Үркер толғағы деп атайды.

Қырық күн шілде. Мәусым, шілде айында 40 күнге созылатын ыстық басталady. Осы аптапты күндерге орай халық арасында «қырық күн шілде» деп аталатын халықтық календарлық атау пайда болған.

Үркердің толғағы. Осылай аталатын мал-жанға жайлы кезең шілде айының орта кезінде басталady. Бұл кезде үркер tuady, жер құрғап, шөп буыны қатып, сарғаия бастаідy.

Таразының тууы. Тамыз айының ортасында ауа райы салқын тартып, қойу бұлт пайда болady. Алғашқы күз нысаны біліне бастаідy. «Таразы туса – таң суыр» деген мәтел осындадан шыққан.

Мизам шауақ. Қыркүйек айының екінші онкүндігінде салқын басталady. Жаңбыр жауady, түнде шөп басына шық түседі. Осы кездерде күндізгі шауақты күндер де болady. Далада ұзыннан-ұзақ мизамдар шұбатylady. Мүндай-жылымеzgilderді мизам шауақ деп атайды.

Қазақ: «Қыркүйектің қызыл желі» – деіді. Бір жұма аумаи, жел оңында түседі. Он екі аида желдің қисынын түзеіді – деп, есеп айтқыштың бір тәжірибесі күні (Мәшһүр Жүсіп).

Сүмбіленің тууы. «Сүмбіле туса – су суыр» деген халық қағидасы бар. Іағни қыркүйектің соңғы онкүндігінде күз келеді. Жауын басталady.

Сүмбіленің суы жүрді. Тамыз айында Сүмбіленің суы жүрмек, сондықтан да Сүмбіленің суы жүріп пе екен? – деп сұраған қазақ. Сүмбіле жаңбыры болып өткен жердің көдесінің түбі көк, малға от болady деп, жылқыны қыста сол жерге тебіндеткен.

Қазанның қара дауылы (жем). Қазан айының ішінде күн суытып, қар аралас жаңбыр болady. Қазанның желі қаққан ауы шөптерді осы амалдан кейін қой, түіе малдары жеп ауылady. Мәшһүр Жүсіптің аитуынша «Ескіше ұшыншы қазанда құмырсқа жер астына кетеді».

Қараşаның қайтуы. Қараша айында құс оңтүстікке қайта бастаідy. Бұл кезде алғашқы қар түседі. Күн суидy. Ноиабрдің жиырма бесі – қыс тоқсанының басы, Үркердің батқан күні болady. Қарақұйрық ұйығady: адal аңның алды (Мәшһүр Жүсіп).

Бозқыраудың амалы. Қазан айының 20-21-лері шамасында күн райы салқындай бастаідy. Бұл құбылыс «бозқырау» деп те аталған. Бұл суықта алғаш рет көкті үсік шалып, су бетіне қаймақ мұз тұрады. Осы аидың 20-25-і шамасындағы қардың көрiнуін «ұшқын» деп атаған. Қыс ұзаққа созылатын жылдары қараşаның 4-5-інде қар түсіп, жатып қалады. Осы аидың 17-19-ы шамасында қай-жылыболмасын жылмық болып, кеіде жаңбыр жауатынын есепшілер күні бүрын ел құлағына салып отырған.

Қырбастың қызылы. Қазақстанның солтүстігінде қыс ерте басталady. Желтоқсанның басында болатын алғашқы аязды жүрт «қырбастың қызылы» деп атайды. Бұл кездерде қатты аязды суықтар болady.

Текебұрқылдақ. Желтоқсанның соңғы онкүндігінде қазақ даласында қатты боран соғady. Дәл осы кезде киік текесі мatalady, іағни ұрғашы киіктерді қашырады. Және бұл екі-үш күн ішінде аиақталady. Мамыр айының аиағында киіктердің лақтауы 2-3 күннен әріге созылмауы да осыдан.

Күннің таласуы. Халықтың аитуында «күн





boiy köterdi» deitin uaqyt qañtardyñ alğaşqy künine säikes keledi. Bül kezde aua raiy özgeredi. Qar jauady nemese syrğyma jüredi.

Qys şildesi. Qañtardyñ soñğy kunderinde qys küşine enedi. «Tıpu dese tükırık jerge tüspeitin saqylıdağan sary aiazdar» bastalady. Münü qazaqtar qys şildesi dep ataidy.

Böri syrğaq. Aqpan aiynyñ qysy da aqyryp keledi. «At qūlağy körınbeitin borandar» osy ailarda küş salady. Ai aiağyndağy qarly syrğaq pen qatty borandy kunderde qasqyrdyñ arlany men qanşyğy jūptasady. Syrğaq dep bürşaqtan kışı müzdy qar tüürşikterin aitady. Köpti körgen köneközder bül amaldyñ «böri syrğaq» dep ataluy da osydan şyqqanyn aityp otyratyn.

Aqpan-daqpan. Aqpan-daqpan amaly ötkennen keingı qūt aiynndağy aua raiyn tüske dein kiız, tüsten keim müiz dep te ataidy. İağni künniñ közi şuaqtalyp, aşyq kunderi tūs qaita jipsilendenip tūratyn jaiyn surettegeni.

Qys ailarynda üskırık, bet qaratpas aiaz, «tıpu» dese tükırık jerge tüspes suyq sözderi aitylady. Qystyñ borandy kunderi aq tütek, at qūlağy körınbeitin boran, syrğyma, jaiau borasyn, aq baital ala qanşyq dep atap, bürqasyn dauyldy sätterdi tanytady. Kūzdegi suyq «qara suyq» jazğytürğy jeldi «samal jel», köktemgi-jylyjeldi «altyn kürek», kün şyğyp tūrğan kezdegi sırkıregen jauyndy «soqyr jañbyr», jaumaityn bülty «qysyr bült», nauryz aiynndağy ūzarğan kündi «ūzynsary» dep aitatyn halyqtyñ ädemi teñeuleri de bar.

Sol siaqty halyq tūjyrymy boiynşa aua raiy men tabiğat qūbylystarynyñ da pırı men kiesi bar. Olar mynadai:

Jer iesi – Qyzyr baba. Su iesi – Süleimen paigambar. Ai, Kün, Jüldyz iesi – Dardaiyl perişte. Jel iesi – Myrqaidar. Tabiğat iesi – Mekaiyl perişte. Qys iesi – Zymystan. Boran iesi – Aqpan-Toqpan. Jaz iesi – Tabystan.

Jyl mezgilderimen bailanysty aitylatyn boljamdary\*.

Jyl mezgılı qazırgı küntızbe boiynşa köktem, jaz, küz, qys dep tört mezgilge beriletini belgili. Bül qazırgı küntızbedegi toptastyru. Baiyrğy kezdegi küntızbe boiynşa da jyl mezgılı törtke bölengen. Bıraq är mezgıldıñ atauy qazırgıdan özgeşe bolğan: jyloqsan (köktem), jaztoqsan (jaz), jeltoqsan (küz), qystoqsan (qys). Jyloqsannyñ bülai dep ataluy jyl söziniñ mağnasyna bailanysty: l/ş/s dybystarynyñ tarihi almasuyna süiensek, jyl/jas/jaş/jas+yl özara tübirles, mağnalas söz.

Jyl äuelde jyldyñ basy «köktem» degendi bildirgen, jyl qūsy, jyl şyqty, jyl keldi degen tūraqty turkester osyny bildiredi.

Jyloqsan mezgiline bailanysty leksika-frazeologialyq birlikter: jaimaşuaq, şuaq, mai toñğysyz – köktemde künniñ jandana bastağan şağy; altyn kürek – qystyñ soñğy qaryn äketetin jel; ūzynsarynyñ jeli – nauryzdyñ soñğy onkündiginde soğatyn jel; säurdiñ sarbauyr bülty; espe jel – jelpindi ekpek jel; zaulama jel – ırkılmei soğatyn ekpindi jel; ökpek jel – köbine köktemde soğatyn yzğyryq jel.

Jaztoqsan mezgiline bailanysty leksika-frazeologialyq birlikter: aspan ainalyp jerge tūskendei, mi qainatatyn ystyq.

Jaidaq jel – jauynsyz, şańsyz baiau soğatyn jel; jatağan jel – tömen, jer bauyrlap esken jel; jeleñ jel, samal jel, myrza jel – sälpäl soğatyn jel; jelemik jel – älsız jel. Budaq bült – şumaq-şumaq bült; jeleñ bült – tütilgen şudadaı jeñil bült; qazbauyr bült – ondağan şaqyrym biiktikte ūsaq müz tüürşikterinen paida bolğan bült.

Jeltoqsan mezgiline bailanysty leksika-frazeologialyq birlikter: şybınsyz jaz; qara suyq; qoñyr küz – küzdıñ bastalğan kezı; qara küz – küzdıñ soñğy suyq aiy.

Zılmäuir bült – aspan kümbezim tügel japqan auyr bült.

Qara jañbyr – küzgi qalyñ jañbyr;



sylybyr jañbyr – jelsız künğı jai jañbyr; qylau – auadağy su buynan nemese salqyn tūman tamşylarynan türli zat betine, ağaş būtaqtaryna qonатыn mūz qabaty; mūzaq – jañbyr tamşylarynyñ jerge mūz bolyp tūsı.

Öksık jel – yşqynған qatty jel.

Aşyq künderı ormandağy aq tiın ūiasynan şyqpai qoisa, kün raiy būzylady.

Qystoqsan mezgıline bailanysty leksika-frazeologialyq bırlykter: ūskırık, bet qaratpas aiaz, «tıpu» dese tükırık jerge tūspes suyq, aq tūtek, at qūlağy körınbeıtın boran, syrğyma, jaiıau borasyn, aq baital ala qanşyq.

Ala qanat qar – bır aumaqqa jauyp, bır aumaqqa jaımai jerge ala tūsken qar; japalaq qar – ırı tūıırşıktı japyraqtap jauğan qar; jylbysqa qar – eri jauğan qar; kúpsek qar – qalyñ jauğan ūlpa qar; köbık qar – jerge tūskende astyñgy qabaty eri berıp, betı köpırşıgen jūmsaq qar; qasat qar – ūzaq jatqan qalyñ qar; kūrıtık qar – betı qatqan, jaiıau jürgende aqsaq oiylatyn qalyñ qar; qıyrşyq qar – jentektelgen tūıırşıq qar; qyrbyq qar – jūqa jauğan qar; omby qar – at bauyrlaityn qalyñ qar; sonar qar – alğaş jauğan qalyñ qar; sūrı qar – erte tūsıp erımeı, qys boıy qalyñdağan, tozań topyraq sıñıp betı külgın tartqan nyğyz qar; sıreu qar – ūzaq mezgıl myzğymai jatqan aiaq bastyrmas, kölık jürısine bögeu bolatyn qatty qalyñ qar; ürme qar – jel ürlep, jıyntyqtağan tyğyz qar.

Sonymen halyq küntızbesı – esepşilerdñ köp deñgeılı bılımder jüesı negızinde jasalğan köp polifunksionaldy keşendi qūrlym.

Qazaq esepşısı aqıqat dñnieden, tabıgi ortadan ärtürli aqparat alady, ony öñdeıdı, özımñ ıs-äreketunde, qyzmetunde ony qoldanady, damytady. Baiyrğy zaman esepşısı jer betindegi tabıgat qūbylystarynyñ aldymen qaitalanyp otyratyn erekşelikterine (sikldık sipatyna) erekşe nazar audarğan: kün suytady, jer betın qar basady, kün jylıdy, qar erıdı, kök şyğady, jerdñ oty pısedı, şöp basy tolady, şöp sarğaiady, jerdñ oty ketedı, kün suytady, qar tusedı. Bұл qūbylys qaitalanyp otyrady. Är qūbylystyñ öz mezgılı bolady. Keıbir halyqtardyñ baiyrğy mädeni ömirinde bұл tabıgi qūbylystar aspan älemіндеgi «qozğalystarmen bailanystyra qarastyrylmady», tek jer betindegi özgerıstermen ğana şekteldı. Al baiyrğy qazaq esepşileri osy qaitalama qūbylystardy mezgılge bölıp, onyñ qaitalamalyq sipatyn aspan denelerımñ qozğalysymen bailanystyryp otyrady. Olardy qatañ tabıgattyñ özi osyğan itermeledı. Tabıgattağy standartty emes, tosyn jağdaıdan şyğudyñ jolyn jer betindegi siklden (köktem – jaz – küz – qys) emes, aıdyñ özgerısı men juldızdardyñ qozğalysynan ızdedı. Söıtıp, küntızbe jüiesımñ alğyşarttaryn jasady.





## ПОЛАТОВА АЙНУРА ЖУМАБЕКҚЫЗЫ

*Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың  
«Қазақ филологиясы» мамандығының  
1-курс магистранты*

# ОҒЫЗ ТОБЫ ТІЛДЕРІ БОЙЫНША (ТҮРІК, ӘЗІРБАЙЖАН, ТҮРІКМЕН) ФРАЗЕОЛОГИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР ЕРЕКШЕЛІГІ

«Фразеологизм» сөзінің мағынасын бір сөйлеммен түсіндіру өте қиын. Өйткені фразеологизмдер әрбір ұлттың өмір салтын, өткенін, кейбір мәселелерін, ерекшеліктерін, мәдениетін және қоғамның көптеген басқа да аспектілерін бейнелей алатын қасиетке ие. Әрбір ұлттың фразеологизмдері өзінше айрықшалаанады. Мәселен, континенталды климаты бар жерлерде тұратын халықтар негізінен ауыл шаруашылығымен, мал шаруашылығымен айналысады, сондықтан олардың тілінде өздерінің әдеттегі өмір салты бейнеленеді. Теңіз жағалауында тұратын халықтардың лексиконында балық аулау мен теңізге қатысты сөздер көп кездеседі. Қысқаша айтқанда, фразеологизмдер – әр халықтың өмір салтын, ерекшеліктерін бойына сіңірген, ойды көркем жеткізу үшін пайдаланылатын тіркестер.

Халық қалыптастырған тұрақты сөз тіркестерінің тарихы ежелгі дәуірге барып тірелсе де, тіл білімінің дәл осы саласы жеке бағыт ретінде шамамен жүз жыл бұрын ғана зерттеле бастады. Фразеологизмдерді біздің дәуірімізге дейінгі адамдардың сөздік қорынан да кездестіруге болады. Бұған лингвист-ғалым Нариман Сейдалиев «Әзірбайжан дастаны мен ертегілерінің тілі» атты еңбегінде тоқталады. Ол өз тұжырымын дәлелдеу үшін Аристотельдің «Поэтикасынан» «көз қарауытқанша», Гомердің «Илиадасынан» «жанын қылышпен алу» және Эмпедоклдың «Тазаруынан» «өмірдің батуы» секілді мысалдар келтіреді [1, 16–17]. Аристотель өз шығармаларында метафораларды сипаттай отырып, «фразеология» терминін қолданбаса да, тілде тұрақты тіркестердің барына сілтеме жасайды. Белгілі орыс ғалымы М.В. Ломоносов «Орыс тілінің грамматикасы» атты еңбегінде сөздіктерде тұрақты тіркестерді, мақалдар мен идиомаларды пайдалануды ұсына отырып, фразеологизмдер тақырыбын көтереді. ХІХ ғасырдың басында тілге



тұрақты тіркестердің ене бастағаны жайлы деректер А.А. Потебня, И.И. Срезневский, Ф.Ф. Фортунатов, А.А. Шахматов және т.б. еңбектерінен кездеседі. Дегенмен жалпы тіл білімінде фразеологизмдердің лингвистикалық тұрғыдан зерттеле бастауы француз лингвисті Шарль Баллидың есімімен тығыз байланысты.

Тілдің синтаксистік құрылысындағы құбылыс ең алдымен оның құрамына енетін жеке сөздер тіркесінен айқын көрінеді.

Сөз тіркестеріне синтаксистік бірлік ретінде қарау В.Виноградовтың еңбегінен бастау алады. Ғалым сөз тіркесінің әрбір ұлттың тілдік ерекшеліктеріне сай қалыптасатынын айтады. Түркі тіл білімінде фразеология саласының зерттеу тақырыбына айналуы ХХ ғасырдың елуінші жылдарынан бастау алады. Түркі тілдерінің алғашқы түсіндірме сөздігін құру қажеттілігі біршама фразеологиялық материалдардың жинақталуына және осы тақырыптағы іргелі зерттеулердің жүргізілуіне ықпал етті. Осылайша, С. Н. Мұратов, Г.А. Байрамов, З.Г.Ураксин, Г.Х. Ахунзянов, Я.Ш. Хертек, М.Ф. Чернов, Н.С. Григорьев, А.Т. Тыбыкова, Т.Г. Боргоякова және т.б. еңбектері түркі фразеологиясының дамуына үлес қосты.

Фразеологизмдердің зерттелуіне үлкен еңбегін тигізген В.В.Виноградов болды. Ол бұл тақырыпқа бірден үш мақала арнады. Сондай-ақ фразеологияның бөлек ғылым саласы екендігін көрсетті [2, 239]. Бұл еңбектер жарық көргеннен кейін В.В.Виноградовтың тұжырымы жайлы көптеген шетел ғалымдары да жаза бастады. Олардың арасында Л.А.Булаховский, А.И.Смирницкий, Х.Касарес, А.И.Ефимов, О.С.Ахматова, Б.А.Ларин, Н.А.Баскаков, А.А.Реформатский, А.В.Бабкин, Н.М.Шанский, Н.Н.Амосова, Д.Н.Шмелев, А.В.Кунин және т.б. болды.

#### *Әзірбайжан тіл білімінде фразеологияның зерттелуі*

Осы айтылған кезеңде әзірбайжан тіл білімі тарихында да фразеологияны зерттеу кезеңі басталды. Әзірбайжандық зерттеуші ғалымдар да В.Виноградовтың пікірін негізге алған. Әзірбайжан фразеологиясындағы зерттеулердің алғашқы ерекшелігі – әртүрлі еңбектерде берілген сөздің түрліше қолданылуы. Аталмыш тіл білімінде «идиома» термині алғаш рет Бакир Чобанзаде мен Фарида Агаеваның «Түрік тілінің грамматикасы» атты кітабында қолданылған. Ал «фразеология» термині Мұхтар Гусейнзаденің «Қазіргі әзірбайжан тілі» атты еңбегінен кездеседі. Салим Джафаров М.Гусейнзадемен салыстырғанда «идиома» терминін қолдануды жөн көрген, бұған оның «Әзірбайжан тілінің идиомалары» атты жұмысы дәлел бола алады. Бірақ кейінірек автор «Қазіргі әзірбайжан тілінің лексикасы» атты еңбегінің бір тарауына «Қазіргі әзірбайжан тілінің фразеологиясы» деген атау береді. Абдулазал Демирчизаде де әзірбайжан тілінің стилистикасына арналған кітабында «идиома» терминін пайдаланады. Әзірбайжан тіліндегі фразеологизмдердің зерттелуі басқа оғыз тобындағы тілдерге қарағанда белсендірек жүрді. Бұл тілдегі тұрақты сөз тіркестері жан-жақты зерттелді. Оны келесідей топтарға бөліп көрсете аламыз:

### **1. Теориялық және тәжірибелік бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстары**

Бұл тұрғыда Нигяр Рагимзадениң «Әзірбайжан тілінің идиомалық тіркестері» атты диссертациялық жұмысы, Фидан Салаеваның «XX ғасырдың екінші жартысындағы әзірбайжан тіл біліміндегі фразеология жайлы теорияның дамуы» атты кандидаттық диссертациясы және Гусейн Байрамовтың «Әзірбайжан тілі фразеологиясының негіздері» атты докторлық диссертациясы ерекше көңіл аударуды қажет етеді.

### **2. Стилистика тұрғысынан жүргізілген зерттеу жұмыстары**

Фразеологизмдер – стилистикалық реңкке ие тіркестер. Себебі оларды қолданудың өзіндік реті бар. Бұнда ең алдымен «Әзірбайжан тілінің стилистикасы» кітабындағы Абдулазала Демирчизадениң «Идиомалар немесе идиомалық тіркестер» атты мақаласы ауызға оралады. Камиля Алиеваның «Көркем әдебиеттегі фразеологияның стилистикалық ерекшеліктері» атты үш бөлімнен тұратын кандидаттық диссертациясы тікелей стилистикамен қатысты. Имамет Сулейманованың «Әзірбайжан поэзиясындағы (1990-2000 ж.ж.) стилистикалық фразеология» атты кандидаттық диссертациясы да әзірбайжан тілінің стилистикасымен тығыз байланысты.

### **3. Белгілі бір жазушы шығармаларының негізінде жүргізілген зерттеу жұмыстары**

Әзірбайжан тіл білімінің осы тобына ең көп зерттеу жұмыстары кіреді. Оларды үш топшаға бөле аламыз:

а) белгілі бір жазушы шығармаларындағы тек қана фразеологияның зерттелуі;

ә) белгілі бір жазушы шығармашылығын зерттеуде фразеологияны лингвистиканың басқа да салаларымен қоса қарастыру;

б) белгілі бір жазушы еңбектерінің поэтикалық семантикасын ғана қарастыру.

Біріншіге мысал ретінде Садиг Муртузаветың «М.Ф. Ахундов комедияларының фразеологиясы» және Тюркан Аскерованың «Насими тілінің фразеологиясы» атты монографияларын айта аламыз. Садиг Муртузаевтың жоғарыда аталған еңбегі 1962 жылы «М.Ф. Ахундов комедияларының тілдік және стилистикалық ерекшеліктері» (фразеологиялық материалдар негізінде) атауымен 1962 жылы басылып шықты.

Екінші топшадағы зерттеулерге сәйкес белгілі бір жазушының шығармаларын зерттеуде фразеология лингвистиканың өзге де салаларымен бірге қарастырылды. Зерттеушілердің көбі зерттеудің дәл осы түрін жөн көреді. Мысал ретінде Мусейб Мамедовтың «Н.Наримановтың прозаикалық туындыларындағы лексика мен фразеология», Сулейман Гусейновтың «Гасым бек Закир шығармаларындағы лексика және фразеология», Динара Керимивоның «Мамед Араздың поэтикалық тілі (лексика, фразеология)» атты еңбектерін айтуға болады. Атауларынан көрініп тұрғандай, кандидаттық жұмыстардың әрқайсысының бір бөлімі тек фразеологиямен ғана байланысты.

### **4. Халық ауыз әдебиетін зерттеу негізіндегі зерттеу жұмыстары**

Бұл жерде әзірбайжан тіл білімінің дамуына үлкен үлес қосқан Нариман Сеидалиевтің еңбектерін ерекше атап өткен дұрыс. Ол «Әзірбайжан дастан-



дары мен ертегілері тілінің фразеологиясы» атты еңбегінде фразеологияның көптеген мәселелеріне жете тоқталады. 64 беттен тұратын монографияның алғашқы бөлімінде фразеологияның лингвистикадағы орны жайлы теориялық деректер келтірілген.

**5. Түркі тілдерінің фразеологиясы және олардың салыстырмалы әдіспен зерттелуі**

Бұл бағыттағы зерттеулер теориялық тұрғыдан да, салыстырмалы әдіс арқылы да жүргізілген. Бұл топ бойынша Махаббат Мирзалиеваның «Түркі тілдері фразеологиясының теориялық мәселелері» атты зерттеуі ерекше назар аудартады. Бұл еңбек кіріспеден, екі бөлімнен және үш тараудан тұрады. Кіріспе бөлімінде тіл жүйесіндегі фразеологияның орны жайлы сөз қозғалады.

**6. Әртүрлі тілдер мен әзірбайжан тілін салыстырмалы әдіс арқылы қарастыратын зерттеу жұмыстары**

Гюльнара Садыхованың үш тілдегі (француз, әзірбайжан және орыс) материалдар негізінде жазылған монографиясын айтуға болады. Ал екі тілдегі материалдар негізінде жүргізілген материалдарды үш топқа бөлуге болады:

1) ағылшын және әзірбайжан немесе әзірбайжан және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстары;

2) орыс және әзірбайжан немесе әзірбайжан және орыс тілдеріндегі материалдар негізінде жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстары;

3) неміс және әзірбайжан немесе әзірбайжан және неміс тілдеріндегі материалдар негізінде жазылған ғылыми-зерттеу жұмыстары.

**7. Адам өмірінің әртүрлі салаларын бейнелейтін фразеологизмдерді зерттеу**

Бұл топқа Ханым Йолчиеваның «Адам эмоциялары мен сезімдерін көрсететін фразеологиялық тіркестер», Гюльнара Бабашованың «Әзірбайжан тіліндегі предикативті құрылымдағы фразеологиялық бірліктер», Кямаля Алиеваның «Әзірбайжан тіліндегі гендерлі қатынастарды көрсететін фразеологиялық бірліктер», Айтен Садигованың «Әзірбайжан тіліндегі теоним және деоним компоненттері бар фразеологизмдер» және т.б. еңбектер жатады.

**Түрік тіл білімінде фразеологияның зерттелуі**

Ал енді түрік тіліндегі фразеологизмдердің зерттелуіне назар аударайық. Түрік фразеологиясының негізі Л.Н. Долгановтың еңбектерімен байланыстырылады. С.Н. Мұратов 1967 жылы тілдегі фразеологиялық құрам жайлы мәселені қозғайды: «Тұрақты сөз тіркестерінің кейбір тобы ғана тілдің фразеологиялық құрамын құрайды» [4, 2-3]. Зерттеуші сол кезеңдегі В.Виноградов ұсынған түркі тілдерінің фразеологиялық жүйесіне келісе отырып, үш топты бөліп көрсетеді: лексика-фразеологиялық түрдегі идиомалар; жеке фразеологиялық түрдегі идиомалар және фразеологиялық сөйлеу штамптары. [4, 127].

Жалпы, түрік фразеологизмдерінің зерттелуін үш кезеңге ажырата аламыз. Оның алғашқысы Осман империясы билігіне түспа-түс келсе, екіншісі Түрік



Республикасы қалыптасқан кезден екі мыңыншы жылдарға дейін жалғасса, соңғысы қазіргі ғасырдан бастау алады. Енді осыған жеке-жеке тоқтала өтейік.

**1. Осман империясы билігі тұсында түрік фразеологизмдерінің зерттелуі.** Осман империясы билігі тұсында тұрақты сөз тіркестеріне сөздіктерде өте аз орын берілетін. 1480 жылы белгісіз автормен жазылған және 1936 жылы Велет Избудакпен толықтырылған «Atalar Sözü» (Бабалар сөзі) еңбегі тек мақалдардан ғана емес, кейбір фразеологизмдерден де тұрады. Бұл еңбек 689 тіркестен құралды және түрік тіліндегі тұрақты сөз тіркестерінің бірінші сөздігі болды [5, 56-57].

**2. Түрік Республикасы құрылғаннан кейін фразеологизмдердің зерттелуі.** Ал Түрік Республикасы қалыптасқаннан кейін ұзақ уақыт бойы фразеологизмдерге қатысты «таабир» (ta'bir) сөзі қолданылды. Алайда 1935 жылы түрік тілін зерттеу қауымдастығының басшылығымен османша-түрікше қалта сөздігі жарық көрді және онда «таабир» (ta'bir) сөзінің орнына «дэйим» (deyim) сөзін қолдану ұсынылды, ал бұл сөз «expression», яғни «тіркес» ретінде аударылатын еді. Осылайша, бұл сөз сол кезден бастап айналымға енді. Алайда Мустафа Нихат Озон, М. Халит Байры и М. Шакир Улкюташир сынды жазушылар мен зерттеушілер ұзақ уақыт бойы «таабир» (ta'bir) терминін қолданды.

**3. Түрік фразеологизмдерін зерттеудің жаңа кезеңі.** Түрік тіл білімінде фразеологияның жеке сала ретінде (deyimbilim) дамуы тек 2000 жылдардан басталды және бұнда Д.Аксан мен Л.С.Узунның еңбектері зор еді. Бұған ұзақ жылдар бойы түрік тілінің материалдарын жинақтау мен О.Аксой, ШЭлчин, С.Эмир сынды ғалымдардың зерттеулерін негізге алу түрткі болды. Профессор Ш.Эльчин түрік әдебиетіндегі фразеологизмдерді граммтикалық формаларына қарай 10 түрге жіктейді:

- 1) инфинитив топтағы фразеологиялық бірліктер (haber almak);
- 2) етістігі шақ формасында берілген фразеологиялық бірліктер (қаş уараркен göz çikardı);
- 3) етістікпен септік жалғаулары арқылы байланысқан зат есімнен тұратын фразеологиялық бірліктер (anasından emdiđi süt burnundan gelmek);
- 4) етістіктері бірыңғай жүйемен берілетін фразеологиялық бірліктер (vur patlasın çal oynasın);
- 5) құрамында етістігі жоқ фразеологиялық бірліктер (kel başa şimşir tarak);
- 6) тәуелдік жалғаулы зат есімдері бар фразеологиялық бірліктер (eli boş);
- 7) қайталама сөздерден тұратын фразеологиялық бірліктер(çoluk çocuk);
- 8) түбірлес сөздердің қайталануы арқылы жасалған фразеологиялық бірліктер(boşu boşuna);
- 9) ұйқасқа құралған фразеологиялық бірліктер (azıcık aşım, kaugısız başım);
- 10) болымсыз етістіктен жасалған фразеологиялық бірліктер (ađzını bıçak açtımak).

**Түрікмен тіл білімінде фразеологияның зерттелуі**

Түрікмен тіл біліміндегі фразеологизмдер жайлы деректер ХІ ғасырдан



бастау алады десек қателеспейміз. Себебі Махмұд Қашғаридың түрікменше-арабша сөздігінде мақал-мәтелдермен қатар фразеологиялық бірліктер де берілген еді. Ғалым бұл сөздігін белгілі түрікмен-селжүк сұлтаны Мәлікшактың әпкесіне үйленген Мүктеди Биэмуллахха сый ретінде берген еді. Дәл осы сөздіктегі көптеген фразеологизмдер түрікмен халқының күнделікті өмірінде әлі де қолданыстан шықпаған. Сондықтан түрікмен тіліндегі фразеологизмдер он ғасыр бұрын да кітапқа басылған. Бірақ дәл осы еңбектен кейін түрікмен тіл біліміндегі фразеологизмдер жайлы деректер жиі ұшыраспады, тіпті оның зерттелуі де біраз кешеуілдеді.

Түрікмен тілінде де фразеологизмдер мақал-мәтелдермен бірге берілді. С.Ағабековтың 1904 жылы Ашхабадта жарық көрген түрікмен тіліндегі оқулығы түрікмен тіліндегі фразеологизмдермен танысуға мүмкіндік берді. Ал М.Гельдыев құрастырған Ашхабадта жарық көрген «Түрікментану» атты жинақ түрікмен тіліндегі мақалдар мен фразеологизмдердің алғашқы жеке жинағы еді. Ал олардың синтаксистік ерекшеліктері тілші А. Аннануровтың кандидаттық жұмысының негізгі нысанына айналды. Осы секілді К. Бабаеваның, Б. Джумагелдиеваның, А. Аннамамедованың, М. Абдурахманованың және О. Назаровтың еңбектерінде фразеологиялық бірліктерге талдау жасалған. Сондай-ақ, 1950-1980 жылдары өзге тілдегі оқырмандар үшін түрікмен тіл біліміндегі фразеологиялық бірліктердің аудармасы жасала бастады.

Қорытындылай келгенде, оғыз тобы тілдерінің фразеологизмдері бойынша жазылған кітаптардың, мақалалардың көптігіне қарамастан, фразеологизмдердің әлі де зерттелмеген тұстары да бар. Көрсетілген жеті түрлі бағыттағы зерттеу жұмыстары бір-бірін толықтырып отырады. Ал түрік тіл біліміндегі фразеологияның әлі де кемшіл тұстары жетіп артылады. Мәселен, фразеологизмдерді мақал-мәтелдерден ажыратпау, олардың құрылымына мән бермеу, синтаксистік критерилерді ескермеу және т.б. Түрік тілінде жазылған еңбектердің көбі бір бағытты қамтиды. Бұл фразеологиядағы мәселелердің шешілмеуіне, даулы сұрақтардың тууына түркі болып отыр. Себебі фразеологизмдерге қойылатын таппалардың ескерілмейтін тұстары мысалдарда кездесті. Ал фразеологиялық корпус мүлдем қалыптаспаған. Түрікмен тіл біліміндегі фразеологияның зерттелуі жоғарыдағы екі тілмен салыстырғанда кешеуілдеген қалыпта. Өйткені нақты фразеология жайлы зерттеу жұмыстары аз. Сөздіктер салыстырмалы түрде көп, бірақ фразеологизмдердің құрылымы, ерекшеліктері, белгілері жайлы деректер жиі ұшыраспайды. Сондай-ақ, жеке шығармалар тіліндегі фразеологизмдер сынды талдаулармен ғана шектеледі.

*\*Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09260438 гранты).*



**Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:**

1. Сейдалиев Н. Ф. «Фразеология языка азербайджанских дастанов и сказок», Баку: 2006. 324 с.
2. Ибаев Н.А. О предмете фразеологии в азербайджанском языкознании – Вчені записки ТНУ імені В. І. Вернадського. Серія: Філологія. Журналістика Том 32 (71) № 3 Ч. 1 2021.
3. Демирчизаде А. М. Стилистика азербайджанского языка. Баку: 1962. 271 с.
4. Муратов С. Н. Устойчивые словосочетания в тюркских языках. М.: Издательство восточной литературы, 1961. 131 с.
5. Aksoy, Ömer Asım Atasözleri ve Deyimler Sözlüğü, İnk. Kitb. [Электронды ресурс]. – 18 мамыр, 2016. – Қолданыс режимі: <https://os-russia.com/events/simvol-nauki>
6. Püsküllüoğlu A. Türkçe Deyimler Sözlüğü, Arkadaş Yayınevi. [Электронды ресурс]. – 31 қазан, 2006. – Қолданыс режимі: [http://philol.vernadskyjournals.in.ua/journals/2021/3\\_2021/part\\_1/43](http://philol.vernadskyjournals.in.ua/journals/2021/3_2021/part_1/43)
7. Балтаева В.Т., Евдокимова А.Г., Федотова С.И. О проницаемости лексического яруса при взаимодействии русского и туркменского языков. [Электронды ресурс]. – 2015. № 2-26. – Қолданыс режимі: <https://fundamental-research.ru/article/view?id=38537>







## САБЫР МҰРАТ БӨКЕНБАЙҰЛЫ

*ф.ғ.д., профессор*

*Батыс Қазақстан инженерлік-  
гуманитарлық университеті*

## ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ ТАРИХЫН АРҒЫ ДӘУІРЛЕРДЕН БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Қазақ тілі тарихы - түркітанудағы күрделі мәселелердің бірі. Әдетте тіл тарихы ұлт тарихымен сабақтас өріледі. Қазақ жұртының Еуразия кеңістігіндегі көне халықтардың бірі екені анық. «Қазақ» аталатын бір тұтас халық XV-XVI ғасырларда қалыптасса да «қазақ» этнонимі ерте замандардан мәлім болған. XI ғасырда өмір сүрген ұлы шайыр Фирдоуси өз шығармаларында «қазақ» сөзін қолданған. Бұл туралы А.Левшин былай дейді: «Фирдоуси, живший около 1020г., т.е. за два столетие до появления монголо-татар на западе, в истории Рустема упоминает о народе казаках и ханах казахский. Из сочинений его и древнейших летописей персидских, которыми он пользовался, известно, что казахи древние, подобно позднейшим, прославили имя свое грабежами и набегами» [1,39]. Яғни Фирдоуси шығармаларында «қазақ» сөзі этнос мағынасында қолданылған. Тарихы осылай тереңге тартқан қазақ жұртының тілінің тарихы да қатпарлы дүние.

Қазақ тілі тарихына алғаш ғылыми түрде ізденіс жүргізген Қ.Жұбанов екенін айта аламыз. Ол «Дүниедегі халықтардың барлығы да құранды, «таза» ел жоқ. Білімпаздар қазақты XV-XVI ғасырларды құралған деседі. Ел құранды болғандықтан, тіл де құранды болмақ: шаруа, сән, ән, әңгіме, баға, найза деген сөздердің барлығы да парсынікі. Тілдің қалай өсіп, дамитындығын білу керек. Тілдің тарихын білу деген сөз – оның өніп-өскен жолын білу деген. Демек, тіліміздің сонау ұзақ жолда қандай өзгерістерге ұшырағанын, оған неге ұшырағанын білу керек. Бұрынғы білу – жай әшейін емес, тілді меңгерудің бір амалы. Біз тілді меңгеріп болғанымыз жоқ, толық меңгерсек қана оны дұрыс бағытта өзгерте аламыз», - деп деген еді [2, 120]. XX ғасырдың 30 жылдары Қ.Жұбанов бастаған тіл тарихын теориялық тұрғыдан зерттеу ісі тарихи жағдайлардың себебінен біраз үзіліс тапқаны белгілі. 20 ғасырдың екінші

жартысынан қазақ тілі тарихына ғалымдар көңіл аудара бастады. М.Томанов қазақ тілі тарихын түркі тілдері тарихымен бірлестіре отырып былай жіктеді: 1) Түркі бірлестігіне дейінгі дәуір, - бұл дәуір, шамамен, біздің заманымыздың V ғасырына дейін созылады, екі түрлі бірлестіктен тұрады: Алтай бірлестігі, Хун бірлестігі. 2) Түркі бірлестігі дәуірі, бұл да екі кезеңге ажырайды: Көне түркі қағанаты кезеңі (V-X ғасырлар), Орта түркі кезеңі (X-XV ғасырлар). 3) Қазақ халық тілінің даму дәуірі (XVI-XVIII ғасырлар). 4) Қазақ ұлттық тілінің қалыптасу дәуірі (XIX ғасыр) [3,70]. Түркі бірлестігіне дейінгі Алтай бірлестігі «алтай гипотезасымен» байланысты қойылған атау. Бұл теориялық болжам түркі-монғол, тұнғыс-маньчжур, жапон-корей тілдеріндегі фонетикалық, грамматикалық, лексикалық ұқсастықтар мен ортақ белгілерге сүйенеді. Хун бірлестігі біздің заманымыздың алғашқы жылдарында өмір сүрген Хун империясына байланысты. Түркі тілдерінің қазіргі батыс және шығыс топтарының қалыптаса бастауы осы Хун империясынан басталады. Бұл кезеңде түркі тілдерінің монғол тілдерінен жіктелуі аяқталды десе болады.

Түркі бірлестігі дәуірінің Көне түркі қағанаты кезеңінің бүгінгі түркі халықтарының тарихы үшін маңызы зор. V-X ғасырларда қазіргі түркі тілдерінің негізі қалыптасып, тіл тамыры бой түзеді. Төл өркениетіміздің сілемі терең екеніне ғаламға мәшһүр болған Орхон-Енисей, Талас жазулары куә. Көне түркілер біздің заманымыздың VI-VIII ғасырларда жалпыадамзаттық өркениетке өзіндік жаңалық қосқанын бітіг жазулардан сеземіз.

Қазақ тілі тарихы үшін түркі бірлестігі дәуірінің **орта түркі кезеңінің** мәні зор. X-XV ғасырларда халық тілдерінің негізгі ұйытқысы түзіліп, жеке-жеке тіл болып қалыптасуға бет алған. Жазба ескерткіштерге сүйене отырып орта түркі кезеңін классификациялаудың ғылымда бірнеше үлгісі бар. Н.А.Баскаковтың топтауы бойынша орта түркі кезеңі екіге бөлінеді: Монғол шабуылына дейінгі (X-XII ғ.) және монғол шабуылынан кейінгі (XIII-XIV ғ.) кезеңдер. Ә.Құрышжанов пен А.Ибатов түркі халықтарының әдеби тіл тарихын жазба мұрағаттар тілімен байланыстыра отырып ескі түркі дәуірі (XI-XV ғ.) деп тұтас алып қарастырып, бұл кезеңде түркі тілдерін ең негізгі халықтық белгілері қалыптаса бастаған дейді. Орта ғасырларда түркілер Қытай іргесінен Шығыс Европа, славян елдеріне дейінгі аралықты түгел жайлаған. Қазіргі Қазақстан территориясы әртүрлі түркі тайпалардың ежелгі мекені еді. Осынау ұлан-ғайыр алқапта әртүрлі мәдени ошақтар өркендеп, бірнеше әкімшілік-басқару орындары үстемдік етіп саяси жағдайлардың көрігі қызып тұрған. Мәселен, Шығыс Түркістан аймағын ұйғырлар мен қарлұқтар билеп, басқа да көптеген рулар Қараханид мемлекетіне топтасса, Батыс Түркістан, Хорезм өлкесінде қыпшақтар мен оғыздардың беделі зор болды. Алтын Орда мен Мысырда негізінен қыпшақтар гегемондық дәрежесіне көтеріліп билік басында болды. Бұлар бір-бірімен тығыз әлеуметтік-саяси, мәдени қарым-қатынаста болып, мидай араласып жатқан елдер болатын. Осы тарихи кезеңдердегі тілдік ахуал бүгінгі қазақ тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық деңгейлерінде анық көрінеді. Академик Н.Я.Марр:



«Тіл адамзат басынан өткізген тарихын бүкіл тұтасымен көрсетеді», - деп дұрыс тұжырымдаған [4]. Тіл адамзат өткізген тарихтың күллі жиынтығы. Бүгіннен ескі заманға қарай ізерлеп зерттесек тілдің жер қыртысы сияқты әр қабаттарынан мол дерек аламыз. Қ.Жұбановтың «біз тілді палеонтология жолымен тексереміз. Мұның аты бөлшегіне қарай отырып, бүтінін табу», - деген пікірінің маңызы зор. Бұның өзі қазақ тілі өз тарихын зерттеуге өзі дерек көз бола алады жеген сөз. Қ.Жұбанов «Қазақ тілінің фонетикасы тарихынан» еңбегінде «Өздері жүріп өткен тарихтың ирелең жолдарында басқан іздерінің көмескі табы арақідік сақталып қалған тірі тілдерден бізге жеткен мүмкіндіктерді теріп ала отырып, біз қазақ тілінің даму тарихын фонетика саласы бойынша ізерлеп шығу үшін негізгі дерек көзі ретінде жазба ескерткіштері емес, қазақ тілінің өзін пайдалануға тырасамыз. Бұның өзі тілді оның тарихы тұрғысынан зерттеудің дағдылы жолы болмақ. Бұлай дегенде біз жазу ескерткіштерінің маңызын әсте де жоққа шығармақ емеспіз, тек ескерткіштер тілінің куәгерлігі біздің зерттеуімізде белгілі бір дыбыс типтерінің, сөз тұлғалары мен мағыналарының шығу төркінін айқындайтын түбегейлі дерек бола алмайтынын атап көрсетпекпіз», - пікірі ғылыми құндылығымен ерекшеленеді [5,5]. Дейтұрғанмен жиырмасыншы ғасырдың екінші жартысында табылып, зерттеу нысанына шыққан жазба ескерткіштер қазақ тілінің тарихын зерттеуде мол дерек көз болып отырғанын баса айтқымыз келеді. Қазақ тілі мен жазба ескерткіштер тіліні салыстырып зерттеу сөз жоқ тың деректер бере алады.

Орта түркі жазба жәдігерліктерінің жазылу уақытына, жеріне, сол мұра пайда болған мекендегі халықтардың этникалық құрамына қарай ғылымда мынандай төрт топқа жіктеу жолы бар:

1. Қарахан әулетіне байланысты түріктердің жазба әдеби тілі ескерткіштері(XI-XIIIғ.)
2. Орта Азия түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері(XII-XIVғ.)
3. Алтын Орда мен Мысыр түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері(XIII-XIVғ.)
4. Шағатай түріктерінің жазба әдеби тілі ескерткіштері(XV-XVIғ.)

XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті ортақ тіл болғаны анық. Ғылымда «орта азиялық әдеби тіл», «орта азиялық түркі тілі» терминдері бар. Мұндай аясы тар терминдердің орнына Ә. Құрышжанов пен Ә.Ибатов «орта түркілік жазба әдеби тіл» терминін ұсынады. «Орта түркі әдеби тілі» өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарының түгел, Европа жеріндегі «Дешт-и Қыпшақ» пен қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы - Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған [6,101]. Осы орта түркі әдеби тілінің қазіргі қазақ тілімен а сабақтастықтың, жалғастығын іздестіргенде екі дәуір тіліндегі деректерді салыстыра отырып жүгінеріміз, ең біріншіден дыбыстық өзгерістер. Тіл



бойындағы тарихи өзгерістерді тарихи фонетикалық құбылыстар бойынан зерттеуде тарихи-салыстырмалы әдіске жүгінеміз. Қазақ тілінің күрделі даму тарихында, дыбыстық өзгерістердің нәтижесінде тіл бойында көрінетін альтернатива құбылысының екі саласын принципті түрде ажыратып алған дұрыс. **Дыбыс алмасулары** бір тілдің ішкі деңгейінде ғана болып, белгілі бір фонетикалық заңдылықтарға (сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция) байланысты болатын құбылыс. Бір тіл ішінде де, туыстас тілдер арасында да, өлі тілдер мен тірі тілдер аралығында да дыбыстардың ешқандай фонетикалық ықпалсыз тарихи өзгерістерге ұшырау құбылысы - **дыбыстар сәйкестігі**.

Дыбыс сәйкестіктері фонетика және морфология шеңберінде қарастырылып жүргенмен кей тұста дыбыс сәйкестіктерінің қайсы бір түрін таза фонетикалық не таза морфологиялық құбылыс деп ажырату қиынға соғады. Соңғы кездері мұндай құбылыстарды морфонология ілімі бағытында қарастыру үлгісі байқалады. Қандай да бір фонетикалық ықпалсыз дыбыстардың өзгеріске түсу себебінің бірнеше факторы ғылымда айтылып жүр. Олар: “үйлесімділікке немесе әуезділікке ұмтылу”, “әлеуметтік ортада қалыптасқан дәстүрге бейімделу”, “ұрпақ ауысуы немесе географиялық жағдайдың өзгеруі”, “сөзді айтуға, дыбыстауға кететін энергияны үнемдеу” т.б. Бұл айтылғандардың ішінде тілдік дыбыстардың тарихи өзгерістерінің басты себебі үнемделу, ықшамдалу принциптері терең зерттеліп, теориялық негізі қаланды. Осы бағыттағы И.А.Бодуэн де Куртенэ, В.А.Богородицкий, А.А.Потебня, Е.Д.Поливановтардың еңбектері зор.

Жазба ескерткіштер тілі мен қазақ тілі материалдарына сүйеніп тіл туыстығын зерттегенде біздің ең бірінші жүгінеріміз дыбыс. Тілдерді бір-бірімен салыстырып, олардың ұқсастығы мен айырым белгілері арқылы жақынжуықтығын анықтауда, ең алдымен фонетикалық ерекшеліктеріне сүйеніп, дыбыстық жүйеге баса мән бергеніміз абзал. Өйткені, сөздің сыртқы қалыбы болып есептелетін дыбыстар, мағынаға да өз әсерін тигізеді. Сол себепті Л.Блумфилд: ...изучение языка следует начинать с фонологии и формы, звучания, а не со значения, - деп ескертеді [7,164]. Дыбыс түбірлі өзгерістерге тез ұшырай бермейтін тұрақты тілдік құбылыс, тілдің ежелден келе жатқан материалдық қабыршағы. Әр дәуірдегі, тарихтың әрбір кезеңіндегі дыбыстардың бір-біріне әсерін, түзілуін, сәйкестігін, олардың мағыналық қызметін тарихи жазба ескерткіштердің тіліне сүйеніп зерттеу тарихи фонетиканың негізгі міндеттерінің бірі. Тарихи фонетикасыз тарихи салыстырмалы грамматика, тарихи тіл білімі болмас еді. Фонетиканың арқасында ғана тіл білімі неғұрлым нақты қоғамдық ғылымдардың бірі бола алады десек, асыра айтқандық емес.

Тұлғалық жағына адам танымастай болып өзгерген сөздерді тарих қойнауына індете зерттегенде ежелде қандай түрде болғанын, қазір қандай тұлғада екенін дыбыс сәйкестіктеріне сүйеніп анықтай аламыз. Тіл білімінде фонетикалық құбылыстарды анықтайтын *дыбыс сәйкестіктері* терминімен қатар *дыбыс алмасуы, дыбыстық өзгерістер* деген сияқты сөздер де бар. Академик Ә.Қайдаров тіліміздегі бір буынды түбір мен негіздерді зерттей келе былай

деп тұжырымдады: «Бір буынды түбірлер мен негіздердің тіларалық варианттары немесе дыбыстық рефлекстері әр тілде өзіндік бейнесі бар және туынды сөздердің құрамында консервантты қолданылады. Олардың пайда болуына дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі себеп болады. Дыбыстардың ауысуы немесе сәйкестігі дауыстылар арқылы да және дауыссыздар арқылы да іске асады. Соған қарамастын дыбыстардың сәйкестігі олардың ауысуынан принциптері бойынша ажыратылады. Біз дыбыстардың ауысуында белгілі бір фонологиялық факторлардың әсер етуін түсінеміз, ал дыбыстардың сәйкестігінде мұндай факторлар тіпті жоқ, бір буынды түбір-негіздердің құрамында бұл спонтанды түрде болады. Бұл нақты бір түркі тілінің құрылымдық дамуымен анықталады» [8, 74-75]. Яғни дыбыс сәйкестіктері ешқандай фонетикалық ықпалсыз өзгерістерге ұшыраса, ал дыбыс алмасулары тіліміздегі сингормонизм, ассимиляция, диссимиляция сияқты фонетикалық заңдылықтар бойынша жүзеге асады.

Қазіргі қазақ тілін жазба ескерткіштердің тілмен салыстырғанда фонетикалық варианттар ерекше айқындала келіп, әртүрлі дыбыс сәйкестіктерін түзеді. Бұл дыбыс ауысулары сөз басында айырықша байқалады. Мұндай сәйкестіктердің шығу тегі, тамыры қайда жатыр деген сұраққа жауап іздеген түркітанушылар сөз басындағы басты заңдылықтардың бірі *й~дж~ж~т~д~ч~ш~с~з...* ұлы сәйкестігіне сүйеніп түрлі тұжырымдарды ғылыми ортаға салды. Бірақ түркітанушылар ортақ мәмілеге келе алмады.

Б.Сағындықұлы ұзақ жылдар бойғы зерттеудің нәтижесінде сөз басындағы осы бір жұмбақ сәйкестіктің бір емес, бірнеше аффрикаттан пайда болғандығына анық көз жеткізді. Яғни қыпшақ тілдеріндегі *ж* дыбысы *дж* аффрикаты негізінде, якут тілінде *с* дыбысының *ц* (*тс*) аффрикаты негізінде, қарашай-балқар тіліндегі *з* дыбысының *дз* аффрикаты дамуының нәтижесінде қалыптасқаны мәлім болды. Сонымен сөз басындағы *й~дж~ж~т~д~ч~ш~с~з...* сәйкестігінің толық құрамы мынадай:

*тс(ц)~тш(ч)~тһ~тй~дз~дж~дй~с'~д'з'~т~д~с~з~ш~ж~й~һ~х~қ~к~ғ~г~с'~з'~т'~д'~о* [3,28]. Міне, осы ежелгі сәйкестіктің біз зерттеп отырған ескерткіштер тілі мен қазақ тілі арасында қандай үзіктері бар екенін қарастыру басты парыз.

*Й~ж* сәйкестігін сөз еткенде тіл тарихына бойламай тұра алмаймыз. Аталмыш сәйкестік батыс хун бұтағына жататын тілдерді өз тарапынан екіге бөледі: 1) оғыз (әзербайжан, түрік, түрікпен), қарлұқ-ұйғыр (өзбек, ұйғыр) тілдерінде көптеген сөздер *й* сонорымен басталса, 2) қыпшақ тілерінде дәл сол сөздер ұяң *ж* дыбысы арқылы басталып айтылады.

М.Қашқари түркі тілдерін зерттей келе XI ғасырда жеке қолданылған “қыпшақ тілі” болғандығын атап көрсетеді. Сонымен қатар, ол “қырғыз, қыпшақ, гуз, тухси, яғма, чығыл, арғу, йаруқ тайпалары – бәрі бірдей түрікше бір тілде сөйледі” деп жазады. Белгілі ғалым Н.Т.Сауранбаев осы деректерге сүйене келіп “бұл аталған тайпалар тілдері өзара бірігіп кетіп, бірегей тілге айналған да, ортасынан бір топтан қыпшақ тілін шығарған” дейді. Шынында

да XII ғасырларда қыпшақ тайпаларының салмағы саяси аренада арта түсті. Қыпшақтардың мемлекеттік одағына әр алуан тайпалар бірікті. Қыпшақ тілі сондықтан аралас тіл болды. Бірақ басқа тайпалардың тілінен гөрі үстем тайпа қыпшақтардың тілі гегемондық рөл атқарды.

XI ғасырдың ортасында қолданылған қыпшақ тілінің фонетикалық негізгі көрсеткіші – *дж(ж), с, т, й* дыбыстарының қолданылуы мен *з(з)* дыбысының айтылмай түсіп қалуы болып отыр. Түркі тілдерінде сөз басында *дж, ж* дыбыстарының айтылатынын ең алғаш ескерткен белгілі ғалым А.Н.Бернштам болатын. Ол “О дальнейших следах джекания в тюркских языках Средней Азии” деген мақаласында былай деп жазды: “на территории древнего Казахстана и Киргизии среди племен, составивших западно-тюркский каганат был известен джекающий диалект тюркского языка. Эта языковая особенность по сравнению с восточными тюрками (в Монголии) отражает и известную этническую обособленность среднеазиатских тюрков от монгольских. Западно-тюркский каганат включил тюркские племена и южного Казахстана, которые явились предками ряда среднеазиатских народов, в том числе и современных казахов. Так как последние обладают языками джекающего или, вернее, жекающего диалекта, то можно говорить, что слова, нами разобранные, являются древнейшими следами формирования некоторых среднеазиатских тюркских языков, например казахского... Следует помнить, что древнетюркские племена с джекающим диалектом локализируются на территории, главным образом, Казахстана. Это заставляет нас ставить в известную связь... племена VI-VIII вв. с этногенезисом казахов» [9,113].

Демек Батыс түркі қағанатының түріктері VI ғасырдың аяғында *дж* дыбысымен сөйлеген. Бұл тұста түркітанудағы сөз басында кездесетін *й~дж~т~д~ч~ш~с~з...* күрделі сәйкестігінен аттап кете алмаймыз. Осы бір тарам-тарам болып кеткен күрделі сәйкестіктің түпкітегі **Т[С/Ш]** күрделі аффрикаты екендігін, күрделі аффрикат ыдырағанда **тс, тш, дж, дз** сияқты қарапайым аффрикаттарға, **тй, дй, th, dh** сияқты қосар дыбыстарға бөлініп кеткендігін Б.Сағындықұлы ғылыми жолмен дәлелдеп шықты. Яғни оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдері үшін –**тй**, қарашай-балқар тілі үшін – **дз**, қыпшақ тілдері үшін - **дж** архетип болып есептеледі.

Батыс хун бұтағына жататын түркі тілдерін тұтастай алғанда, оларға **тш(ч)** аффрикаттары – түпкітек. Бұл – қатаң аффрикат **ч** ұяңданғанда **дж** аффрикатына (яғни **тш(ч)>дж**), аффрикат құрамындағы **ш** дыбысын сына **й** дыбысы ығыстырғанда **тй-дй** қосар дыбысына (яғни **тш(ч)>тй-дй**) айналады деген сөз.

Демек, қыпшақ тілдерінің тарихын қатаң **ч** аффрикатынан ұяң **дж** аффрикатының пайда болған кезеңінен бастау қажет. Бір замандарда жарыспалы қолданылған **ч-дж** аффрикаттары мен **тй-дй** қосар дыбыстары да тарихи даму барысында бір орында тоқтап қалмайды. Одан әрі ыдырай түседі. **Дж** аффрикатының алғашқы жапсары **д** элизияға ұшырап **ж** жалаң фонемасы пайда болса, **тй-дй** қосар дыбыстарының алғашқы жапсары **т-д** үнемдеу заңының әсерінен түсіріліп айтылып, жалаң **й** соноры сөздің абсолют басындағы ды-



бысқа айналады. Бұл өзгерістердің өзі кем дегенде соңғы үш мың жылдың шамасында болған болу керек.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Левшин А. Описание киргиз – кайсацких или киргиз – казачьих орд и степей. СПб., 1832, ч. С. 39 – 40.
2. Қ.Жұбанов Қазақ тілі жөніндегі ізерттеулер. Алматы, 2010.
3. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Алматы, 1980.
4. Марр Н. Язык и мышление, Л., 1930.
5. Жұбанов тағылымы, ҮІІ халықаралық ғылыми конференция материалдары. Ақтөбе, 2009.
6. Құрышжанов Ә., Ибатов Ә. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында. // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары. Алматы, 1981.
7. Блумфилд Л. Язык. – М., 1968. – 465 с.
8. Қайдаров А.Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. Алма-Ата, Наука, 1986. -328с.
9. 9.Бернштам А.Н. О древнейших следах джекания в тюркских языках Средней Азии // Сборник Института языка и мышления АН СССР. – М.-Л., 1938. – С. 113-117.





БАҚЫТГҮЛ ҚҰЛЖАНОВА

## ТҮРКІ АКАДЕМИЯСЫ – БҮГІНГІ ТАҢДА ТҮБІ БІР ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ЖОҒЫН ЖОҚТАР, ЖЫРТЫҒЫН БҮТІНДЕР, ТҮРКІ ЖҰРТЫНЫҢ ҒАЛЫМДАРЫ БАС ҚОСАР БІРДЕН-БІР ОРТАЛЫҚ

Түркология ғылымы түркі тілінде сөйлейтін халықтардың тілін, этнографиясын, тарихын, ауыз әдебиетін, мәдениетін зерттеу нәтижесінде қалыптасқан. Біз еліміздегі түркология ғылымының бүгінгі жайкүйі жөнінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Құлжанова Бақытгүл Райханқызымен сұхбаттастық. Ғалым әңгімесінде қазіргі түркология ғылымының тарихы, қазіргі түркология ғылымы қандай бағыттарда жұмыс жасайтыны және еліміздегі түркология саласына қатысты өзге мәселелер туралы ашып айтты.

*- Түркология ғылымдарының қалыптасуы жөнінде не айтар едіңіз? Революцияға дейінгі түркология туралы айтып беріңізші. Кеңес дәуірінде түркология ғылымы мықты болды деген пікір бар. Сол дұрыс па?*

*- Жалпы түркологиялық зерттеулер XVIII ғасырдан бастау алды деп айта аламыз. Оның негізін Батыс Еуропа мен орыс ғалымдарының зерттеулері құрайды. Түркі тілдеріне жеке-дара емес, жалпы зерттеулер жүргізілді. Сол ғасырдың екінші жартысынан бастап Ресейде түркітану ғылымының негізі қаланды. Бұл кезеңдерде Мәскеу, Петербург, Қазан сияқты қалаларында түркология орталықтары қалыптасты. Атақты түркологтар А. Қазембек, Л.З. Будагов, Н.И. Ильминский т.б. ғалымдар түркі тілдерін теориялық жағынан зерттей бастады. XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап түркі тілдері жеке зерттеу нысанына айналып, өзара салыстырыла зерттелді. Түркология ғылымына Ресей де ерекше көңіл бөлді. XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың сексенінші жылдарына дейін бұл салада ірі-ірі еңбектер жариялана бастады. Бұл еңбектер дүниежүзі ғылым әлеміне белгілі.*

В.В. Радлов, В.А. Богородицкий, Э.Наджип, Насилов, Н.А. Баскаков, Серебренников, Севортыан, Щербак сияқты алып түркологтар шықты. Патша өкіметі және Совет өкіметі тұсында түркологияның жақсы деңгейде дамығанын ешкім жоққа шығара алмайды. Дау жоқ.

XX ғасырдың 20 ж. бастап бұрынғы Кеңес одағына қарайтын түркі тілдес республикаларда түркітану орталықтары ашыла бастады. Осы кезеңдерде түркі халықтары тілдерінің алғашқы сөздіктері, грамматикалық еңбектері жарық көрді. Әрине, түркі тілінің бір бұтағы ретінде қазақ тілі де зерттеу нысанына айналды. Қазақ тілінің мәселелері зерттеліп, тілдік ерекшеліктері сипатталды.

**- Түркологияның Бакудегі атақты жиынында ұлттық түрколог мамандар орыс ғалымдарымен терезесі тең сөйлескен дегенге қалай қарайсыз?**

- Бүкіл түркі халықтары үшін аса маңызды болып саналған 1926 жылғы 26 ақпан күні болған Баку түркология құрылтайының жұмысына кеңестік атақты түрколог ғалымдар, Л.В. Щерба, А.Н. Самойлович, К.К. Юдахин, Көпүррүлү-Заде, Құсайын-Заде, Бартольд, Олденбург, Крымскийлермен қатар қазақтың белгілі түрколог ғалымдары, оқу-ағарту өкілдері қатысты. Қазақтың рухын ту қылып барған Ахмет Байтұрсынұлы, Елдос Омаров, Біләл Сүлеев, Нәзір Төреқұлов сияқты қазақ руханиятының бетке ұстарлары қатысты. Қатысып қана қойған жоқ, басқа елден келген делегаттармен терезесі тең отырып, өз ұстанымдары мен ғылыми тұжырымдарын ортаға салды.

Баку түркологиялық құрылтайына ғалымдар «әлемдік деңгейдегі түркі халықтарының тұңғыш құрылтайы» деп баға беріліп отыр бұл күндері. Тарихи дереккөздерге қарап отырсақ, бұл құрылтайда салмақты-салмақты мәселелер көтерілген. Түркітілдес елдерден қатысқан ғалымдар өз тілдерінің ұлттық ерекшеліктерін, мәселелерін көтеріп қана қоймаған, сонымен қатар бүгінге дейін күн тәртібінен түспей келе жатқан ортақ түркі әліпбиі туралы, оны түзіп, қолданысқа енгізу туралы да келелі мәселелерді ортаға салған. Құрылтайда ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы екі рет мінбеге көтеріліп, сөз сөйлегені қазақ терминологиясы мен орфографиясы туралы баяндама жасағаны айтылады. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлы баяндамасының ғылыми ортада қызу қолдауға ие болғанын, мүдделестерінің қатты қолдау білдіргенінен хабарымыз бар. Осындай мәліметтерді оқып, біліп отырып, біз қалай қазақ ғалымдары басқа ел ғалымдарымен терезесі тең болмады деп айта аламыз? Әрине сондай кең ауқымда өткен түркологиялық съезде ұлт тіліне қатысты салмақты ойларын батыл айта білгеніне қарап, түркі жұртына ортақ мәселелерге қатысты пікір білдіргеніне қарап отырып, ұлы кемеңгер ойшыл Ахмет Байтұрсынұлының осы құрылтайдың негізгі қатысушысы, басты тұлғасы болғанын байқай аламыз.

**- Кеңес Үкіметі тарағаннан кейін түркология ғылымы қалай дамыды? Оның қазіргі Орталығы қайда орналасқан? Мәселен, бұрын Ленинградтық түркология мектебі мықты еді.**

Кеңес өкіметі тарағаннан соң, әрине, әр мемлекет жас тәуелсіз ел ретінде өз мемлекеттілігін нығайтуға кірісті. Экономикалық, саяси, мәдени, білім жағынан



түрлі реформалар қолға алынды. Қазақ түркологиясы да Кеңес өкіметі кезінде жасалған түркологиялық ізденістерді әрі қарай дамытуға, өзіндік жаңалықтар қосуға атсалысты. Қазақстан түркологиясында да мықты мамандар қалыптасты. Б.Кенжебаев, Р.Сыздықова, А.Ибатов, Ә.Құрышжанұлы, М.Томанов, Н.Келімбетов, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов, Ж.Түймебаев, Г.Сагидолла, М. Ескеева, М.Сабыр, Р.Досжан, т.б. ғалымдардың есімін атай аламыз.

Ә.Құрышжанұлы - үлкен түрколог. «Кодекс Куманикус» ескерткішін түбегейлі зерттеп, оның тілін халыққа кеңінен таныстырды. Сонымен қатар, «Құтадғу билиг» ескерткішін қазақшаға аударды. Көне түркі ескерткіштері бойынша сүбелі еңбектер берді. Оның еңбегін ғылыми жұртшылық түгелдей мойындады. Р.Сыздық та өмірінің соңғы жылдары ескерткіштерге көңіл бөліп, бірнеше еңбектер жариялады. Соның ішінде Қожа Ахмед Йасауи хикметтері туралы зерттеулері жоғары құнды еңбектер. Арсен Ибатов XIV ғасыр ескерткіштерін зерттеді. «Хусрау уа Шырын» ескерткішінің сөздігін жасап шықты. Осы ескерткіш тілі туралы монография жазды. Осы салада атақты Ә. Наджиптің шәкірті белгілі профессор Б.Сағындықұлының еңбегі де ұшан-теңіз. Лингвостатистика және лингвотекстология бағытын түркологияда бірінші рет ғылыми айналымға енгізді. Бұл туралы еңбегі Түркі Академиясынан екі томдық кітап болып басылып шықты. Бірнеше ескерткіштің аудармасын жасады. Ә. Наджиптің тағы бір шәкірті Ә. Керімов «Гүлстан бит туркиди» қазақша сөйлетті. Осы салада ғылыми жұмыс қорғап, көлемді-көлемді ғылыми зерттеулер жүргізді. Б. Сағындықұлының М.Сабыр, Р.Досжан, Б.Сүйерқұл сынды шәкірттері бүгінгі түркология мәселелері бойынша ғылыми жұмыстар жүргізуде. Қазір де бірнеше тіл білетін, қарымды жас ғалымдар дайындалуда. Осындай нәтижелі жұмыстарға қарап, «Қазақстанда түрколог жоқ, Қазақстанда түркология жоқ» деп жүрген әлдебіреулердің соқыр көзқарастарына соққы бергіміз келеді.

Еліміздің бас қаласында іргетасы қаланған Түркі Академиясы бүгінгі таңда түбі бір түркі жұртының жоғын жоқтар, жыртығын бүтіндер, түркі жұртының ғалымдары бас қосар, салмақты басқосулар, түркологиялық конференциялар мен симпозиумдар, алқалы жиындар өткізер бірден-бір орталық. Біз осындай әлемдік маңызы бар орталықтың елімізде жұмыс жасап жатқанына, оған мемлекет басшысының тікелей қолдау көрсетіп отырғанына сүйсінбеске шарамыз жоқ. Түркі өркениетінің түп-тамырынан бүгінге дейін зерттеу істеріне арналған түрлі бағыттағы жобалар қолға алынып жатыр. Ол жобалар түркі өркениетінің кешегісі мен бүгінгі даму сипатын тануда жасалып жатқан үлкен іргелі жобалар. Академияның осындай жұмыстардың басы-қасында тұруы біздер үшін мақтаным.

**- Қазіргі түркология ғылымы қандай бағыттарда жұмыс жасап жатыр?**

- Түркология дегеннің өзі жалпы айтқанда өте кең ұғым. Түркология- бүкіл түркі әлемін зерттейтін кешенді ғылым. Түркі халықтарына ортақ қоғамдық сана мен ортақ мәдениетті, ортақ әдебиет пен ортақ рухани әлемді жақындастыруға қызмет ететін алып бәйтерек. Ол бәйтеректің құрамай, жапырағын жайқалту, діңін берік ете түсу - бүкіл түркі әлемі ғалымдарының, қала берді бүкіл түркі жұртының қасиетті міндеті.

Түркологияны тек тілдің төңірегіне топтастыру - жаңсақтық. Түркологияның

нысанына тіл, әдебиет, этнография, мәдениет, тарих, археология т.б. салалар да кіреді. Біз, тілшілер алғашқы түркологиялық еңбекті сонау Махмұд Қашғаридан бастаймыз. Себебі, «Дивану лұғат-ат түрік» - түбі бір түркі жұртының асылдарын жинақтаған алғашқы лингвистикалық еңбек, түркі халықтарының тілінен, әдебиетінен алғашқы мағлұматтарды алатын энциклопедия ретінде білеміз.

Рас, Кеңес заманында түркология көбіне лингвистикалық бағытта жұмыс істеді. Енді бүгінгі түркологияға келер болсақ, түркі өркениеті деген бүкіл әлемге жарқыратып көрсетуге тұрарлық жауһарларға тұнып тұрған рухани қазынаны таныту бағытында жұмыс жасап жатқан үлкен көп қырлы сала. Бүкіл Еуразиялық кеңістігін толық қамтитын түркологияны сан алуан тармақтары, сан алуан қырлары бар. Мәдениет, тіл, тарих, этнография, антропология, археология, әдебиет - міне, мұның барлығы түркологияның қазіргі бағыттары мен салалары. Ежелгі дәуірлерден бастау алған тарихи кезеңдер, халықаралық байланыстар, халықтардың түрлі тарихи-мәдени арақатынастары, шаруашылық байланыстары, этномәдени өмірі түркі халықтарының рухани өмірінде өз ізін қалдырып кеткен. Сондықтан осы салалардағы зерттеулерді жүргізу - бүгін мен ертең үшін атқарылатын маңызды жұмыстар. Тамыры терең алып бәйтеректей түркология ғылымының әр саласында жасалған, жасалып жатқан, болашақта жасалар жұмыстар дүниежүзі түркологиясына, қазақ руханиятына қосылар сүбелі еңбектер. Бүгінгі таңда түркологияның әр бағыты мен саласында қомақты істер атқарылуда. Кеңес заманында түркілік дүниетанымның жоғын жоқтауда кеңестік идеологияның ықпалы болып баялағанмен, ол мүлдем тоқтап қалды дей алмаймыз. Бүгін сол жұмыстар өз жалғасын табуда. Мен өзім тілші болған соң тіл саласында атқарылып жатқан көптеген іс-шаралардан хабарым бар. Түркология саласында, жасалып жатқан шаралар, шығып жатқан кітаптар, сөздіктер соның айғағы. Сонау 1926 жылы өткізілген құрылтайдан күні бүгінге дейін қаншама конференциялар, симпозиумдар ұйымдастырылды. Бұл дегеніңіз түркология ғылымы саласында атқарылып жатқан істердің бір сәт те толастамағанының, толастамайтынның дәлелі. Қазір түркология ғылымына деген жаңаша көзқарас қалыптасып отыр. Қызығушылық артып келе жатыр. Соның айғағы ретінде университеттердің Филология факультеттерінде «түркология» мамандықтары ашылып, студенттерді даярлау қолға алынды. Қазіргі жастардың артықшылығы олар бірнеше тілді еркін меңгерген. Әлемдік түркологияда емін-еркін зерттеулер жүргізе алады. Түркологиялық зерттеулердегі күні бүгінге дейін орын алып келе жатқан бір кемшілік - кешенді зерттеулердің жоқтығы. Бір ғана түркі жазба ескерткіштерін алар болсақ, әр халық ол ескерткішті өз халқының мүддесі тұрғысынан зерттейді. Өз тілінің, өз тарихының, өз әдебиетінің тікелей мұрасы ретінде көреді. Бұл ғылымға - қиянат. Бір ғана Жүсіп Баласағұнды алар болсақ, ұйғырлар өзіне, қырғыздар өзіне тартады. Бірнеше түркологиялық конференциялар мен симпозиумдарда баяндама жасадым. Сонда өзім куә болған жайт бұл. Ғылымға мұндай теріс, тиянақсыз көзқарас жасауға болмайды.

**- Қазақстанда түркітанушы ғалымдарды дайындау қандай деңгейде? Жалпы Қазақстанда түркологияның жай-күйі туралы баяндасаңыз.**

- Қазақстанда тәуелсіздіктен соң қазақ ғылымының нығайуына қазақ ғалымдары

аянбай үлес қосты. Қанша дегенмен түркология тәуелсіздік жылдарында қайта жандана бастады. Жоғарыда айтып өткен елімізде жасалып жатқан жұмыстар соның айғағы. Еліміздегі белді жоғары оқу орнында түркология мамандығының ашылуы, түрлі жобаларды іске асыруға мемлекет тарапынан қаржылай қолдау көрсетілуі, жаңаша көзбен қарауы бұл салаға деген жанашиырлықтың көрінісі. Әлінде айтылып кеткен жасалып жатқан жұмыстар түркология саласының жанданып жатқанын, жаңа серпін алғанын білдіреді, қазір еліміз тәуелсіз. Әлем мемлекеттерімен еркін байланыс орнатқан. Түркілік интеграция жолға қойылған. Сондықтан түрлі елдердің ғалымдары бірігіп, зерттеулер жүргізуіне еш кедергі жоқ. Керісінше, ғылым тарихын жүйелеуге, жинақтауға, жаңаша көзқарас ұсынылып отыр. Әлемдік түркологияға қазақ ғалымдары да сүбелі үлес қосып отыр. Мысалы «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткіші әлем бойынша зерттелді. Әр ел ғалымы өзінше үлес қосты. Бірақ толыққанды кешенді зерттеуді қазақ ғалымы Б. Сағындықұлы атқарды. Ғалым ұстазы Ә. Наджип сонау 1972 жылы аманаттап өз қолымен тапсырған «Ақиқат сыйы» сынды әлемдік әдебиеттің жауһарын аударуға, текстологиялық зерттеулер жүргізуге жарты ғасыр өмірін арнады. Өкінішке орай, бізде өзін әжептеуір ғалыммын деп жүрген көпшілік текстология мен лингвотекстологияның ара жігін әлі күнге дейін ажырата алмайды. Текстолог ғалымдар баршылық. Алайда лингвотекстологиялық талдау жасау екінің бірінің шамасы жететін шаруа емес. Себебі, лингвотекстологиялық талдау дегеніміз- көне мұраның көшірме нұсқаларын оқып, аударып, транскрипциялап, бір-бірімен салыстырып, айырмашылықтарын фонетика, лексика, морфология, синтаксис, семантика, стилистика бойынша ашып, ашып қана қоймай, ол өзгерістердің себебін ғылыми жолмен жан-жақты түсіндіріп береді. Сондай-ақ, көшірменің қай нұсқасы автордың төл туындысына жақын екендігін ашып береді. Кешенді лингвотекстологиялық талдау ғана автордың төл туындысын өз қалпына келтіре алады. Мұндай жұмыс кешенді түрде әлемдік түркологияда бұрын-соңды қолға алынбаған. Міне, шын ғылым осылай жасалу керек. Біз оны мойындауымыз керек. Ұстаз аманатына деген адалдықтың нағыз үлгісі!

**- Сұхбатыңызға рақмет!**

**Сұхбаттасқан Аида МҰХАМЕТҚАЛИ**







### КӨБЕН (КӨПЖАСАР) АСҚАРҰЛЫ

*ҚХР мемлекеттік жазушылар одағының мүшесі, ҚХР Шынжаң жазушылар қоғамының мүшесі, ақын, жазушы, зерттеуші. ҚХР Шынжаң фольклоршылар қоғамының мүшесі*

## ХАЛЫҚҚА ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАСТАНДЫҚ НЕМЕСЕ АТЫШУЛЫ «МАУЛИЕВ ДЕЛОСЫ»

*Көбен Асқарұлының «Ұрпаққа қалған ұлағат» атты кітабынан алынды.  
Бұл әңгімені баяндаушы – Асқар Татанайұлы, хатқа түсіріп, кітапқа  
кіргізген Асқардың ұлы Көбен (Көпжасар)*

1933 жылы 12 сәуір саяси өзгерісінде, Совет үкіметінің тікелей қолдауымен милитарист Шың Шысай Шынжаңда таққа шыққаннан кейін, «алты ұлы саясатын» жолға қойды. Шынын айту керек, алғашқы жылдарда бұл саясат халыққа пайдалы болды. Халық ауқаттанды, шаруашылығы біршама ілгерілерді. Жер-жерден ауылдарға дейін мектептер ашылып, ересектер кешкі бос уақыттарында сырттай оқып, хат таныды. Бұрын бірде-бір мектеп жоқ Алтай аймағында 1933 жылы Шәріпхан уәли болып тұрған тұста «алты ұлы саясаттан» пайдаланып мектеп салдырды, 1938 жылға жеткенде мектеп саны 80-ге жетті.

Осындай жақсы жағдай жарық көрумен бірге, уақыт алдыға ілгерілеген сайын Алтай халқы ел болғалы көрмеген сұм-сұрқиялықтың қанды шеңгелі де елдің алқымынан ала бастады.

Совет одағының сілтемесімен жүріп отырған Шың Шысай, 1934 жылы Алтай аймағының сақшы мекемесін құрды, бастығы 1930 жылы Совет үкіметінен қуғын көріп қашып келген, руы найман ішінде дөртуіл Жомарт деген адам

болды. Бірақ ол көп тұрмай, 1935 жылы кіші Шәріпхан (Шәріпхан Жақыпұлы) меңгеруші болды. Ал, Жомарт Құмыл аймағына орынбасар уәли болып барып, сол жерде 1938 жылы ұсталып, «Үрімжі арқылы Совет үкіметі алып кетіпті» деп естідім.

Кіші Шәріпхан аймақтық сақшы мекемесінің бастығы болған кез 1935 жылы аудан-ауданда сақшы мекемесі құрылып, ел-елдің білікті-білікті ру басылары бақылауға алына бастаған кезі еді.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетуіне, Еуропа мен Америка және Жапония секілді капиталистік елдердің Совет одағына басып кіруінен алаңдаған Сталин бір жағынан, Германиямен достық шартқа қол қойса, енді бір жағынан, өзі ел ішінде шаруашылыққа жаппай коллективтендіруді жүргізіп, халықтың қолындағы малды сыпырып алып, бай шаруаларды жаппай тұтқындап, зиялылардың да көзін жоя бастады. Сол орайда икеміне көнген шекаралас елдерге де өз үкімін жүргізді, солардың басты бір түйіні Шынжаң болды.

Шынжаңның билік басына шыққан Шың Шысай алғашында елпек те икемге көнгіш адам болып көрініп, Совет одағының күші арқылы өз әкімшілігін бекемдеуге кірісті. Халыққа сенбей, халық арасындағы тыңшылары арқылы не қилы зұдымдыққа баса бастады.

1935 жылдан бастап аудан-аудандағы сақшы орындары арқылы жасырын тор жайып, тыңшы орналастырып, халықтың аузын аңдып, Алтай аймағындағы әр ұлттан шыққан көзі ашық, алғабасар адамдар мен ел белділерінің күнделікті қимылдарын бақылауға алды. Жұрт бұл тыңшыларды «тайни<sup>1</sup>» деп атады.

Осы тайнилердің берген мәліметі бойынша әр жердегі сақшы мекемелері бір бірімен бәсекелесіп өз қарастылығындағы ру басы беделді адамдардың сары ізіне шөп салып, жекелеп қылмыс материал тұрғыза бастады. Қожайындарының емеурініне ықтай жалдағыш, ар-ұяттан жұрдай, халыққа зиянкестік істеуден тиіттей де тайынбайтын тайнилердің өтіріктен ойдырып жасаған қара материалдарын жинақтай отырып, Шың Шысай үкіметі 1937 жылы тамыз айында Алтайда «Бүлік тудыру қаскүнемдік делосы» дегенді жасады.

Үрімжіде өлке басшысы Қожанияз қатарлы бір тобын қолға алғанда, Алтайдың орталығы Сарсүмбе қаласынан Әсембай, Мәметхан дамолда, Ғұпыр чаңя (ауыл бастығы), Ямин ажы қатарлы ұйғыр инабаттыларын қолға алды. 1938 жыды наерыз айының бас шенінде Сарсүмбе қаласында зор көлемде тазалау жүргізіп, «Шынжаң Алтай газетінің» бас редакторы, аймақтық оқу-ағарту мекемесі мен сыртқы істер мекемесінің бастығы Жу Чүнхуйды, аймақтың алтын кен істері мекемесінің бастығы Фаң Жинчуанды, аймақтық бөлім бастықтары Сәлім Жаназаров, Кәрім Дүйсебаев, Шабдан, Қамбар Ережеповтерді, Сарсүмбе ауданының әкімі Го фамилиялы ханзуды және Темірғали мен Ойнков дейтін орысты қамтыған 30 адамды тұтқындады. Оларға «Ханзу-мұсылман

<sup>1</sup> Тыңшы деген сөздің қытай тіліндегі дыбысталуы.



мемлекетін құру ұйымының» мүшелері деген айып тағып, халыққа жария етілді. Оған қоса Алтайда екі астыртын ұйымның бар екенін, оларды жалғасты жаныштайтынын айтып, халыққа қоқан-лоқы көрсетіп, айбар шекті.

Осы 1938 жылдың қысында аймақтың сақшы мекемесі өлкелік үкімет бастығы Шың Шысайдың бұйрығымен «Маулиев делосы» дегенді жалғасты анықтауға кірісті. Бұл делоны да Совет одағының Үрімжідегі Консулының сілтемесі бойынша істеген еді. Дело Совет одағының қызыл армиясынан қашқан Маулиев деген адамды тауып шығып, әрекетін – қылмысын анықтаудан басталады.

Өлкелік сақшы мекемесі Алтай аймақтық сақшы мекемесіне тексеріп тауып шығуды қатаң бұйырады. Әрі, өлкелік сақшының бөлім бастығы Лу Тиянлу, бөлім қызметкері болып істейтін Совет одағының адамы Сулин (орыс) қатарлылар Алтайдың Жеменей ауданына төте барып, делоны анықтауға тікелей араласады. Оған Жеменей ауданының сақшы жағы белсене күш шығарып, ауылдағы тайнилер арқылы «Алтынбек байдың үйінде тығылып жатыр» деген жалған мәлімет алады. Аудандық сақшы мекемесінің бастығы Гүңтай, мұңғыл сақшы Кеңдін Мыңбо қатарлы үш сақшы әскермен аттанып, Алтынбектің өзін қолға алып, үйін тінтеді. Бірақ, Маулиев табылмайды.

Шын мәнісінде, 1938 жылдың басында Совет армиясындағы Маулиев әскерден қашып, Бұратала шекарасы арқылы Қытайға өтіп, 1939 жылы көктемде Ақсу аймағында ұсталған екен. Шын Маулиев ұсталғанымен, Жеменей ауданындағы өтірік Маулиев табылмаған сайын, Алтынбекті қинап сұраққа алумен бірге, туыстары Бәзікбай Бәкұлы, Мәуке Ташығұлұлы, Бали Дөкеұлы, қойшысы Ниғымет Айданбайұлы, іргелес көршісі ру қожа Сармолла (Мұхаммедбай) Бәкеұлы, құдасы руы меркіт ішінде Төлемістен тарайтын Манасбай Оқбайұлы қатарлы адамдарды қыс ішінде арт-артынан қолға алды. Келесі жылы ел жайлауға шыға Әлен Уаңның жылқысына жауапты сүйегі ителі Зәкерді, ағайынды Нұрғажы, Нұртаза Түсіпұлдарын Алтынбектің туысы, Салмен Солаңұлын, сары жайлауда Кәмеш (Нұржамал) Балиқызын қолға алып, жалғасты не түрлі қинаулар арқылы сұрақ сұрағанда Алтынбек қатты қинауға шыдамай, Лу Тиянлу мен Сулинның сілтемесі бойынша: «Маулиевті Шәріпқан қорғап, ағасы Әлен уаңның үйіне тықтырып, артынан менің үйіме әкелді, кейін Нұртазаның үйіне апарды» деп жалғаннан мойындайды. Алтынбектің жалған мойындауы бойынша делого қатысты делінген Абілқасым, Әбдібек, Шерияздан, Нұртаза, Ниғымет қатарлы жиырмадан астам адам тұтқындалып, аяусыз ауыр қинау арқылы тергеуге алынып, өтірік материалдар жинақталады. Міне, бұл Әлен Уаң мен Шәріпхан Көгедәев бастаған Абақ керей билеріне дайындалған сол кездегі халық білетін алғашқы бұғалық болды.

Бұл делоны тексеру бұнымен тоқтамапты. 1943 жылы Шың Шысай Нәнжиңге<sup>2</sup> тізе бүгіп, орнына Гоминдаң үкіметі келгеннен кейін Үрімжі түрмесінен шыққан Алтынбекті мен 1946 жылы іздеп барып, үйінде әңгімелескенімде ағамыз әңгімені былай айтты:

<sup>2</sup> Ішкі қытайдағы қала аты.





Қатты қинап отырып былай айтасың, алай айтасың деп айттырып жазып алды.

Өлкелік сақшы мекемесінен келген бірі ханзу, бірі орыс екі адам өздері тергеп отырып:

– Жапон шпионы Маулиев сендерге – Алтайдағы ру басыларға, яғни Әлен мен Шәріпханға қанша алтын әкелді?

– Көп алтын әкелді.

– Немен әкелді?

– Арбамен әкелді.

– Қанша арбамен әкелді?

– Он алты арбамен әкелді.

– Отыз алты арба шығар?

– Иә, отыз алты арба.

– Қай жерден әкелді.

– Мұңғлия (Моңғолия) арқылы әкелді, мен Шіңгілден өткізіп әкеліп бөліп алдық.

– Кім, кім бөліп алдыңдар?

– Әлен уаң, Шәріпхан Көгедаев, Бұқат бейсі, Мәңкей бас хатшы, Жанымхан тәйжі, Дәлелхан тәйжі, Мұқаш Жәкеұлы, Ғаббас мүфти, Бәди молда, Әубәкір, Шоқай қажы, Қарағұл залың, Қақшы би, Мәмила зәңгі, Қажынәби үкірдай, Қылыш тәйжі, Қабыл тәйжі, Әз залың, Дәулетші тәйжі, Құлжағазы, Қасымбек үкірдай, Кәріш дүңше, Кәкен тәйжі, Нәзір тәйжі, Бамбай үкірдай, Байқадам би, Ақыт қажы, Қалман, Есімхан үкірдай, Кәрім Дүйсебаев, Сәлім Жаназаров, Шабдан Ережепов, Баймолда, Жу Шұңхуй, Қален тәйжі, Қылышбай қажы, Сәлімбақы үкірдай деп отырып өздері қосақтаған бір топ адамның атын айтып бергенімде:

– Отыз алты арба алтынды қай жерде бөлісіп алдыңдар? – деді.

– Жаңжұнқызылдың сыртында бөлістік.

– Таласпадыңдар ма?

– Алтын көп емес пе, талас шыққан жоқ. Әуел десең асып қалып, ешкім алмай қойған соңғы дорбаны мен бір қайыршы кемпірге бере салдым.

– Осы алтынды бөліскендердің ішінде Бұрхан да бар екен ғой, – деді орыс тергеуші.

– Ол да бар, – дедім.

– Сөйтіп, «Маулиев делосымен» талай жыл түрмеде жаттым. Сабап отырып «өтірікті былай айтасың» деп отырып айттырып алды. Мен жанымнан бір адамның атын қосқамын жоқ. Олар атаған адамынан біреуін де қалдырмай маған жаздырып алды.

Алтынбектің айтқандарын естіп отырғанда, сол 1930 жылдардың ішінде Қазақстанда шығатын газеттердің мақалалары көз алдыма келді. Совет одағында ұсталып, өлімге үкім етілген саяси қылмыстылардың да дені Жапония фашистерінің мұриті, шпионы, кері төңкерісшілер деп айып тағылған екен. Шәріпхан бастаған Алтай халқының ру басы беделді адамдарына жасалған қастан-



дық – «Маулиев делосы» жалғасты тергеліп, аймақтың сақшы бастығы кіші Шәріпхан 1939 жылдың соңында атсыз-аяқсыз жоғалғаннан кейін, сол жылы Алтай аймақтың сақшы бастығы Чүй Южың, орынбасары болып Рын Жыңру келгеннен соң, «Маулиев делосын» тергеу жұмысы бұрынғыдан да тереңдетілді. Алтынбек, Мәуке, Манасбай, Нұртаза, Сәлмен, Бали, Нұрқажы, Зәкер қатарлы бір тобын Алтай аймақтың сақшының түрмесіне әкеліп тергейді. Кейін, 1940 жылы Алтынбек, Мәуке, Манасбайды Үрімжідегі түрмеге жөткейді. Солардан Манасбай сол түрмеде өліп, Алтынбек пен Мәуке 1942-1943 жылдары түрмеден шығады. Ал Алтай түрмесіне қамалғандардан Нұртаза, Мәлмен, Бали түрмеде көз жұмып, Нұрқажы таяқтың зардабынан 1942 жылы үйіне келгеннен кейін дүние салады.

Алтынбекті одан сайын қинау арқылы «Шәріпхан үкіметке қарсы, Совет одағына қарсы әрекет жасады» дегізіп, өз айтқандарын жалғасты жаздырып алып, «Үш ұлт құрылтайына» қатысатын өкілдер» деп жіпке тізіп апарған адамдарының арасынан құрылтайдан бір жыл бұрын Жаңжүнқызылдың сыртында Жапония жіберген «алтынды бөлісіп алушылардан» екі адам ғана бармай қалды. Олар 1939 жылдан бұрын қайтыс болған Салімбақы үкірдай мен Қаба ауданының (ол кезде негізінен Буыршынға қарасты жарым аудан) әкімі Қылышбай қажы.

Қылышбай өлген кезде Буыршынның әкімі өлгеніне сенбей, Қылышбайдың қабырына барып, «досым еді, қимасым еді, дидарын ақырғы рет бір көрейін» деп қиғылық салып, ақыры қабырды аштырып, Қылышбайдың өлгеніне көзін жеткізіп қайтыпты» деп естіген едім. Сонда сенбей жүргені осы ел беделділеріне құрылған жалғаннан жасалған «Маулиев делосының» дәнін толтырып, салмағын ауырлатып, көлемін тағыда кеңейту екен. «Үш ұлт құрылтайына» барғандардан баяғыда Жаңжүнқызылдың сыртында «алтын бөлісіне» қатысқандардан бірде-бірі түрмеленбей, сұраққа тартылмай, ауыр қинау көрмей, қысқасы «қарасат майданына» кірмей қалмапты. Осылардың бәріне жалғаннан жала жауып, ойдан орып қолдан жасап алған жалған делого байланыстырып отырып қинау, еріксіз мойындату арқылы Шәріпханның қылмысын толтырып көзін жойған еді.

Бәрінен де қиыны, мен саған осы оқиғаны айтып отырған бүгінгі күнге (1980 жылдардың соңы) дейін кейбіреулер «Шәріпхан Көгедәев Жапонияның шпионы» дегенді малданып, ит артын бермейтін дәлелсіз сөзді сүйретіп, Алтай халқының, тіпті бүкіл Шынжаң қазағының сөнбес жұлдызы Шәріпханның күрес тарихына күйе жаққысы келетіндігі.



## HALYQQA JASALĞAN ALĞAŞQY QASTANDYQ NEMESE ATYŞULY «MAULIEV DELOSY»

*Köben Asqarūlynyñ «Ūrpaqqa qalğan ūlağat» atty kitabynan alyndy.  
Bül äñgimeni baiandauşy – Asqar Tatanaiūly, hatqa tüsiriip, kitapqa kırıgızgen  
Asqardyñ ūly Köben (Köpjasar).*

1933-jyly 12 säuir saiasi özgerisinde, Sovet ūkımetiniñ tikelei qoldauymen militarist Şyñ Şysai Şynjañda taqqa şyqqannan keiin, «alty ūly saiasatyn» jolğa qoidy. Şynyn aitu kerek, alğaşqy jyldarda bül saiasat halyqqa paidaly boldy. Halyq auqattandy, şaruashylyğy bırşama ilgerilerdi. Jer-jerden auyldarğa deim mektepter aşylyp, eresepter keşki bos uaqyttarynda syrtaı oqyp, hat tanydy. Būryn birde-bir mektep joq Altai aimağynda 1933-jyly Şarıphan uāli bolyp tūrğan tūsta «alty ūly saiasattan» paidalanyp mektep saldyrды, 1938 jylğa jetkende mektep sany 80-ge jetti.

Osyndai jaqsy jağdai jaryq körumen birge, uaqyt aldyğa ilgerilegen saiyın Altai halqy el bolğaly körmegen sūm-sūrqialyqtyñ qandy şeñgelı de eldiñ alqymynan ala bastady.

Sovet odağynyñ siltemesimen jürіp otyrğan Şyñ Şysai, 1934-jyly Altai aimağynyñ saqsy mekemesin qūrды, bastyğy 1930-jyly Sovet ūkımetinen quğyn körіp qaşyp kelgen, ruy naiman ışinde dörtuıl Jomart degen adam boldy. Biraq ol köp tūrmai, 1935-jyly kışı Şarıphan (Şarıphan Jaqypūly) meñgeruşı boldy. Al, Jomart Qūmyl aimağyna orynbasar uāli bolyp baryp, sol jerde 1938-jyly ūstalyp, «Ūrimji arqyly Sovet ūkımeti alyp ketipti» dep estidim.

Kışı Şarıphan aimaқтыq saqsy mekemesiniñ bastyğy bolğan kez 1935-jyly audan-audanda saqsy mekemesi qūrylyp, el-eldiñ bilıktı-bilıktı ru basylary baqylauğa alyna bastağan kezı edi.

Ekınşı dūniejūzılık soğys bastalyp ketuine, Europa men Amerika jāne Japonia sekildi kapitalistik elderdiñ Sovet odağyna basyp kırıunen alañdağan Stalin bır jağynan, Germaniamen dostyq şartqa qol qoisa, endı bır jağynan, özi el ışinde şaruashylyqqa jappai kolektivtendirudi jürgizip, halyqtyñ qolyndağy maldy sypyrp alyp, bai şarualardy jappai tūtqyndap, zialylardyñ da közin joia bastady. Sol oraida ikemine köngen şekaralas elderge de öz ūkımin jürgizdi, solardyñ basty bır tūimni Şynjañ boldy.

Şynjañnyñ bilik basyna şyqqan Şyñ Şysai alğashynda elpek te ikemge köngiş adam bolyp körinip, Sovet odağynyñ küşi arqyly öz äkimşiligin bekemdeuge kırısti. Halyqqa senbei, halyq arasyndağy tyñşylary arqyly ne qily zūdymdyqqa basa bastady.

1935-jyldan bastap audan-audandağy saqsy oryndary arqyly jasyryn tor jaiyp, tyñşy ornalastyryp, halyqtyñ auzyn añdyp, Altai aimağyndağy är ūlttan şyqqan





közi ашық, алғабасар адамдар мен ел бeldілерінің күнделікті қимылдарын бақылауға алды. Jүрт бұл тыңсыларды «taini » деп атады.

Osy tainilerдің берген мәліметі бойынша әр jerдегі сақшы мекемелері бір-бірімен бәсекелесіп өз қарастылығындағы ру басы bedeldі адамдардың сары ızине шөп салып, жекеlep қылмыс material түргыза bastady. Qojaiyndaryның emeurinine yqtai jaldaғыш, ar-üiattan жүрдай, halyqqa ziankestik isteuden титтеі de taiynbaityn tainilerдің отыріктен oidyryp jасаған қара materialдарын jинақтай oтырып, Шың Шысай үкіметі 1937-jyly тамыз айында Altaida «Bүлік тудыру қаскүнemdік delosy» degendі jasadы.

Ұрімjіде өлке bassысы Qojaniaz қатарлы бір tobyn қолға алғанда, Altaidyң орталығы Sarsүмбе қаласынан Äsembai, Mämethan damolda, Гүпыр шаһия (auyl бастығы), İamin ажы қатарлы үйгыр inabattylарын қолға алды. 1938-jydy наурыз айының бас шеһінде Sarsүмбе қаласында zor көлемде tazalau жүргізіп, «Шыңжаң Алтай газетінің» бас редакторы, аймақтық оқу-ағарту мекемесі мен сыртқы істер мекмесінің бастығы Ju Шүнһиды, аймақтың алтын ken істері мекмесінің бастығы Faң Jinшuanьды, аймақтық бөлім бастықтары Sәлім Janazarov, Kәрім Дүісебаев, Шабдан, Qambar Erejepovterдi, Sarsүмбе ауданының әкімі Go familialy Hanzudy және Temіргали мен Oinkov deitin orysty қамтыған 30 adamды түтқындady. Oларға «Hanzu-mүсылman мемлекетін құру үйімының» мүшелері degen айып тағып, halyqqa jaria etildі. Oған qosa Altaida екi астыртын үйімының бар ekenін, оларды jalғасты jаныштаитын аитып, halyqqa қоқан-лоқы көрсетіп, айбар шекті.

Osy 1938-jyldyң qysyнда аймақтың сақшы мекмесі өлкелік үкімет бастығы Шың Шысайдың бүірығымen «Mauliev delosy» degendі jalғасты anyқтауға kırıstı. Бұл delony da Sovet oдағының Ұрімjідегі Konsulының сілтемесі бойынша istegen edі. Delo Sovet oдағының qyzyl armiasынан қашқан Mauliev degen adamды тауып шығып, әрекетін-қылмысын anyқтаудан bastalady.

Өлкелік сақшы мекмесі Алтай аймақтық сақшы мекмесіне тексеріп тауып шығуды қатаң бүііradы. Әрі, өлкелік сақшының бөлім бастығы Lu Tianlu, бөлім қызметкері болып істейтін Sovet oдағының adamы Sulin (orys) қатарлылар Altaidyң Jemenei ауданына төте барып, delony anyқтауға тікеlei араласady. Oған Jemenei ауданының сақшы жағы belsene күш шығарып, ауылдағы tainiler арқылы «Altynbek baidyң үіінде тығылып jatыр» degen jalған мәлімет алady. Audandyq сақшы мекмесінің бастығы Gүнтай, мүнғыл сақшы Kendін Myңbo қатарлы үш сақшы әскермен attанып, Altynbekтің өзін қолға алып, үіін tintedі. Бірақ, Mauliev tabылмаidy.

Шың мәнісінде, 1938-jyldyң басында Sovet armiasындағы Mauliev әскерден қашып, Бүрatala шекарасы арқылы Qytaйға өтіп, 1939-jyly көктемде Aqsu аймағында үсталған eken. Шың Mauliev үсталғанымen, Jemenei ауданындағы отырік Mauliev tabылмаған сайын, Altynbekті қинап сүраққа alumen birge, tuystary Bәзікбай Bәкүлы, Mәuke Taшығүлүлы, Bali Dөкеүлы, қоішысы Niғымet Aidanbaiүлы, irgeles көршісі ru qoja Sarmolla (Mүhammedbai) Bәкеүлы, qүдасы ruy merkıt ішінде Tөлемістен taraityn Manasbai Oqbaiүлы қатарлы адамдарды qys ішінде art-artынан қолға алды. Kelesі-jylyel jailauға шыға Älen Uaһның жылқысына jauапты сүіегі iteli Zәkerдi, ағайынды Nүрғай, Nүртaza Tүсіпүлдарын Altynbekтің tuysy, Salmen Solaһүлын, сары jailauda



Kāmeş (Nūrjamal) Baliqyzyn qolğa alyp, jalğasty ne түrlı qinaular arqyly sūraq sūraғanda Altynbek qatty qinauға şydamai, Lu Tianlu men Suilinnyñ siltemesi boıynşa: «Maulievti Şarıpқан қорғap, aғasy Älen uañnyñ üine tyqtyryp, artynan meniñ üiime äkeldi, keiin Nürtazanyñ üine apardy» dep jalğannan moyyndaidy. Altynbektiñ jalған moyyndauy boıynşa deloға qatysty delingen Abılqasym, Äbdibek, Şeriazdan, Nürtaza, Niğymet qatarly jıymadan astam adam tütqyndalyp, aiausyz auyr qinau arqyly tergeuge alynyp, ötırık materialdar jinaqtalady. Mine, bül Älen Uañ men Şarıphan Kögedaev bastaған Abaq kerei bilerine daiyndalған sol kezdegi halyq билетin alğaşqy bұғalyq boldy.

Bül delony tekseru bünymen toqtamapty. 1943-jyly Şyñ Şysai Nānjiñge tize bұғыp, ornyna Gomindañ ükimeci kelgennen keiin Ürimji türmesinen şyqqan Altynbekti men 1946-jyly ızdep baryp, üinde äñgimeleskenimde aғamyz äñgimeni bylai aıtty:

Qatty qinap otyryp bylai aitasyñ, alai aitasyñ dep aıttyryp jazyp aldy.

Ölkelik saqşy mekemesinen kelgen biri Hanzu, biri orys eki adam özderi tergep otyryp:

– Japon şpiony Mauliev senderge – Altaidaғы ru basylarға, iaғni Älen men Şarıphanға qanşa altyn äkeldi?

– Köp altyn äkeldi.

– Nemen äkeldi?

– Arbamen äkeldi.

– Qanşa arbamen äkeldi?

– On alty arbamen äkeldi.

– Otyz alty arba şyғar?

– Iä, otyz alty arba.

– Qai jerden äkeldi.

– Mūñğylyia (Moñğolia) arqyly äkeldi, men Şiñgilden ötkızıp äkelip bölip aldyq.

– Kim, kim bölip aldyñdar?

– Älen uañ, Şarıphan Kögedaev, Būqat beisi, Māñkei bas hatşy, Janymhan täiji, Dālelhan täiji, Mūqaş Jākeūly, Ğabbas müfti, Bādi molda, Äubākır, Şoqai qajy, Qarağūl zalyñ, Qaqşy bi, Māmila zāñgi, Qajynābi ükirdai, Qylyş täiji, Qabyl täiji, Äz zalyñ, Dāuletşi täiji, Qūljaғazy, Qasymbek ükirdai, Kāriş dūñşe, Kāken täiji, Nāzır täiji, Bambai ükirdai, Baiqadam bi, Aqyt qajy, Qalman, Esimhan ükirdai, Kārim Düisebaev, Sālim Janazarov, Şabdan Erejepov, Baimolda, Ju Şūñhui, Qalen täiji, Qylyşbai qajy, Sālimbaqy ükirdai dep otyryp özderi qosaqtaған bir top adamnyñ atyn aıtyp bergenimde:

– Otyz alty arba altyndy qai jerde bölisip aldyñdar? – dedi.

– Jañjünqyzyldyñ syrtynda bölistik.

– Talaspadyñdar ma?

– Altyn köp emes pe, talas şyqqan joq. Äuel deseñ asyp qalyp, eşkim almaı qoiған soñғы dorbany men bir qaiyrşy kempirge bere saldym.

– Osy altyndy böliskenderdiñ ışinde Būrhan da bar eken ğoi, – dedi orys tergeuşi.

– Ol da bar, – dedim.

– Söitip, «Mauliev delosymen» talai jyl türmede jattym. Sabap otyryp «ötırıktı

bylai aitasyñ» dep otyryp aittyryp aldy. Men janymnan bir adamnyñ atyn qosqamyn joq. Olar атаған adamynan bireun de qaldyrmai маған jazdyryp aldy.

Altynbektiñ aitqandaryn estip otyrғanda, sol 1930-jyldardyñ ішінde Qazaqstanda шығатын gazetterdiñ maqalalary көз aldyma keldi. Sovet odaғында ұсталып, өlimge үkim etilgen saiasi qylmystylardyñ da deni Japonia faşisteriniñ мүriti, şpiony, kerі tönkerіssiler dep aiyp тағылған eken. Şarıphan bastaған Altai halqynyñ ru basy bedeldi adamdaryna jasalған qastandyq – «Mauliev delosy» jalғasty tergelіp, aimaqtyñ saqşy bastyғы kіşі Şarıphan 1939-jyldyñ soñыnda atsyz-aiaqsyz joғalғаннан keim, sol-jyly Altai aimaqtyñ saqşy bastyғы Şüi İujyñ, orynbasary bolyp Ryn Jyñru kelgennen soñ, «Mauliev delosyn» tergeu jümьsy бүryñғыdan da tereñdetildi. Altynbek, Mäuke, Manasbai, Nürtaza, Sälmän, Bali, Nürqajy, Zäker qatarly bir tobyn Altai aimaqtyñ saqşynyñ түrmesine äkelіp tergeidi. Keim, 1940-jyly Altynbek, Mäuke, Manasbaidy Ürimjidegi түrmege jötkeidi. Solardan Manasbai sol түrmede ölip, Altynbek pen Mäuke 1942-1943-jyldary түrmeden шығady. Al Altai түrmesine qamalғандardan Nürtaza, Mälmen, Bali түrmede көз jümьp, Nürqajy taiaqtyñ zardabynan 1942-jyly üine kelgennen keim дүnie salady.

Altynbekti odan saiyñ qinau arqyly «Şarıphan үkimetke qarsy, Sovet odaғыna qarsy äreket jasady» degizip, öz aitqandaryn jalғasty jazdyryp alyp, «Üş ült qürьltaiyna» qatysatyn ökilder» dep jipke tızıp aparған adamdarynyñ arasynan qürьltaidan bir jyl бүryñ Jañjünqyzyldyñ syrtynda Japonia jibergen «altynды bölіsip aluşylardan» eki adam ғana barmai qaldy. Olar 1939-jyldan бүryñ qaitys bolған Salimbaqy ükirdai men Qaba audanynyñ (ol kezde negizinen Buyrşыңға qarasty jarym audan) äkimi Qylyşbai qajy.

Qylyşbai ölgen kezde Buyrşыnyñ äkimi ölgenine senbei, Qylyşbaidyñ qabyryna baryp, «dosym edi, qimasym edi, didaryñ aqyrғы ret bir köreim» dep qiғыlyq salyp, aqyry qabyrdy aştıryp, Qylyşbaidyñ ölgenine közim jetkizip qaitıpty» dep estigen edim. Sonda senbei жүrgeni osy el bedeldilerine qürьлған jalғаннан jasalған «Mauliev delosynyñ» dänin tolytryp, salmaғыñ ауьrlatyp, kölemin тағыda кеңeitu eken. «Üş ült qürьltaiyna» barғандардан baiағыda Jañjünqyzyldyñ syrtynda «altyn bölіsine» qatysqандардан birde-biri түrmelenbei, sұraqqa tartylmai, ауьr qinau körmei, qysqasy «qarasat maidanyна» kırmei qalmpty. Osylardyñ bärine jalғаннан jala jauyp, oидan оьrьp qoldan jasap алған jalған deloға bailanystыryp otyryp qinau, eriksiz moiyndatu arqyly Şarıphanınyñ qylmysyn tolytryp közim joiған edi.

Bärinen de qiyny, men saған osy oқиғаны aityp otyrған бүgingi күнге (1980-jyldardyñ soñы) deim keibireuler «Şarıphan Kögedaev Japonianyñ şpiony» degendi maldanyp, it artyn bermeitin дәlelsiz sözdі süretip, Altai halqynyñ, tıptı бүkil şynjañ qazaғыnyñ söñbes jüldyzy Şarıphanınyñ күres tarihyna күie jaqqysy keletindіgi.







## БАЙЫТ ҚАБАНҰЛЫ

*(1967 жылы туған) – Моңғолияда, көне Түркінің байырғы қонысы Орхон дариясы бойындағы Эрдэнэт қаласында тұратын қазақ қаламгері, аудармашы. Шығармашылығын қазақ және моңғол тілдерінде жазады.*

Байыт Қабанұлы «Әтір иісті дүние», «Найзағайлы күміс жаңбыр», «Таңсәрі шуақ», «Бұрымбибі», «Құлағын бұрап қобыздың», «Даланың әні», «Аруана сезім», «Көшпенді дүние», «Көлкөсір әлем», «Ақ жауын», «Сары қаймақ сағыныш»... қатарлы отыздан астам кітаптың авторы. Оның тәржімасында моңғолдың жүздеген астам ақынының 500-ден астам өлеңін қазақшаға аударып «МОҢҒОЛ ӨЛЕҢ» деген атпен жарыққа шығарған.

## БҰЛ ДАЛАДА

Қарақорым ...  
 Қан сасиды Орхон судың жағасы  
 Көз жіберсем шым-шым етіп  
 жанды жыртқан тарихтың жарасы  
 КӨК пен ЖЕРден күңіреніп Күлтегіннің наласы  
 Көз алдымда көлбірейді көк түріктің даласы

Бұл далада Оғыздардың басып өткен ізі жатыр  
 қаны әлі кеппеген

Қобыздардың қыл ішегі әлі жылап ызыңдайды  
соны естуге көп келем  
Мына жердің тастары да  
аударылып төңкеріліп сөйлейді  
Қайран жұртым, қалың елім  
қаның бар ма төкпеген

Әр заманның тең болады сардары мен сайқалы  
Сұм уақыт жақсыны да жаманды да  
айырмасыз жайпадаы  
Содан шығар Қарақорым даласының  
желі едейін ызыңдап  
Күлтегіннің азалы әнін әлі күнге айтады

Бұл далада біреу шаттық әнін айтып,  
біреу өксіп қайғы алған,  
Бабалардың күші менен  
жауларының айласы да сай болған.  
Бұл далада шапса егер жау олжалап,  
ысқырса егер жел айдаған желкелеп  
Ай маңдайлы ару өксіп, арқыраған арғымақтар  
жау алдында айдалған

Бұл далаға жау кірмеген болса дағы  
қарауылсыз қамалсыз  
Бабаларым мал өсірген, жан өсірген алаңсыз  
Енді бүгін Сақ, Ғұндардың  
жебесінің жел ысқырған дауысы  
Еміс-еміс құлағымды шуылдатып  
қанжар сабын қыстырады амалсыз

Бұл далада қандар аққан кеңірдектен тұмсықтан,  
Күйші қазақ сол төгілген қанның құнын  
әуен етіп сыңсытқан.  
Бұл далада ханның сұлу жас қатыны  
асыл торғын көйлегін  
Жылқы баққан құлға арнап иығынан сусытқан

Бұл далада болды талай уақыттың талғамы  
Ерліктің де елдіктің де сөнді шырақ шамдары  
Оо қайран ел сен деп жылап  
жатыр мына алып таудың заңғары



Оо мұңдығым қай еріңнің бас сүйегі  
қай жырада қалмады

Мына дала жер етпеді не бір батыр, көсемді  
Талай жаным талай қаным төсеніш боп төселді  
Әлі тамам еткен жоқсың ... кеселді  
Ей қансоқта сұм уақыт қайтарып бер есемді

2018.12.17

\*\*\*

### ҚАЗАҚ ЖІГІТТЕРІНЕ

Беу қазақтың жігіттері  
ҮЙ бар бізде, ТӨР бар бізде, ЕЛ де бар,  
ТӘУЕЛСІЗДІК және ЕРКІНДІК, ЖЕР де бар  
Көк туың бар желбіреген, маңдайыңда тер де бар  
Өлген күні тыныш жатар КӨР де бар  
Осы қымбат асылдардың түп тұғыры  
ана қазақ ТІЛ де бар.  
Байлығың бар үлде менен бұлде бар.  
Ақыл ойың, білім-ғылым, түр де бар  
Алла берген ҰРПАҚ деген күн де бар...

Ал неге біз...  
Тумай жатып өлеміз  
Ал неге біз  
Бірге туған ағайынға «төреміз»  
Ал неге біз...  
Сырттан келген бұралқы итке құл болып  
Ал неге біз...  
Тірі жетім секілденіп жерге қарай береміз

Беу қазақтың жігіттері  
Алдымызда бабалардың салып кеткен  
жолы да бар, өсиеті - сөзі бар,  
Үлгі тұтар асқар таудай ағалардың өзі бар.  
Уыз сүтін ұлтқа арнаған аналардың  
ізі де бар, көзі бар,  
Арттан еріп ағалаған қарындасың, інің де бар  
Қисығыңды түзететін ұлы өмірдің тезі бар...





Ал неге сен  
Жетім қыздай жан-жағыңа  
жалтаң-жалтаң қарайсың  
Ал неге сен  
Баға жетпес асылыңды  
масылдарға балайсың  
Ал неге сен  
Өзіңді өзің аямайсың сабайсың  
Ал неге сен  
Ата-анаңның басын кескен хас жауыңның  
табан, артын жалайсың.  
Қалайсың.

Беу қазақтың жігіттері  
Ай маңдайлы аруың бар  
шаттық сыйлап ұл-қызыңды табатын  
Ұл-қызың бар  
келешекке тіреу болып өзегіңді жаратын  
Арғымағың атың да бар  
алты күнге зорықпайтын шабатын  
Ошағың бар мәңгі сөнбей жанатын

Ал неге біз  
Жарты жанды жадылардай  
бас көтермей жатамыз  
Ал неге біз  
Ылғай ғана Уды балдай татамыз  
Ал неге біз  
Қаракөзді қызымызға ие болмай  
қытайларға қатын ғып  
Ал неге біз  
Жас сәбиді қоқысқа сап  
Жетімдерді шетелдерге сатамыз  
Неге біздің  
Қарғыс болды батамыз  
Беу қазақтың жігіттері айтыңдаршы:  
Қашан таң боп атамыз

2016.07.08



## ЕРЛАН НҰР ДЫҚАНҰЛЫ

Қытай аз ұлт Жазушылар одағының, Шыңжаң өлкелік Жазушылар одағының мүшесі. 1975 жылы 9 қыркүйекте ҚХР, Алтай аймағы, Көктоғай ауданында дүниеге келген. «Армысың, ару дүние...», «Таң бөбегі», «Көлеңке көзіндегі елес», «Ғасырлық күз» атты жыр кітаптарының авторы.

2010 жылы Қазақстанда өткен Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы ұымдастырған халықаралық жыр мүшәйрасының бас жүлдегері. 2015 жылы ҚХР Жазушылар одағы, Қытай аз ұлт Жазушылар одағы ұымдастырған мемлекеттік «Ақсай» әдебиеттінің «Арыс» сыйлығының иегері.



## ТАҢ БӨБЕГІ

Жылай- жылай көкжиектің көзі ісіп,  
Қамығады өз көзжасын өзі ішіп.  
Қанатынан Нұр тамшылап,  
Сол жақтан  
Келеді бір жасыл қанат сөз ұшып.

Ол- аңсаудан жаратылған ай құсы,  
Қанатында қараңғылық қайғысы.  
Жер бетіне жеткен екен ақыры,  
Менің мәжүнүн жүрегімнің ләйлісі.

Шексіздіктің жасыл қанат сөзінен,  
Көбелектің сұлу мұңын сезінем.  
Талықсыған таңдайыма тамызды- ау,  
Жаппар ием,  
Көкжиектің көзінен.

Ей, ұлы сөз!  
Сенің жасыл реңің,  
Сезіндірер аспанилық Нұр елін.



Мен не дейін, көлеңкенің қойнында  
Көп ұйықтаса шайырға тән жүрегім.

Таң бөбегін орап ыстық ақ қарға,  
Көктем болып кеттім міне ақ таңда.  
Қандай бақыт сенің ұшып жеткенің,  
Мен өлеңге қабыр қазып жатқанда...

## ШАЙЫРЛАР

Қаудырап түскен қабықтай,  
Қаларсың өмір...  
Сезем мен!  
Таңдайым бейне табыттай  
Айтылмай талай сөз өлген.

Айтар ем оны аспанға,  
Астымда жатыр жер жылап\*  
Айтар ем қара тастарға,  
Нәзікпін, әттең, мен бірақ.

Айтар ем оны ақ таңға,  
Мойнымда тұнның білегі.  
Алдымен түсер қақпанға  
Ақынның шолжаң жүрегі.

Елестерді іздеп жол жұтқан,  
Таусылар сосын тағаты.  
Ғасырдың өзі,  
Сондықтан  
Шайырдың соңғы сағаты.

Елжірей сүйген гүл жұзын,  
Көбелек- көңіл,  
Нәр- қайғым...  
Құшақтап өлген күн қызын,  
Көктемгі көбік қардаймын.

\*\*\*

Мен іздеймін балалығымды







Мен іздеймін балалығымды...  
Сағынам  
Тәп-тәтті мұңмен табиғатыма шағынам.  
Көңілдегімді көзі шалса егер,  
Патшада  
Іздесер еді-ау секіріп түсіп тағынан.

Мен іздеймін балалығымды...  
Сағынам.  
Қайсы бағытқа қарасам да, әттең, қамығам.  
Аспан атызда жарқырап жатыр орақ ай,  
Айтшы сен уақыт,  
Айырылды ол қашан сабынан?

Сапсыз орақ.  
Сары ала дүние.  
Салқын кеш.  
Сандалған сана сағыныштармен, ал, тілдес.  
Балалығым-ай,  
Барлығы сеннен садаға,  
Періште екеш періштелерде алтынға өш.

Қанбады-ау шөлім қаз қанатындағы сусылға,  
Балалығы-ай,  
Балсың ба, әлде, усың ба?  
Отсың ба, әлде, сусың ба?  
Байлығым менің баянды көңіл тынымым,  
Қалып қалған ба кішкентәй сенің уысыңда.

Адал да аңқау алғашқы адам шырайлым,  
Еркесі едің Еркіндік пенен құдайдың.  
Бір түп ши,  
Бір тал жапырақтан да сұраймын,  
Іздеймін үнсіз, шөлдедім саған,  
Мұңайдым...



## АҚИҚАТ ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Етегін ақ көйлектің көлге малып,  
Ай жылап отыр әне дөңге барып.  
Ұқсайды ол ақ кебінді аруаққа,  
Мен күткен жолаушының өлгені анық.

Өлгені анық мен күткен жолаушының,  
Оралмас сәттерімдей сонау шырын.  
Жалғыз тамшы жас болды қалдырғаны  
Уақыт деген тойымсыз тонаушының.

Жалғыз тамшы жас болды қалдырғаны,  
Дариға,  
Әсем елес ән-жырдағы.  
Томпыйып топырағың жатыр қайда  
Жас қыздың кеудесіндей жаңбырдағы?

Жас қыздың кеудесіндей әлі күнгі-  
Әрі сұлу, әрі мұңлы. . .  
Томпыйып жас топырақ жатыр үнсіз,  
Көңілмен көрдім сенің қабырыңды.

Жас болып жанарымнан тамып қайғым,  
Арылмас азабымды анықтаймын.  
Бір өмір шөлдедім мен. . .  
Өлгеніңмен  
Ешқашан сағынудан жалықпаймын.





### ҚҰДЫС ДӘУІТҰЛЫ ШОЛПАН

*Ыстамбұлдағы Түркия қазақтары әлеуметтік-ынтымақтастық және мәдени қоғамының құрушылардың бірі, ақын, журналист, түрік қоғамына қазақ тілі мен мәдениетін таныту жолында елеулі еңбек сіңірген қоғам қайраткері*

## ТҮРКИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

1934-1949 жылдар аралығында әр уақытта Шығыс Түркістаннан басталған көштердің нәтижесінде, Үндістан мен Пәкістанды аз тұрақтаған қазақ қандастарымыз, ары қарай 1952 жылы Түркияға келе бастағаны белгілі. Демек, биыл қазақтар шоғырының Анадолы жеріне қоныстана бастағанына 70 жыл толып отыр. Осы орайда бірнеше елді басып өтіп, Анадолыға жеткен қандастарымыздың әлеуметтік тұрмысы жағдайына қысқаша тоқталғым келеді.

1941 жылы Шығыс Түркістаннан Үндістанға көшіп келген қазақтар, 1947 жылы Пәкістан мемлекетінің құрылуына байланысты сол аумақта қала берді. Ал, 1951-52 жылдар аралығында Кәшмирге келгендер онда шамамен екі жылдай ғана тұрды. Осы арада Пәкістанға қоныс тепкен қазақтар қолөнерді (тақия, жайнамаз сияқты заттарды тігумен) және ұсақ сауданы күнкөріс көзіне айналдырды. Кәшмирдегі қазақтар америкалықтардың қолдауымен металды балқытып қалыпқа құйып, өнім жасайтын кіші-кірім цехтарда еңбек етті.

Түркия Республикасының Президенті Желал Баяр және Премьер-министрі Аднан Мендерес дәуірінде Министрлер кеңесінің 13/3/1952 жылғы қаулысымен босқын қазақтарды (онда түрік ретінде аталады) қабылданды. Шығыс Түркістаннан Үндістанға босқын болып келген (350) түрік пенен сондай-ақ Үндістан, Пәкістан және Сауд Арабияны пана тапқан 5 мың түріктен (1500) адам санымен жиыны (1850) Түріктің “көшпенді тұрғын” санатында Түркияға қабылдау туралы тарихи 3/14595 шешімі негіз болды.



## НӘСІБІН КӘСІПТЕН ТАПҚАҢДАР



Ал, ежелден қолөнерге бейім қандастарымыз, Ыстамбұлдағы тұрған “мүсәпірханаларда” қарап отырмады. Әйелдер тігін машиналарымен бұйым тігумен шұғылданды. Бірақ бұл кәсіп олар тұрған қонақ үйде рұқсат етілмесе де, базар аралаған ер-азаматтар, есебін тауып, тігінге қажетті материалдарын жеткізіп отырған. Бұл әрекет олар үшін болашақта шағын кәсіп пен табыс көзіне айналды.

Кешікпей қазақтар “иммигрант тұрғын” мәртебесінде Анадолының әр жеріне қоныстанған кезде мал шаруашылығымен және егіншілікпен айналысуды қолға алды. Сонымен қатар кәсіп ете бастаған киім тігуді қосалқы табыс көзі ретінде жалғастыра түсті. Ол тұста ауылдарда электр мүмкіндігі болмағандықтан, әркім өз үйіне “аяқ (педаль) тігін машина” алып, әсіресе тері бұйымдарын тігуге бейімделе бастайды. Оған қажетті материалдарын Ыстамбұлдан немесе жақын қалалардан жеткізіп тұрды. Сөйтіп, қазақ отбасынан шыққан қалпақ, қолғап, байпақ, сөмке, ойыншық, кәдесый т.б. өнім өндіру арқылы мол табыс тауып, тірлігін оңдауға әрекет жасады.

Ал, Ыстамбұлда қалған қандастарымыз мегаполистің мүмкіндігіне қарай сауда-саттыққа мықтап дағдыланды. Қазақтар бірлесіп бірнеше пластикалық зауыт құру соның бір айғағы деуге болады. Анадолының әртүрлі аймақтарында тұратын қазақтар да кооперативтер құру арқылы тіккен бұйымдарының бәсекеше қабылетті өнім ретінде нарықта саудалауға мейлінше тырысып бақты. Әсіресе өңделген былғары қиымдарын құрау арқылы былғары тон, күртеше мен алуан түрлі киім түрлерін тікті. Олар көбіне қалада немесе ауылда тұратындар үйінің бір бөлмесін шеберханаға айналдырып, саудасын сол аумақтан дөңгелентіп отырды. Табиғи материалдан жасалған тері өнімдері сұраныста болғандықтан, көбіне шоп-тур мен саяхаттап келгендер молынан алып кетіп жататын. Ал, ауылдық жерде тұратын қазақтар өздері өндірген бұйымдарын ішкі нарыққа сатты. Уақыт өте келе шетелдерге экспорттала бастағанда, былғары киім дүкендерін ашқандар да болды. Кейінірек имитациялық жасанды материалдардың көбеюіне байланысты былғары өнеркәсібі тоқырап, шағын цехтар біртіндеп жабыла бастады. Бірақ Ауғанстаннан келген қазақтар әлі де болса мата материалдан шапан тігуді жалғастыра берді.

## Урбандану және Ыстанбұл

Анадолыдағы жергілікті халықтың үлкен қалаларға қоныс аударғаны сияқты қазақтар да әсіресе Ыстамбұлдағы туыстарының қасына көптеп көшіп келіп алды. Себебі, ауылдағы мал өсіру мен егін шаруашылығында айтарлықтай табысқа жете алмағандардың мегаполиске көшуінің өзіндік себептері мынадай деуге болады:

— босқын қазақтар ежелден егіншілікпен көп айналыспаған. Анадолыға келгенде де негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғанымен, оны жер өңдеумен бірге дайындаумен ұштастыру қаржылық және техникалық мүмкіндіктің шектеулігіне байланысты айтарлықтай табысқа кенеле алған жоқ. Бұл үшін қанша тырысқанымен, суармалы егіншілік қыруар қаржылық инвестицияны талап ететіні тұсау болды;

— тері өнеркәсібінің орталығы саналатын Ыстамбұл шаһары қарапайым халық үшін нарық пен сауда, сұраныстың артықша мүмкіндіктеріне ие болғандықтан ауыл тұрғындары өмір сүру қиындығын еңсерудің жолы ретінде таңдады, қалаға қоныстанудың болашағына үміт артты;

— 1960 жылдан бастап Германия мемлекеті, Түркиядан жұмыс күшін мольнан алған кезде араларында қазақтар да аттанды. Онан кейінгі уақытта Франция, Австрия, Голландия, Швеция, Швейцария, Норвегия елдеріне және Америка Құрама Штаттарына қоныстанғандар да болды. Бұл динамизм шамамен 1990 жылға дейін созылды;

— қандастарымыздың алғашқы ірге тепкен жері Ыстамбұл болғандықтан, сонда қоныстанып қалған туыстарын сағалауды, кейбірі орта және жоғары оқу орындарында балаларын оқытуға; ал кайсыбірі табыс тауып, қайта тұрғылықты ауылына оралу үшін Ыстамбұлға қоныс аударды. Бірақ олардың көбі қайтып ауылға кері қайтпады.

Анадолыға шашырай орналасқан қазақтар

Сонымен, Анадолының түрлі елді мекендеріне қоныстанған қазақтардың кәсібі мен құрамы мынадай бағытта қалыптасты:

Маниса-Салихли ауданындағы шамамен 180 отбасы: Басты шаруашылығы былғарыдан киім-кешек жасаумен айналысты. Сонымен қатар бау-бақша, егіншілік және мал шаруашылығын да қалыс қалдырмады. Олардың көпшілі-





гі қоныстанған орындарында қала берді. Осы арада Измир-Балчова ауданында тұратын аз санды қазақ бар еді.

Нигде-Алтай ауылында 160 түтін бар-ды: Негізгі күнкөріс көзі — егіншілік, мал шаруашылығы және тері өнімдері. Кейінгі жылдары Бор ауданында құрылған кілем тоқу фабрикасында істегендер болды. Араларында тағдырлас төрт ұйғыр отбасы болды. Дегенмен, ішкі миграция салдарынан аталмыш кентте бүгінде 40-ға жуық қазақ отбасы қалды. Олардың дені Бор ауданында тұрады. Бұрын Нигдеге қарасты Зенген деген ауылда да азғана қазақ болған. Ал, 2000 жылдан бері Алтайкөйдің (Алтай ауылы) дәл қасында мыңдаған гектар жерге Түркияның кәсіпкерлері алма бақтарын құрған еді. Осы бау-бақшада жұмыс істей бастаған Алтай ауылының жастары жеміс өсірудің кәнігі мамаына айналды. Олардың біразы Қазақстанға барып, осы кәсібін жалғастырып жүр. Мұнда ауыл әкімі әлі күнге дейін өзі ішінен сайланады.

Ақсарай-Сұлтанхан аумағындағы Түркістан махалласында шамамен 60 шаңырақ, ал Кония-Исмил ауылында 70-ке жуық қазақ отбасы тұрды: Негізгі күн көрісі егіншілік, мал және тері өнімдері. Өкінішке орай, қазір Ақсарай-Сұлтанханда ешкім қалмады. ал Кония-Исмил ауылында бірнеше отбасы қалды.

Қайсери қаласының ауданы мен ауылдарында тұрған 100-ге жуық отбасының барлығы көп ұзамай оларда Ыстамбұлға қоныс тепті. Анкара-Актепе махалласында шамамен 15 отбасы жасайды.

### ҚАЗАҚКЕНТІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛГЕ ОҚУҒА АТТАНҒАН ЖАСТАР



1955 жылдан бастап Ыстамбұлда қалған қазақтар алып шаһардың Зейтинбурну, Күчүкчекмеже, Сефакөй және Кадыкөй аудандарында қоныстанған еді. Анадолының әр түкпірінен көшіп, осында келгендер жалдамалы үйлерде (кірелеп) тұра бастады. Осы тауқыметті біржолата шешуді қолға алған Дәлелхан Жаналтайдың басшылығымен 1970

жылдан бастап, Ыстамбұлдағы Бақыркөй ауданына қарасты Гүнешликөйде шамамен 100-ге жуық үйден тұратын “Қазақкент” атты елді мекен құрылды. Бұл үйлердің қарызын бітіріп алған отбасылар кейін үйлерді көп қабатты етіп көтеріп, іргесін кеңейте бастады. Оның үстіне тұрмыс-тірлігі оңалған қазақтар сол Қазақкенті аумағынан жер алып, үй салғандар да көп болды. Анадолыдан көшіп келгендер де осы жердегі туыстарының қасына қоныста-



на бастады. (Бұл жер 1992 жылдан бері Бағжылар ауданына қарайды). Дәлелхан Жаналтайдың ерекше бір қызметі, шамамен 20 студентті 1978 жылы Тайваньға оқуға жіберу болды. Олар университет бітіргендер арасында кейін қайта Ыстанбұлға оралғандар, тіпті сырт елдерде де елеулі қызметке ілініп кеткендер аз болмады...

Осы арада Түркияның түрлі университеттерінде жоғары білім алып, қызмет атқарған қазақ академиктері шыға бастады. Олардың бірнешеуін атап өтейін: Проф. Др. Абдұлуахап Қара. (Ыстанбұл Мимар Синан бейнелеу өнері университетінің оқытушысы). Доцент Др. Мерйем Іәкім (Анкара әлеуметтік ғылымдар университетінің саяси ғылымдар факультетінің халықаралық қатынастар бөлімінің оқытушысы). Др. Ибраһим Қалқан (Қырқларели университеті, экономикалық және әкімшілік ғылымдар факультеті, халықаралық қатынастар бөлімінің оқытушысы). Өмер Кая /1965-2019/ (Нигде Өмер Халисдемир университетінің музыка бөлімінің оқытушысы). Илкай Чолпан Тынмаз (Қырқларели университетінің механикалық бөлімі оқытушысы). Ал, Еуропада тұратын қазақтардың арасында академиялық кәсіппен айналысатындар да бар.

Зейтинбурну ауданына қоныстанғандар 1960 жылы Иса Юсуф Алптекин мен Осман Тапшанның басшылығымен Шығыс Түркістан босқындар қоғамын құрып, мәдени, жарнамалық іс-шаралар және қоғамдық қызмет жасауды қолға алды. Кейінгі замандарда әр ауданда өмір сүріп келген қазақтар түрлі “Уақып” (қор) құру арқылы әлеуметтік, мәдени, ағарту істерімен шұғылдануға әрекет жасады. Олардың негізгілері 1986 жылы “Түркия Қазақтары Уақыфы” және 1994 жылы Хожа Ахмет Яссауи Уақыфы сияқты қорлар мен ұйымдарды



атауға болады. Бұдан бөлек, қазақтар тұратын әрбір облыста, ауданда, ауылда Qazaq бірлестіктері құрылып, өз қызметін жалғастыруда.

### Түркия қазақтарындағы неке-отбасы туралы



Неке құру туралы айтатын болсақ, өзі ішімізде қыз алып беруден сырт, өткенде біздің “жергілікті түрік халқынан да қыз ала бастадық. Уақыт өте келе бізде жергілікті болып, көп ұзамай қыз бере бастадық. Құдашатыстықтың нәтижесінде Түркия халқымен қоғамдық байланысымыз нығая берді. Бұған қоса, Анадолы халқының әр айналасындағы өзіндік сөйлеу мәнерін (диалектілерін) біз де өзінен-өзі үйреніп олардан артығыр-ақ өзімізді білдіре бастадық.

### Ел мен жермен хабар алысу

Атажұртпен, қазақтар тұратын елдермен байланыс сол кездегі саяси ұстанымға байланысты аса күрделі еді. Бірлі-жарым жандар байырғы туған жеріне немесе Атажұртқа сапарлап барып келіп, арттағы қалған елдің хабарын алып келетін. Олардың қатарында атақты ғұлама Халифа Алтай, Атейхан Билгин, Қасен Оралтай, Мансұр Тәйжі, Хамит Ұйсал, Қызырбек Гайретұллах тб. Және өзі туыстарым ішінде Зуқа батырдың ұлдары Қизат қажы мен Сауат қажы, немерелері Ануар, Арыстан, Әбдірахман, Шыңғыс қажылар, Қызырхан, Өмірхан және көптеген ағаларым болды.

Қырғиқабақ кезеңнен кейінші жылымықта Түркия қазақтарымен етене, белсеңді байланыс жасауға мұрындық болған Моңғолиялық дипломат Сайран қажы Қадырұлы болды. 1990 жылы басталған белсеңді байланыс нәтижесін-



де сол жылы 40 қазақ жасы Ыстанбұлға діни және тіл үйренуге келді. Бұл елі мен жерін сағынған Түркия қазақтары үшін үлкен бір қуаныш ретінде тойға ұласты. Келер жылы 40 бала оқуға тағы келді. Олар Құран құрстарынан діни білім алып, көбі кейін университеттерде оқуын жалғастырды. Мұнымен қатар тағы Моңғолиядан Ыстанбұл арқылы шамамен 30 қария келіп қажыға баруы ескі қазақы рухты қайта еселегендей болды. Бұл шаралардың барлығына Түркия ресми органдары қолдау көрсетті. Осы оқушы жастармен қажылардың келуіне әу бастан істі сәтті еңсеруге Ыстанбұлдың Қазақент Алтай Мешітінің имамдық қызметін атқарып тұрған Шыңғыс қажы Зұқабатыр-немересі жетекшілік еткен еді. (Бұл кісі Түркияда теология факультетін оқыған 1993 жылдары Алматы Ислам институтының ректоры болып тағайындалған).

Осындай күрт өзгерістер тұсында Жаратқан қолдауымен Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі ондағы қазақтар үшін де Тәңірдің тосын сыйы болды, өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілгендей теңдессіз бақыт сыйлады! Қазақ баласы сүйіншілеп, ақсарбас айтып, тойлады!





Түркияның бұрынғы жергілікті азаматтары біздің арғы жағың қай елден, қай халықтан екенімізді сұрағанда, Шығыс Түркістан немесе “Орта Азия” деп жауап беретінбіз. Бірақ, Қазақстан егемендік алған кезде Республика деген тіркесті ел атауымен жайлы жауап бере бастадық. Бұл біз үшін мақтаныш болды да, ортамыз одан әрі кеңейе түсті. Бүгін, шүкір әрбір саналы жан Қазақ елін біледі, қазақ халқын таниды...

Қазақстанның тәуелсіздігінен бастап Түркиядан бірсыпыра қазақтар Қазақстанға қоныстанды, алыс-беріс, барыс-келіс, кәсіп, қызмет жасап ағылып жатты. Қаншама шаралар өтіп жатыр, ал Дүниежүзі Қазақтарының Құрылтайына бару бақыты көп жанға бұйырды. Сөйтіп Атажұртқа деген ынтымағымыз жыл сайын артып отыр.

Өткен 70 жылдағы Түркия қазақтарының әлеуметтік, мәдени мәселелеріне тереңнен үңілу, оны зерттеп-зерделеп, ғылыми бағасын беру қажеттілігі бар. Шағын шолуда белгілі жайттарды, ең елеулі қадау-қадау тұстарын ғана шолып өттім. Көп мәселе егжей-тегжейлі зерттеуді қажет етеді.

Осы арада Еуропада тұратын Қазақ азаматтардың құрған қоғамдары, әсіресе Қазақстанның тәуелсіздігінен кейін Еуропаның бүкіл елдерінде жыл сайын құрылтай деген атпен фестивальдар ұйымдастырып келеді. Бұл шаралар Түркияда да өтіп, Қазақстандағы Дүниежүзі Қазақтары Одағы осы ұйымдарға бастаушы болды. Осылайша әлемнің ең шалғай түкпірінде тұратын Қазақтар бас қосып, байланысын үзбеуге тырысты.

Түркиядағы және батыс елдеріндегі қазақтардың әлеуметтік жағдайы туралы көбірек мәліметтерді зерттеуді қажет ететін күрделі тақырыптардың бірі екені аян.



## ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ

### ХАН ТАЛАПАЙ

Бұл отырып ойналатын ойын. Оған төрт-бес үміткерден қатысады. Ойын үшін он асық таңдап алынады. Он бірінші асық – хан болып белгіленеді. Ол өзге асықтардан ерекше, өзге түске (қызыл не көк) боялған болуы шарт. Бір-бірінен асық үй-ірісудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға үйіруі керек. Қалған ойыншылар аңы-сын аңдап, өзге



асықтардан ерекшеленген «ханға» қадала-ды. Себебі, хан алшы түссе, барлығы тарпа бас салып, ор-тадағы асықтарды, хан талапай жасауға тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі үйіру кезегі соған беріледі де, хан-мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда үйірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысы мен алшысын, тәйкесі мен тәйкесін бір-біріне соғып, кенейлер бір-біріне тимей қалғанша ұпай жинай-ды. Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе неме-се бөгде асықты қозғап алса, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жиған асығының санына қарай ұпай жинайды. Межелі ұпай санын (100 не 50 немесе 80-40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді. Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

### ОРАМАЛ ТАСТАУ



Орамал тастау ойынына қатынасушылар араласа шеңбер құрып отырады. Ойын бастаушының қолындағы орамал шиыршықталған, ұруға ыңғайлы болады. Ойнаушылар ән немесе әңгіме айтып отырғанда ол оларды сырттарынан айналып, біреуді белгілеп оның артына қолындағы орамалын тастап кетеді. Егер қайта айналып келгенде әлгі адам өзінің сырт жағында қалған орамалды байқамаса, басқарушы оны орамал-

мен ұрғылайды. Ал егер отырған адам өзінің сыртына орамал түскенін байқаса, бастаушыны қууға тиіс. Ойыншыдан қашып жүрген бастаушы босап қалған орынға келіп отырады. Бұл жастарды сақтыққа, қырағы болуға тәрбиелейді

### ОҚТАУ ТАРТЫС



Бұл ойынды ойнау үшін ортаға екі бала шығады. Алдымен жерге сызық сызады және сол сызықтың екі жағына тұрады, оқтаудың екі ұшынан ұстап тартады. Қайсысы сызықтан өтсе, жеңіледі. Ал, күші басым болып тартып алғаны жеңіске жетеді.

### АТБАҚЫЛ



Ойынға екі-екіден қатынасады да, қалғандары көрушілер болады. Ойынға қатынасушылар кез келген жерді таңдап алады да, өздері тұрған жерлеріне белгі соғады. Сол белгі соққан жерден біреуі қолындағы асығын (не топайын, сиыр асығын, «топай» деп атайды) алыстата иіріп тастайды. Екінші ойыншы қолындағы асығымен немесе топайымен оны атады. Егер де ол тигізсе, бірінші ойыншы оны сақасы барып түскен жерге дейін арқалап барады. Енді екінші ойыншы сақасы түскен жерде тұрып, асығын не топайын алыстата иіріп тастайды. Бірінші ойыншы оны атады. Тигізсе, сақасы жатқан жерге дейін екінші ойыншы арқалап апарды. Егер асыққа тимей кетсе, ана ойыншы атады. Ойын осылайша жалғаса береді де, ойыншылардың өзара келісімі бойынша тоқталады.



## ТАҚИЯ ТАСТАМАҚ

— тақиямен өтетін қазақтың ұлттық ойыны.


Ойынның әртүрлі ережелері бар бірнеше нұсқасы кездеседі:

Біріншісі, бұл ойын дене шынықтыру, спорт залында, мәдениет үйінде өткізіледі. Ертеде үйде өткізілетін болған. Ойынды жүргізу үшін биіктігі 25-30 см орындық не спортшылар отыратын ұзын орындық — сәкі қажет болады. Сол орындықтың үстіне шығып, жүресінен отырған ойыншы, екі аяғының арасынан екі қолын әлгі орындыққа не сәкіге тіреп, еңкейіп барып, жерде жатқан тақияны аузымен тістеп алуы қажет. Бұл ойынды орындағанда адамның екі тізесі шалқайып сыртына қарай көтеріледі де, дене салмағы екі қолының білегіне түседі. Ойын дене шынықтыруға, оның қуатын жетілдіре түсуге қолайлы. Сонымен қатар, ол қозғалмалы ойындардың ережелерін және қауіпсіздік техникасын үйрету арқылы оқушыларды ептілікке, жылдамдыққа, батылдыққа тәрбиелеуге бағытталған. [1]

Екіншісінде, ойынға бірнеше бала қатысады. Балалар, шеңбер жасап отырады. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүгіріп жүріп, біреулерінің артына білдіртпей, тақияны тастап кетеді. Егер қатысушы сезіп қойса, жүргізушіні қуып жетуі керек. Ал, жүргізуші қуған баланың орнына келіп тұра қалуға тырысады. Жүргізушіге жете алмаған бала айыбын төлейді, өнер көрсетеді.




## СӨЗЖҰМБАҚ



1. Бозбалалар мен жігіттер қатысатын қазақ ұлттық ат спорты
2. Салт аттылардың бірін-бірі ер үстінен аударып алу сайысы
3. Ат сайыстарының ішіндегі ақсүйегі
4. Үңгіген ішіне,  
Қорғасын құйылған.  
Әдемі түсі де,  
Әрі тигіш қиырдан.
5. Қазақтың бұл ұлттық спорттың ойынына 21 асық қажет
6. Бұл ұлттық ойынның екінші аты «Көтеріспек»
7. Асықтың қуыс жағының жоғары қарап түсуі
8. Бәйгенің бұл түрінде алыс және өте алыс қашықтарға атшабыс ұйымдас-  
тырылады.



## SÖZJÜMBAQ



1. Bozbalalar men jıgıttır qatysatyn qazaq ultiyq at sporty
2. Salt attylardyñ bırıń-bırı er üstinen audaryp alu saısy
3. At saıstarynyñ ışindegı aqsüiegı
4. Üñgıgen ışıne,  
Qorğasyn qüiylğın.  
Ädemı tüsı de,  
Ärı tigış qıyrdan.
5. Qazaqtyñ bül ultiyq sporttyñ oiynyna 21 asyq qajet
6. Bül ultiyq oiynnyñ ekinşı aty «Köterispek»
7. Asyqtyñ quys jağynyñ joğary qarap tüsü
8. Bäigenüñ bül türinde alys jäne öte alys qaşyqtarğa atşabys üiymdastyrylady.





Bilim Innovations Group орталығының  
компьютер бөлімінде теріліп, беттелді.

# ТУҒАН ТІЛ

КОРРЕКТОРЫ:

Данагүл Асылжанова

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОРЫ:

С.Баубек

Теруге жіберілген күні 10.10.2022 ж.

Басуға қойылған күні 18.10.2022 ж.

Шартты баспа табағы 13

Пішімі 60x90  $\frac{1}{8}$

Таралымы 100 дана

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

«Bilim Innovations Group» ЖШС

Қазақстан Республикасы, Z05P6F8 (010017)

Астана қ., Сарайшық көш., 36

tugantil2019@mail.ru